

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:*

*Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*

**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектелулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

**Казахский язык и литература  
в русской школе**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**5/2012 МАМЫР**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

## ***АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:***

***Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша  
БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК,  
Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар  
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия  
ОРАЗБАЕВА, Күлнәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.***

	<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Назира КЕКІЛБЕКОВА.	Қазақ мақал-мәтелдерінің синтаксистік ерекшеліктері.....	3
Айнұр ЕСІМОВА.	Қазақ тілі сабағында қолданылатын әдіс-тәсілдер.....	8
	<i>В помощь учителям</i>	
Айгерим ТОҒЖАНОВА.	Формирование межличностного общения учащихся, развитие творческих навыков через языковые и речевые игры.....	1
Айжан ТОКСАМБАЕВА.	Эффективные методы обучения.....	17
	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Айымгүл ЖҰМАҚАНҚЫЗЫ.	Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығы.....	23
Толғанай ҚАБДЫҒАЛИЕВА.	Абайды білмек парыз ойлы жасқа.....	26
Бағлан ДАЙЫНБЕКҚЫЗЫ.	Ауыз әдебиеті – халық шежіресі.....	32
Екатерина ҚАУЫСҚЫЗЫ,		
Нұржамал СЕРІКҚЫЗЫ.	Жарық жұлдыз.....	34
	<i>Білім негізі – бастауышта</i>	
Айнұр ЕСЕНБЕРЛИНА.	«Қазақшаңыз қалай?».....	43
Сәбира МАЙҚАНОВА.	Сөздік қоры мол көктем.....	47
Арайлым БАТИБАЕВА.	Сөйлем және дене тәрбиесі.....	49
Сәуле ЖҰРЫНТАЕВА.	Дұрыс сөйлеу мен үлкенді сыйлау.....	53
	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Сұлушаш ҚАДЫРҚЫЗЫ.	Ауызекі сөйлеу тілінде – Қорқыт.....	57
Гүлнара МУСИНА.	Себеп-салдар және топтау үстеулері.....	59
Сапура МАДИЕВА.	Жаңа сөзді Ертөстік.....	63
Айсұлу ТЕМІРЖАНҚЫЗЫ.	Тілге шешен табиғат.....	69
Индира НҰРЖАНҚЫЗЫ.	Ауызекі тілі қуатты ауыл шаруашылығы.....	72
Лаура ҚАҺАРМАНҚЫЗЫ.	Дұрыс сөйлеуге дағдыландырған билер.....	75
Гүлжиян БАЙЗОЛЛАҚЫЗЫ.	Сауатты сөйлеткен – біздің Отанымыз.....	80
Нүргүл ШАЙМҰРАТОВА.	Тілі құнарлы Құрманғазы.....	83
Салтанат КӘКІМҚЫЗЫ.	«Денсаулық» елінде – етістік түрлері.....	88
Самал БАҚЫТҚЫЗЫ.	Мемлекеттік өнеркәсіптегі жақсыз сөйлем.....	92
Бейбіт ӘБЕНҚЫЗЫ.	Салалас құрмалас сөйлем.....	96
Дәмежан ЖАНБЕКОВА,		
Өмірсерік ҚОШАНОВ.	Тіл ұстартқан Тәуелсіздік.....	98
Жаңыл ХАКІМЖАНОВА.	Тілі бай отырарлық ғалым.....	104
Раушан ЖАҚСЫҒҰЛОВА.	Балаға ат қойғыш анықтауыш.....	107
Сәрсен БЕЙСЕНОВ.	Бәйгеге қатысқан антонимдер.....	112
Шырын ЖИРЕНОВА.	Зат есімді пысықтау.....	114
	<i>Ғылыми ойлар отауы</i>	
Рысқаным СӘЛІМҚЫЗЫ.	Тілді лингвомәдени аспектіде оқытудың әдістемелік негіздері.....	116
	<i>Білім сынағында</i>	
Зәуреш ӘБЕНҚЫЗЫ.	9-сыныпқа арналған емтихан билеттері.....	124
Ануза ЖҮСІПОВА.	Жай сөйлемнің жаттығу жұмыстары.....	128
Айнагүл БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ.	Тест сауалдары.....	135
	<i>Балабақша бағында</i>	
Айм САРСЕНБАЕВА.	«Әке мен бала» әңгімесі.....	138
	<i>Сәтті сағат ойыны</i>	
Венера МАМЕТЬЯРОВА.	XXI ғасыр көшбасшысы.....	140
	<i>Поэзия әлемінде</i>	
Зәуре АМАНЖОЛҚЫЗЫ.	Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің аудармалары.....	142

Назира КЕКІЛБЕКОВА,  
Шымкент қаласының  
Хамза атындағы  
№42 мектебінің мұғалімі.

# ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ СИНТАКСИСТІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ойға ұста, сөзге ділмар шешендер халық даналығын пайдаланып қана қоймай, белгілі бір уақиға үстінде айтылған аталы, ақылды сөздерімен оны байытып, дамытып та отырған. Біздің ділмарлық шағын жанрды, яғни, мақал-мәтелді зерттеу айдыны етіп алуымыз да сондықтан. Қазақстанда Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдарынан қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері, нұсқалары жүйелі түрде жиналып, зерттеліп, жариялана бастағаны белгілі. Қазақ фольклористері С.Сейфуллин, С.Мұқанов, М.Әуезов, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, тағы басқа ғалымдар халық шығармасының басты жанрлары: тұрмыс-салт ертегілері, мақал-мәтелдер, әңгімелер нұсқаларын жинап зерттеуге, жариялауға көңіл бөлді.

Соның нәтижесінде фольклорлық шығармалар зерттеу объектілеріне айналды. Көптеген монографиялық еңбектер жазылып, жариялануымен жаңа сатыға көтерілді, жанр табиғатын тереңдей түсетін зерттеулер жазуға ауысты.

Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым — Шоқан Уәлиханов. Ш.Уәлиханов пен И.Н.Березин мұраларында ХІХ ғасырдың 50-жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден аса мақал-мәтел сақталған. Сол уақыттан бері қазақ мақал-мәтелдері әр түрлі жинақтарда, нұсқаларда жарияланып келеді. Оны жинап жариялаушылар: Ш.Ибрагимов, М.Терентьев, Ы.Алтынсарин, Я.Лютш, Ф.Плотников, Н.И.Гродеков, Ә.Ә.Диваев, Н.Ф.Катанов, т.б.

Қазақ мақал-мәтелдерін соңғы жылдары арнайы зерттеген ғалымдардың бірі – Рахметолла Сәрсенбаев. Оның «Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің лексика-стистикалық ерекшеліктері» /1964/ дейтін кандидаттық диссертациясында мақал-мәтелдердің құрылымы, лексикасы, стилистикасы қаралып талданған.

### Мақсаттары мен міндеттері:

1. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді қазіргі қазақ тілінің фактілерімен салыстыру:

- мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің байланысу тәсілдерін, орналасу тәртібін анықтау;

- мақал-мәтелдердегі негізгі ойды тиянақтауда баяндауыштардың орынын, олардың жасалу тәсілдерін анықтау;

- мақал-мәтелдердің сөйлем түрлеріне қатысты: хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлем түріндегі, мақал-мәтелдердің құрмалас сөйлем қызметін атқаруындағы, олардың құрамындағы тармақтардың бір-бірімен салаласа, сабақтаса байланысу тәсілдеріндегі ортақ және ерекшелік жақтарын анықтау.

2. Мақал-мәтелдердің стильдік қызметін, ерекше жақтарын айқындау.

Мақал-мәтелдер, әдетте, сөзге сараң, құрамы ықшам болатындықтан, жай сөйлеуде толық айтылуға тиіс мүшелер түсіп қала береді. Осыған байланысты бұлар, көбіне, толымсыз сөйлем күйінде ұшырап отырады. Мысалы:

1) *Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме.*

2) *Сыйға – сый, сыраға – бал.*

3) *Көптің қолы – ұзын.*

4) *Елдің күші – селдің күші.*

5) *Азған денеге ауру үйір.*

6) *Тілде бар да, істе жоқ.*

7) *Басы – аман, малы – түгел.*

8) *Балық жаны – суда.*

9) *Асыл – тастан, ақыл – жастан* деген сияқтылардың не бастауышы, не баяндауышы түсіп қалып айтылып отырады. Алайда, мақал мен мәтел синтаксисі басқа сипатты поэтикалық шығармалардағы құрмалас сөйлем түрлерінен айырықша болып отырады. Бұлардың құрамында құрмалас сөйлем түрлерінің бәрі бірдей кездесе бермейді. Олардың ішінен жиі кездесетіндері — жалғаулықсыз салалас құрмалас пен сабақтас құрмаластың кейбір түрлері (шарты, салыстырмалы бағыныңқылы).

Мақалда салалас құрмаластар екі жай сөйлемнің қатар айтылуынан пайда болады да, мағына жағынан параллелизм ұстанымында құрылады. Қазіргі қазақ тілінде жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем, негізінен, мақал мен мәтелдің құрылысына тән сипат деп ойлаймыз.

Ал, бұлардың құрамында жалғаулықты салалас құрмаластың кездеспеуі, жиі қолданыс таппауы олардың ықшамдылығына, жинақты айтылуына және ырғақ, ұйқас, үйлесім тәрізді көркемдік құрылымына байланысты.

Бірақ, мақал мен мәтелде поэзияға тән көркемдік құрылымның бәрі бірдей бола бермейді, бар болғанның өзінде де кейбір өзгешеліктерімен шектеліп отырады. Мәселен, мақал мен мәтелдердің ырғағы құрамындағы сөздердің буын санына қарай емес, олардың морфологиялық тұлғаларының ұқсас болып жарыса қолданылуы арқылы да жасалады:

*Келін болдым, енеге жарымадым,*

*Ене болдым, келінге жарымадым* – дегендегі *болдым, жарымадым* сөздерінің қайталанып жұмсалуды ырғақ пен ұйқас жасауға дәнекер болып тұр. Мақал-мәтелді салалас құрмалас сөйлемдерді құраушы жай сөйлемдердің семантикалық табиғаты да ерекше болады. Әрбір жай сөйлемдегі баяндалатын оқиғалар өзара мағына жағынан ұқсастық немесе қарсылықты, кейде, тіпті, алғашқы сөйлемдегі ойды соңғы сөйлем жалғастырушы ретінде де құрала береді. Мысалы:

- 1) *Ұста пышаққа жарымас,  
Етікші етікке жарымас.*
- 2) *Малды тапқанға бақтыр,  
Отынды алғанға жақтыр.*
- 3) *Тура ағаш – үйге тіреу,  
Тура жігіт – елге тіреу.*
- 4) *Біздің тілі – батыр,  
Ердің қолы – батыр.*
- 5) *Блдисыз өр болмайды,  
Қапысын таппас ер болмайды,–*

деген мақалдарда бірінші және екінші компоненттердің ұқсастығы жайында айтылса,

- 1) *Жақсылық – ағаш басында,  
Жамандық – аяқ астында.*
- 2) *Еңбек шақарды түзетеді,  
Еңбексіздік оны жүдетеді,–*

дегенде екі құбылыстың, оқиғаның бір-біріне қарама-қарсы тұрғандығын көрсетеді. Мағыналық жағынан ұқсас не қарсылас келіп құралатын салалас құрмалас сөйлем тек мақал мен мәтелдің өн бойына тән құбылыс екені мәлім.

Ал, мақал-мәтелді салалас құрмалас сөйлемнің алғашқы компонентінде айтылған ой соңғысында толықталып, айқындала түсіп отырады.

- «Әңгіме бұзау емізер,  
Бұзау таяқ жегізер.  
Күлме досыңа, келер басыңа.  
Ит үрер, керуен көшер.*

*Құлақ не естісе, ауыз соны айтады»* деген мақалды сөйлемдердің алғашқы компонентіндегі мағынаның соңғыда жалғастырыла толықтырылуы басқа мақалды салалас құрмалас сөйлемдерде ұшырамайды. Н.К.Дмитриев мұндай мақалды салалас құрмалас сөйлемдерді семантикалық табиғаты жағынан қарастыра келіп, оларды сабақтас құрмалас сөйлем қатарына

жатқызады. Ол бұл туралы былай дейді: „сохраняя форму независимых (сочиненных) предложений они по содержанию равняются подчиненным”. Жоғарыда келтірілген мысалдар, шын мәнінде, салалас құрмалас сөйлем (оның ішінде жалғаулықсыз) болып саналады.

Мақалда құрмалас сөйлемнің екінші бір түрі — сабақтас құрмалас сөйлемдер де кездеседі. Оның ішінде шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем түрінде ғана жұмсалатыны байқалады.

- 1) *Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады.*
- 2) *Кәрі түйе ойнақтаса, жұт болар.*
- 3) *Сөздің басы – қатты болса, аяғы – тәтті болар.*
- 4) *Саудагер құнықса, сақалын күзеп сатар.*
- 5) *Қойың болмаса, байлықта ойың болмасын.*

Мақал-мәтелдер пішіні жағынан хабарлы, лепті, сұраулы сөйлемдерді еске түсіреді, бірақ бұл сыртқы ұқсастықтары ғана. Ішкі мағынасына, сөздерінің мәніне қарап жай сөйлемдер мен мақал-мәтелдерді ажырату қиын емес. Мақал-мәтел жай сөйлемдерден терең оймен, көркем тілімен, қалыптасқан құрылысымен, әлденеше қайталанып, кұлаққа сіңген танымдылығымен дараланады.

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдерді қазіргі қазақ тілінің фактілерімен салыстыру, ондағы сөздердің байланысу тәсілдері, орналасу тәртібі, негізгі ойды тиянақтауда баяндауыштардың орыны арнайы мысалдармен келтірілген. Мақал-мәтелдердің құрмалас сөйлем қызметін атқаруындағы, олардың құрамындағы тармақтардың бір-бірімен салаласа, сабақтаса байланысу тәсілдеріндегі ортақ жақтары да мысалдармен дәлелденген.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мақал-мәтелдер. А., 2007.
2. С.М.Исаев. Қазіргі қазақ тілі. А., 2003.
3. Ә.Қайдар. Халық даналығы. А., «Толғанай», 2004.
4. Р.Әміров. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксисі. А., 1983.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Кез келген қоғамның дамуы оның ғылым саласы мен оқу жүйесіне тікелей ықпал ететіні белгілі. Қазіргі кезде қоғамдық-әлеуметтік өмірде болып жатқан құндылықтарды қайта қарау мен күрделі тоғысу үдерістері мектептегі оқу жүйесіне де әсерін тигізуде. Оқушыларға білім беру жолында пәнаралық байланыс іске асырылып қана қоймай, материалды меңгеру барысында интеграцияланған оқу үлгісі де жолға қойылған. Бұл – оқушының қажетті материалды жеке-жеке салаларға жіктемей, тұтас игеріп, толық қабылдауына мүмкіндік жасайды. Материалды интеграциялық меңгере оқыту дегеніміз – оқу жүйесіне жаңа педагогикалық технологияның енуіне себепкер болу. Жаңа технология сабақты қызықты әрі сапалы жүргізудің жинақталған тәсілі болуымен қатар әр пәннің жете меңгерілуіне септігін тигізеді. Қазіргі мектептердің қайсысы болмасын ата-ана мен оқушы сұранысын қанағаттандыру үшін ұтымды технологияны іске асыруға тырысады.

Жаңа дәуірдің жан-жақты дамыған адамын тәрбиелеу оңай емес, ол үшін мұғалімге үлкен ізденудің, оқытуды ізгілендіру аспектілерін пайдаланып жүзеге асырудың мәні зор. Жаңашыл педагогтардың идеясымен жұмыс істей білу – әр ұстазға қойылатын талаптардың бірі.

Егеменді еліміздің болашағы – бүгінгі мектеп партасындағы оқушылар. Оларды заман талабына сай жан-жақты, білімді, өз бетімен білуге талпынатын, өзінің ой-тұжырымы бар етіп тәрбиелеу үшін сабақ түрлері құрылысын жетілдіру, оқытудың



жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалану – бүгінгі күннің талабы.

Қазіргі заман мұғалімі қоғамдық дамудың деңгейінен көрінетін, оның әлеуметтік парызына жауап беруді көздейтін, жаңалыққа сергек, педагогикалық күрделі құбылыстарды идеялық, адамгершілік тұрғыдан шеше алатын, жаңашыл ойлау дағдысын меңгерген маман болуы керек. Оқушылардың дүниетанымдық ойлау қабілетін активтендірудегі қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдердің маңызы зор.

Жаңашылдықпен жұмыс істеп, оқытуды ізгілендіру мақсатында мұғалім жан-жақты дамыған заман талабына сай адам тәрбиелей алады, оқушының дүниетанымдық қасиетін дамытады, оқыту, білім берудегі білім сапасын көтеруге қол жеткізеді.

Жаңа, пайдалы ізденістердің бірі – қазақ тілі пәнінде жүзеге асырылатын сатылай кешенді талдау. Сатылай кешенді талдау қазақ тілінің барлық салаларын (фонетика, лексика, морфология, сөзжасам, синтаксис) жүйелі, сапалы меңгертумен қатар, басқа пәндермен тығыз байланысты оқытуды да көздейді. Бұл әдіс өткен, қазіргі, кейінгі материалдарды өзара бірлікте игеруге мүмкіндік береді. Сатылай кешенді талдау арқылы оқушының қабылдауы, есте сақтау қабілеті өседі, ойлау, сөйлеу дағдысы қалыптасады, өз бетінше ізденіспен еңбек етуге талпынады. Нақты айтар болсақ, сатылай кешенді талдау оқушының шығармашылық қабілетін арттырады, уақытты үнемді пайдаланып, өз ойын тірек-схемалар арқылы тұжырымдап айтуға дағдыландырады, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Әдістің кім-кімге де берері мол, атап айтқанда, оқушы грамматикалық сауаттылыққа қалыптасады, талдауда белгілі бір жүйеге сүйенумен қатар сөздік қорын дамытып, қазақ тілінде тез сөйлеуге машықтанады. Дыбыстарға математикалық тәсілмен мінездеме беруге және теңдеу арқылы дыбыстың қасиетін айқындауға, бөлшек тәсілін тиімді пайдалануға, сөйлеуде де, жазуда да жинақы, дәл жауап беруге дағдыланады.

Сонымен қатар қазақ тілі сабағындағы тақырып барысында жаңа сөздердің мағынасын оқушыға дұрыс, көңілге қонымды

жеткізудің өзі – үлкен бір тәсіл деуге болады. Яғни, бұл жерде көрнекіліктің қажеттігін айтуға болады, мысалы, сызба, жұмбақ, ойын түрі болсын, жеткізілген элементтің сапасы қашан да жемісті болмақ. Сонымен бірге сөйлем арқылы түсіндірудің өзі оқушының ойына ізденіс салады, салыстырмалы ойларды туындатады. Диалог – сұхбат арқылы оқушы бір-бірімен байланыста болады.

Егер техникалық оқу-құралдарын пайдаланар болсақ, оқушының сабаққа деген қызығушылығы артады, көру арқылы есте сақтау қабілеті де зерек болады. Шынымен де, құрғақ сөзбен өткізілген сабаққа қарағанда, диафильм көрсетіліп, күйтабақ тыңдалып, фотохрестоматиялар қараған, сөзжұмбақ, жаңылтпаш арқылы өткізілген сабақ нәтижесі жоғары екені сөзсіз, себебі, ол – ұстаз үшін жетістік, оқушы үшін есте қалар көрініс, ертеңгі сабаққа деген қызығушылықтың оянуы. Жаңа заман талабына сай, теория жағынан да, тәжірибе жағынан да озық қаруланған мұғалім сабақтың сапасын арттыра алады, оқытуға жағымды себеп тудырады.

Қазіргі таңда интерактивті тақта – мұғалім үшін де, оқушы үшін де қолданыстағы үлкен жетістік деп айтуға әбден болады. Себебі, уақыт үнемделеді, жан-жақты байланыс бар, тақырыпқа қатысты толық ақпарат алуға мүмкіндік бар, дәлелмен жеткізілген мәліметтің оқушы санасына ұялары анық.

Еліміздің болашағы - бүгінгі мектеп оқушысы болса, сол оқушыға қазіргі заман талабына сай білім беріп, санасын сапалы қылу – ұстаздың міндеті. Бүгінгі талапқа сай оқытудың, қырсырын, жаңа әдіс-тәсілін пайдалана білу – мұғалімнің қанжығасында. Өзіндік ұстанымымен, білімімен мұғалім оқушының сын тұрғысынан ойлауды көздейтін ойшыл азамат, заман талабына сай білім алған тәрбиелі адам дайындай алады.

Ш.Монтескьенің сөзімен айтар болсақ: «Адамдар да өсімдік тәрізді жақсы күтілмесе жайнап өспейді». Яғни, бүгін не ексең, ертең соны оратынымызды ұмытпайық. Сара жолды саралай алатын ұрпағымызға бүгіннен сапалы білім мен тәрбие бере алмасақ, ертеңгі күніміз жеңісін таппасы анық.



**Айгерим ТОГЖАНОВА,**  
учитель казахского языка и литературы  
средней школы №24  
г.Темиртау  
Карагандинской области.

## **ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖЛИЧНОСТНОГО ОБЩЕНИЯ УЧАЩИХСЯ, РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ НАВЫКОВ ЧЕРЕЗ ЯЗЫКОВЫЕ И РЕЧЕВЫЕ ИГРЫ**

«Развить заложенные в человеке способности, не дать им погнубнуть – это значит укрепить духовные силы человека, помочь ему в исканиях самого себя, собственной сути. Обнаружить и развить его глубинные стремления. Способность – это важнейшая цель образования», - сказано в Концепции развития среднего образования в Республике Казахстан.

Поэтому главная цель уроков казахского языка - развитие индивидуальных способностей детей, их творческого мышления, ассоциативной фантазии, воспитания духовного мира. Каждый ребенок на уроке казахского языка может выбрать для себя ту форму речевой деятельности, которая подталкивает его к проявлению творческой индивидуальности: разговор в виде диалога, анализ – рассказ, впечатления в рисунках или пересказ.

В младших классах дети очень стараются делиться своими мыслями и пониманием темы в виде пересказа. А в старших классах больше присутствует рассказ – анализ и диалог. Для проведения физминутки в младших классах мною продумано несколько игр,

которые не только позволяют отдохнуть, но и сближают детей, организуя их и развивая творческие способности.

В средних классах при чтении и переводе тем пробуждается ассоциативная фантазия. Они в след за учителем же начинают сочинять рассказ. А в старших классах дети уже самостоятельно анализируют услышанное, разбирают по пунктам и часто стараются использовать диалог. Нередко ребята работают самостоятельно парами и группами. Находят решение поставленной перед ними задачи, обсуждают ее в группах и анализируя предлагаемый вариант выносят единое обоснованное мнение.

Как показала практика, одним из основных средств преподавания казахского языка являются языковые игры, которые способствуют активации учащихся на занятиях развивают их речевую инициативу. Игровая форма работы дает возможность повторить и закрепить усвоенные лексические единицы и типовые фразы, разнообразность форм урока и поддерживать внимание учащихся на уроке.

Чтобы заинтересовать учащихся провожу игры.

Одну и ту же игру можно проводить несколько раз (путем подставки новых лексических единиц).

1. Новую игру начинаю в роли ведущего, а затем эту роль передаю хорошо подготовленному ученику.

2. На первом этапе приучаю учащихся комментировать свои действия.

3. Придаю игре характер соревнования для того, чтобы от игры получить наибольший эффект.

4. Снабжаю играющих различными красочными аксессуарами, предметами, пособиями для возбуждения интереса учащихся к игре.

5. Использую следующие лексические единицы и выражения, которые помогут мне провести игру на казахском языке.

**Языковые игры можно разделить на:**

1. Фонетические игры;

2. Лексические игры;
3. Игры с фразами;
4. Грамматические игры;
5. Игры для обучения чтения;
6. Игры для обучения аудирования;
7. Игры для обучения говорению;
8. Смешанные игры;
9. Коммуникативные игры.

Теперь подробнее расскажу об особенностях некоторых из этих видов игр:

### **I. Лексические игры.**

Хорошо используются как в младшем так и в среднем звене. Они помогают активизировать словарный запас учеников, обогатить его синонимами, синонимами, антонимами и т.д.

Например: игра «Снежный ком».

В этой игре кто больше составит из картинок слов, тот выигрывает или игра:

«Измени слово». Здесь в данном слове, например (вставка) девочка необходимо изменить букву, (вставка) – зима и получится другое слово. Возможен вариант убавления и прибавления одной буквы: (вставка)

### **II. Игры с фразами.**

В качестве игры можно также использовать различные творческие диктанты.

Например: ученику диктуют фразу или предложения, а ученик рисует то, что слышит. Затем делает подписи под рисунком или я диктую нераспространенные предложения словосочетания, а участник записывает полные распространённые предложения. Победителем считается тот, у кого самые красивые и правильные предложения.

### **III. Грамматические игры.**

Грамматические игры – это игры для тренировки различных грамматических явлений. Например, для заполнения окончаний

времени глагола. В качестве раздаточного материала используются карточки со словами-глаголами. Ученики получают задание выписать только глаголы указанного времени и по парам.

#### **IV. Игры обучающие чтению.**

Эти игры можно использовать в 7-х классах и старших классах для материала лексики. Например: ученик из пройденного материала должен написать реферат или сочинение.

#### **V. Игры обучающие говорению.**

В этой игре прослушивают текст, определяют тему, отбирают информацию, составляют конспект, выписывают ключевые слова, чертят схемы.

Собери из картинок текст.

Участникам этой игры раздаются картинки. Игроки составляют предложения по каждой картинке, а потом объединяют в один текст, не нарушая последовательности.

#### **VI. Смешанные игры.**

Смешанные игры помогают решить проблему владения всеми видами речи.

#### **VII. Коммуникативные игры.**

И наконец, мы подошли к коммуникабельным играм на уроке казахского языка в школе с русским языком обучения. Начнем с общеизвестного: принципа личностного общения и ролевой организации учебного материала и процесса. Они являются важнейшими методическими принципами интенсивного обучения. Главной формой учебной деятельности при коммуникативных играх является не слушание, говорение или чтение, а живое межличностное общение учителя с учащимися и учащих между собой. Многие учителя проводят на уроке ролевые игры. При этом ролевое общение определяется как опосредованное социальными ролями, то есть в этом случае, люди общаются между собой не как личности, а как носители определенных социальных полей. Таким, например, является общение покупателя с продавцом, врача с пациентом, гостя с хозяином дома, двух пассажиров. Здесь

в достаточной степени регламентировано и содержание общения и его средства. Содержание здесь задается социальными ролями участников.

Это очень хороший вид работы, но еще не коммуникативная игра. Это лишь ступенька к ней.

Личностное коммуникативное общение – это общение, в котором участники открыты друг перед другом со стороны их намерений, мотивов, мнений, пристрастий, индивидуальных особенностей общения, в котором участники в максимальной степени апеллируют к личностным характеристикам друг друга.

Учителю необходимо знать важное правило: отбор предметных условий для задания должен производиться учителем с учетом психологического соответствия реальному уровню развития учебно-познавательной деятельности в классе.

Если же предполагаемые в задании предметные условия будут слишком опережать программный материал, значит игра заранее будет обречена на провал. Надо помнить, что коммуникативной игре предшествует коммуникативное задание.

Для активизации мотивационного задания, для осмысления его как задачи субъективно значимой в результате чего должна повыситься личностно-ролевая активность учащихся в обучении общению, необходимо построить коммуникативное задание таким образом, чтобы в нем были предоставлены ориентировочный и стимулирующие компоненты. Только при этих условиях можно утверждать, что коммуникативные задания будут учениками восприняты, как задача, значимая на личностно-ролевом уровне общения. Из этого следует, что при формировке задания учителем должны быть намечены цели действий учеников, а также описаны предметные условия, ситуации, в рамках которого будут проходить поиски возможных вариантов достижения поставленных целей.

Например: Игра «Выбор школы».

Вы переехали в новый микрорайон, где есть три школы. В какую школу отдать своих детей? Вы общаетесь с детьми из вашего

подъезда, чтобы выбрать школу получше. Детям понравились ваши ребяташки, каждый желает учиться с ними. Дети должны убедить вас отдать детей в их школу. Чтобы никого не обидеть, вы должны аргументировать свой выбор.

Коммуникативные намерения собеседников здесь разные: не только спросить-ответить, но и убедить-разубедить, предложить – дать согласие или отказ. В приведенных примерах обрисована ситуация с разнообразным и широким спектром взаимосвязанных предметных условий, благодаря чему у учителя имеется возможность логически аргументировать цель задания и ориентировать обучаемых на определенные средства и достижения. Готовя ученика тем самым к социуму, к жизни вне школы.

Я использую не только игровую технологию, но и технологию Кулпаш Сариевой и технологию Алимхана Жунусбека. В течение нескольких лет я работаю над этой темой, отслеживаю качество знаний за 4 года.

Для повышения качества знаний мною применялись инновационные технологии. За этот год дала открытый урок в 7-ом классе, где применяла интерактивный метод обучения. Также можно отметить внеклассную работу – участие в городском конкурсе «Жаркын болашак». За истекший учебный год мною была проведена полностью программа и выполнена практическая часть.

#### Качество знаний.

№	Учебный год	Качество знаний	Успеваемость
1	2008-2009	51%	100%
2	2009-2010	53%	99%
3	2010-2011	55%	100%
4	2011-2012	56%	100%

#### *Мероприятия по ликвидации пробелов знаний учащихся.*

Поставленные задачи частично были реализованы. Необходимо повторить разделы: «Специфические звуки и падежные окончания». На каждом уроке проводится работа над ошибками,



систематически проверяются орфограммы, фонетические упражнения, даются индивидуальные задания учащимися, которые допускают ошибки на данные орфограммы. В процессе обучения используются инновационные технологии, используется индивидуально-дифференцированный подход. Диагностика проведена. Ошибки исправлены.



**Айжан ТОКСАМБАЕВА,**  
учитель казахского языка  
средней школы №32  
г. Караганды.

## **ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ**

Учитель при подготовке учащихся ищет различные методы и приемы обучения позволяющие учить результативно. Перед педагогом стоят задачи формировать прочные навыки учебной деятельности, достижение высокого качества освоения ЗУН учащимися, развитие познавательных способностей, познавательной активности, выработать систему индивидуального развития способностей учащихся. Воспитывать учащихся в духе высокой требовательности к себе, воспитывать в учащихся персональную ответственность. Перед учащимися ставить четкие цели и добиваться их качественной реализации, компетентного, ресурсного и системно-деятельного как основной способ совершенствования качественного образования-роста результативности, эффективности обучения, успешности участников образовательного процесса.

Учителю необходимо освоить новые подходы к образованию. Учить так чтобы учеба превратилась в увлекательный процесс, позволяющий ученику легко усваивать учебный материал. Для этого нам, учителям необходимо постоянно быть в поиске. Изучать труды великих ученых, педагогов. Суметь их труды применить с пользой на современных уроках. Ведь в трудах великих ученых, педагогов кладезь знаний так необходимых для учителя. Великий мыслитель, философ, астроном, математик – Абу Насыр Мухаммед ибн Тархан ибн Узлак аль Фараби ат-тюрки считал, что человеку необходимо овладеть теоретическими науками, но не забывать, что обучение должно происходить от наиболее простого к наиболее сложному. «Что же касается того как следует обучать или обучаться, как выражать свои мысли, излагать, спрашивать и отвечать, то в этом смысле я утверждаю,- писал аль Фараби.

Что самой первой из всех наук является наука о языках, которая дает имена вещам, то есть субстанции и акциденции.

Вторая наука – грамматика, она учит как упорядочивать имена, данные вещам, как составлять речи и изречения, обозначающие расположения субстанций, акциденций ее и вытекающие из этого следствия» (аль Фараби. «Классификация наук»).

Наука о языках у каждого из народов имеет 7 подразделов:

- 1) наука о простых словах;
- 2) наука о словосочетаниях;
- 3) наука о законах простых слов;
- 4) наука о законах словосочетаний;
- 5) наука о законах письма (правописаний);
- 6) наука о законах орфоэпии;
- 7) наука о законах стихосложения.

Учитель казахского языка при своей работе обязан строго соблюдать эту последовательность. Перед учителями казахского языка стоит важная задача – научить детей говорить на казахском языке. Всем известно по исследованиям социологов человек имеет возможность говорить на другом языке лишь в том случае, если в

его словарном запасе насчитывается не менее 1000 слов. Значит, первостепенная задача учителя – помочь учащимся запомнить как можно больше слов. Мы обязаны развивать память, чтобы ученик легко и непринужденно умел запоминать слова – это первый этап в обучении языку и необходимо, чтобы этот этап для учащихся проходил интересно и увлекательно.


Учителю необходимо понять, какой метод объяснения учебного материала наиболее доступный и приемлемый, тогда мышление учащихся будет максимально продуктивным и доставит учащимся высшее удовлетворение.

Научная статистика гласит, что орган зрения обладает наиболее информационной пропускной способностью.

Ученики прежде чем научиться пользоваться правилами, должны их запомнить.


Экономное, символическое обозначение понятий и отношений между ними – важнейшее условие продуктивного мышления. Четкое и сжатое символическое обозначение один из критериев успешного усвоения материала.

Например, возьмем тему «Етістіктің келер шақ формасы. Ауыспалы келер шақ». Записываем в схематичной форме правило.




Теперь берем одну из карточек на которой написан один из глаголов. Например, «кел» и прикладываем ее, где написано «бұйрық рай». Далее разъясняем правило. При таком показе ученики легко усваивают тему.


При закреплении правила нужно приучить учащихся схематично записывать примеры.



На первый взгляд ничего особенного, на самом деле схематическая запись приучает детей экономить время, во-первых, во-вторых, приучает детей к аккуратности, ведь работа в тетради — это один из основных этапов в работе учителя.

Если в первом примере ученик работает автоматически, по шаблону, то следующее упражнение заставляет учащихся думать, размышлять. В данной схеме нужно подобрать глагол, который бы соответствовал данному суффиксу и данным окончаниям. Это упражнение относится к обратным упражнениям. Всем известно, что именно этот вид упражнений хорошо развивает логическое мышление учащихся. У меня на уроках учащиеся с большим интересом выполняют такого рода упражнения. Учебные схемы и обратные упражнения эффективно использовать при изучении сложных тем «Етістіктің шақтары» и многие другие. Учебные схемы и обратные упражнения позволяют легко усвоить трудный материал и хорошо закрепить. Учебные схемы и обратные упражнения повышают интерес учащихся к учебе, позволяют превратить монотонную работу в увлекательный процесс.






### Ілік септік

Кімнің?  
дәрігер+дің

**Кімнің?**







Ненің?

оқулық+тың


**Ненің?**




### Тәуелдік жалғау



### Етістіктің келер шақ формасы





Эти упражнения относятся к разряду нестандартных. Если подойти с научной точки зрения, учащийся выполняя такого рода упражнения прodelывает огромную умственную работу, мобилизует свои умственные способности, начинает размышлять, ошибаться, т.е. начинается максимально-продуктивное мышление, которое доставит ученику высшее удовлетворение. Мышление основано на зрительном, потому речь должна быть непременно со зрительными образами. Визуализация мышления-стержневой элемент системы обучения. Наглядная форма объяснения способствует развитию умственных способностей.

Нужно учить учиться!

Центр тяжести должен быть перенесен с заучивания и запоминания на развитие пытливости и самостоятельности. Но при этом нужно учитывать выраженные особенности и не забывать, что заучивание и запоминание тоже имеет огромное значение.

Если учитель обладает творческим потенциалом, то одаренные ученики добиваются высоких результатов.

Как писал Б.Житков:

*Ученик должен учиться победно!*

*С весельем и отвагой.*


*Невозможно, чтоб учиться было трудно.*

*Надо чтобы учиться было радостно,*

*Трепетно и победно!!!*

*Все в руках его Величества-Учителя!*





**Айымгүл ЖҰМАҚАНҚЫЗЫ,**  
**«Бөрлі» жалпы орта білім**  
**беретін мектебінің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Бөрлі ауданы.

## **БЕЙІМБЕТ МАЙЛИННИҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

**Мақсаты: білімділік** – Бейімбет Майлиннің өмірімен және шығармашылығымен таныстыра отырып, көрнекті жазушының шығармалары арқылы қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесін көрсету; **дамытушылық** – өткен сабақтарда алған білімдеріне сүйене отырып, жаңа білім беру арқылы Бейімбет шығармашылығы туралы білімдерін тереңдету; **тәрбиелік** – оқушылардың бойында прозаға, жазушылық өнерге құрметін, сүйіспеншілігін ояту, өнерге баулу. Бейімбет шығармаларының идеялық қуатын, сұлулығын, реализмін ұғындыру. Прозаны бағалай білуге тәрбиелеу.

### **Сабақты өту барысы:**

**1. Ұйымдастыру бөлімі:** а) амандасу; ә) түгелдеу.

Кезекшімен сұхбат.

**2. Өткен сабақты қайталау, бекіту.**

**3. Жаңа сабақ.**

- Балалар, біз бүгін қазақ әдебиетінің классигі, қылқаламынан прозалық, драмалық шығармалар туған Бейімбет Майлиннің өмірімен және шығармашылығымен танысамыз.

### **Сабақтың мақсатын қою.**

- Балалар, Бейімбет Майлин туралы не білесіңдер, бұрын естігендерің бар ма? Қағаз бетіне ол туралы не білетімізді

түсірейікші.

Мен үш топқа кестелі қағаз үлестіремін де, топ мүшелері бір-бірімен ақылдасып, өз ойларын ортаға салып толтырады.

Кім?	Не істеді?	Тарихта аты несімен қалды?

**Жаңа сөздермен жұмыс:**

*Жетім – сирота;*

*Кедей – бедный;*

*Кедейшілік – беднота;*

*Зерек – прилежный;*

*Құрбаны – жертва;*

*Қоғамдық жұмыстар – общественные работы;*

*Тартыс – борьба;*

*Еңбегі зор – труд огромный.*

- Бейімбет Жармағамбетұлы Майлин 1894 жылы Қостанай облысының Таран ауданында кедей малшының отбасында дүниеге келген. Әкесінен екі жасында жетім қалған. Жастайынан байдың малын бақты.

Бейімбет жастайынан зерек болып өсті. Екі жыл ауыл молдасында оқыды. Троицк қаласындағы Уәзифа медресесінде, Қостанайдағы орысша-қазақша мектепте, Уфадағы Ғалия медресесінде білім алған. Бейімбет ауылда мұғалімдік қызмет атқарады. Б.Майлин репрессия құрбаны болды.

- Алғашқы өлеңдер мен әңгімелер жинағы «Садақ» журналында басылды. Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады. Б.Майлин пьесалар, әңгімелер, поэмалар жазды. Шығармаларының тақырыбы – кедей өмірі. Өлеңдерінің тақырыбы – халықтың мұңы, арманы. Өлеңдері: «Мырқымбай», «Қазақ туралы», «Бүгін». Повесі – «Шұғаның белгісі». Тақырыбы – әйел өмірі. Поэмалары: «Байдың қызы», «Маржан», «Кемпірдің ертегісі», «Сағындық».



- Бейімбет Майлин – жазушы, драматург. Әңгімелері: «Ала-тон», «Айранбай», «Ақталған еңбек». Тақырыбы – кешегі малшы, жалшы өмірі, еңбек адамы.

Повестері: Азамат Азаматыч», «Раушан – коммунист», «Берен». Шығармаларда кедей мен бай арасындағы тартыс суреттеледі. Пьесалары: «Майдан», «Амангелді», «Біздің жігіттер». Шығармаларда тарихи оқиғалар суреттеледі.

### Тапсырмалар:

1. Мәтіннің мазмұнын қысқаша айт.
2. Екі-екіден жуан, жіңішке сұрақтар дайында.
3. Сөздердің сыңарын тауып сөйлем құрастыр.

Зерек	→	жұмыстар
Қазақ		адамы
Ауыл	→	бала
Қоғамдық		оқиғалар
Еңбек		молдасы
Тарихи		әдебиеті


4. Берілген сөздердің орысша баламасын тап.

Кедей	→	труд
Қызмет		народ
Халық		вчерашний
Жазушы		бедный
Еңбек	→	писатель
Кешегі		служба, работа

5. Лексикалық тапсырма.

Сөздер	Синонимдер	Антонимдер
<i>Дәулетті</i>		
<i>Дүниеге келді</i>		
<i>Кедей</i>		
<i>Алғашқы</i>		
<i>Ескі</i>		

6. Б.Майлиннің өмірі мен шығармашылығына арналған тірек-сызба толтыр.



## 7. Бекіту:

- Б.Майлин кім?
- Б.Майлин қашан, қайда дүниеге келген?
- Б.Майлин қайда білім алған?
- Б.Майлиннің шығармаларын ата.
- Шығармаларының тақырыбы.

## 8. Үйге тапсырма:

**1-топ.** Б.Майлиннің өмірі мен шығармашылығы бойынша диалог құрастыру;

**2-топ.** Б.Майлиннің өмірі мен шығармашылығы бойынша тест сұрақтарын даярлау;

**3-топ.** Б.Майлиннің өмірі мен шығармашылығы бойынша хронологиялық кесте жазу.

## 9. Бағалау.



**Толғанай ҚАБДЫҒАЛИЕВА,**  
Алматы қаласындағы  
№4 кәсіптік лицейдің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

# АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ ОЙЛЫ ЖАСҚА

*(Жалғасы. Басы өткен санда)*

Журналдың 4-беті: **Абай – аудармашы.**

**Оқушы:** – Абай 1892 жылдан бастап Гете, Дж.Байрон сияқты ақындарды оқып, түрлі ғылым салалары бойынша зерттеулер жүргізді.

Крылов, Пушкин, Лермонтовтың шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған (Слайдтар. Абай шығармаларын аударған жоғарыдағы орыс жазушыларының суреттері көрсетіледі).

Абайдың орыс әдебиетіне ынтық болуына әсер еткен, бәлкім, оның жақын орыс достары Долгополов пен Михаэлис арасындағы достығы да болуы мүмкін. Абай орыс әдебиеті мен ғылымын жоғары бағалаған. Өзінің сүйікті баласы Әбішті және інісі Халиолланы Ресей жеріне жіберіп, жоғарғы, арнайы білім алғызады. Өкінішке қарай, екеуі де ауырып, жастай қайтыс болып кетеді.

Абай орыс әдебиеті мен публицистикасын тек оқушы, үйренуші ғана болып қойған жоқ, оларды қазақ даласына насихаттаушы, идеясы мен мазмұнын, тәрбиелік мәнін дәл жеткізуші болды.

**Оқушы:** – Сол кездегі заман ағысы мен үстем тап өкілдері және кедей шаруа арасындағы қайшылықтар, мінез-құлықтар, екі ұлт өкілдерінің арасындағы сатиралық кейіптер мен кертартпалық әрекеттер бір-бірімен үйлесім тауып жатқан еді. Крыловтың мысалдары мен кейбір өлеңдері арқылы заңғар ақын тұңғыш рет өз халқының, заманының ұнамсыз, сорақы көріністерін дәл көрсетіп, жақсы менен жаманның, ақымақ пен ақылдының, арамтамақ пен еңбекқордың өмірдегі орынын сатиралық сынмен, мысал өлеңдермен оқырманға ұсынады.

Абай осы мысалдар арқылы халықты жаман әдеттерден аулақ болуға шақырып, дұрыс жол табуды көздеп, тек қана жақсылыққа тәрбиелеуді мақсат етеді. Атап айтқанда, Крыловтан: «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Емен мен шілік», «Қазаға ұрынған қара шекпен», «Жарлы бай», «Есек пен бұлбұл», «Қарға мен бүркіт», «Шегіртке мен құмырсқа», т.б.

**Оқушы:** – Орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкиннің әйгілі поэмасы – «Евгений Онегинінен» кейбір әсерлі де, түйінді де бөлімдерін аударады. Мұнда ғұлама ақын Пушкиннің осы поэма арқылы жастарға адам баласының мәңгі жас боп

тұрмайтынын, әрдайым шынайы махаббат пен сезім және адалдық пен тұрақтылық қана өмірде баянды бақытқа жол табатынын меңзегенін айқындағысы келеді. Тек жастықтың жалын ыстығына, яки, романтикаға бой алдыру, ақыры опық жегізіп, Алланың берген сыйынан айырылып қалуына әкеліп соғатынын басты кейіпкер Онегин образы арқылы Пушкиннің көрегендік суреткерлігін қазақ тілінде сөйлетіп, әдебиет пен өнердің құнды бір мұрасын жасады.

**Оқушы:** – Гете-Лермонтов-Абай... (Слайдтар, мәтіннің орысшасы)

*Қараңғы түнде тау қалғып,*

*Ұйқыға кетер балбырап.*

*Даланы жым-жырт, дел-сал зып*

*Түн басады салбырап.*

*Шаң шығармас жол-дағы,*

*Сілкіне алмас жапырақ.*

*Тыныштығың сен-дағы, сабыр қылсаң азырақ.*

**Оқушы:** - Абай Лермонтовтың жырына құмар болған. Себебі, Абай да Лермонтов сияқты табиғатты қатты сүйетін, эстетикалық талғамдары қатты үйлесетін.

Абай Лермонтовтың Дж. Байроннан аударған өлеңінен де аударды.

*Көңілім менің қараңғы, бол, бол, ақын!*

*Алтынды домбыраңмен келші жақын.*

*Ішек бойлап он саусақ жорғаласа,*

*Бейіштің үні шығар қоңыр салқын.*

*Егер сорым түбімен әкетпесе,*

*Керек қой көңілді үміт тебірентсе.*

*Қатып қалған көзімде бір тамшы жас*

*Төгілмей ме, бой жылып, ол да ерісе?!*

**Мұғалім:** /Жұрналдың 5-бетінің қорытындысы/

- Абай Құнанбайұлы – қазақ және орыс әдебиетін жақындастырған, үндестірген аудармашы. Сендер де орыс тілінен қазақ

тіліне еркін аударма жасап, мемлекеттік тілімізді жақсы білуге талаптаныңдар.

Жұрналдың 6-беті «**Абай-сазгер**» деп аталады.

**Мұғалім:** - *Құлақтан кіріп бойды алар*

*Әсем ән мен тәтті күй.*

*Көңілге түрлі ой салар*

*Әнді сүйсең – менше сүй!*- деп ақынның өзі айтқан-

дай, тұла бойы тұнған өнер дарын иесінің сазгерлігіне тоқталамыз.

**Оқушы:** – Абайдың саз әлеміндегі орыны – Абай шығармашылығының жеке бір бөлігі. Абайдың әндері мен күйлері – басқа сазгерлердің туындыларына ұқсамайтын, классикалық, ұлттық нақышта шығарылған құнды мұра. Абайдың күйлері: «Бұлаң жігіт», «Қос қыз», «Май түні», «Тор жорға» халық ішінде жиі орындалады. «Айттым сәлем, Қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай», «Бойы бұлғаң», «Сегіз аяқ» Пушкиннен «Татьянаның әні», Лермонтовтан «Қараңғы түнде тау қалғып» әндерін еліміздің ең танымал орындаушылары шетел көрермендеріне және өз еліміздің ән сүйер қауымының алдында орындап жүр. Абай әндері дүниенің әр түкпіріне аса кең тараған.

**Мұғалім:** – Ал, енді, Абайдың әндерін тыңдайық! «Көзімнің қарасы» әнін оқушылармен бірге орындау.

6-беттің қорытындысы.

**Мұғалім:** – Ән мен күйсіз адам өмірін елестету қиын, сондықтан да, ән мен күйді Абайша бағалайық, Абайша сүйейік!

Жұрналдың 7- беті: **Абай – ойшыл, Абай – философ.**

**Оқушы:** – Абайдың қара сөздері. Ұлы ақынның қара сөздері – сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығарма. Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан әр алуан бағытта жазылған.

«Қара сөздер» – тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық

терендігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды.

Абай қара сөздерін жасы елуді алқымдап қалған кезінде жазды. Абайдың қара сөздерінің саны – 45.

**Мұғалім:** – Енді, Абайдың қара сөздерінен үзінді тыңдайық. (Интерактивті тақтадан Абайдың қара сөздерінен үзінділер беріліп жатады, ал оқушылар кезектесіп қара сөздерді оқи бастайды.)

Журналдың 7-бетінің қорытындысы.

**Мұғалім:** – Құрметті оқушылар, сіздер де Абай атамыздың қара сөзіндегі әрбір сөзді өсиет деп ұғып, ғибраттануларың керек, яки, әрдайым санамызда ұстауымыз керек.

Журналымыздың соңғы және қорытынды беті – Абайдың ұрпақ тәрбиесі үшін өте маңызды орын алатын шығармасы – «Ескендір» поэмасына тоқтала кетпесек жөнсіз болар деп ойладық.

(Оқушы өз сөзімен поэманың мазмұнын айтып береді).

**Мұғалім:** - Осы поэманың эпилогты тұсы – Ескендірдің ақылы мол ұстазы Аристотельдің Ескендірге айтқан сөзінен оқушылар үзінді оқиды.

**Оқушы:** – *Бұл – адам бас сүйегі,- деді ханға,-*

*Тоя ма адам көзі мың мен санға?*

*Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,*

*Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда.*

*Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,*

*Алған сайын дүниеге тоя ма екен?!*

*Қанша тірі жүрсе де өлген күні*

*Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен.*

*Ашуланба, ей, патшам, айтайын дат:*

*Алтын қақпа бермеді сізге рұқсат.*

*Сый сұрадың, бергені – бір қу сүйек,*

*Мұны көріп алыңыз сіз де ғибрат!*

**Оқушы:** – *Ойлап, ойлап патшаның мойны түсті,*

*Құдайым көрсетті деп бұл бір істі.  
Бекерлік екен менің бұл ісім деп,  
Қолын алып жұртына қайта көшті.*

*Қу өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер,  
Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер!  
Ұятың мен арыңды малға сатып,  
Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.*

**Оқушы:** – Ұлы ақын осы поэмасымен қанша жұрттың жаман ниетін қайтарып, дүниенің жолдас болмайтындығын, қанағатсыздық-тойымсыздықтың соңы ақырында адам баласын сәтсіздікке ұшырататынын, осы поэманың идеясынан ғибрат алып, сабырлы, білімді адамның сөзіне көңіл бөліп, тәлім алып, дұрыс жолды таңдауды ұсынады.

**Қорытынды.** Қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген ақын Мұқағали Мақатаевтың көзі тірісінде «Ұлы Абайға еліктеген» деп мін таққан сыншы замандастарына:

*«Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін,  
Ермек үшін немесе өлмеу үшін.  
Жазсам жазам жырды мен, жасырмаймын,  
Жаралы жүректерді емдеу үшін.  
Қуат алып Абайдың тіл күшінен,  
Жыр жазғанмын Абайдың үлгісімен.  
Абай болып табынсам бір кісіге,  
Абай болып түңілем мың кісіден.  
Өлмеу үшін, құлқынды жемдеу үшін,  
Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,  
Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін»*

деп ешбір қаймықпастан осылайша жауап айтқан.

**Мұғалім:** – Абайдың басқа ақындардан ерекшелігі, Абайдың өлеңді ермек үшін жазбай, басты ұстанымы – өнеге

етіп қалдыра алуында. Халқына қалдырған мұрасы ғасырдан-ғасырға жалғасып кете береді. Барлық ғұмырын қараңғылықпен, надандылықпен күресу жолында өткізген ұлы Абайдың өсиеттерін жадында тұтып, сергек көңілмен тереңіне үніліп, Абайды оқындар демекпін. Абай – рухани асыл қазынамыз!

(«Әсемпаз болма әрнеге») өлеңін мұғалім өзі оқып, сабақты аяқтайды.



**Бағлан ДАЙЫНБЕКҚЫЗЫ,**  
**«Заречный» орта мектебінің**  
**мұғалімі.**

Ақмола облысы,  
Есіл ауданы,  
Заречный ауылы.

## **АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ – ХАЛЫҚ ШЕЖІРЕСІ**

*(5-сынып)*

**Сабақтың мақсаттары:** **білімділік** – халық ауыз әдебиеті туралы алған білімдерін толықтыру, шығармаларын тереңірек меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, дүниетанымын кеңейту, тілін дамыту, өз ойын ауызша жеткізе білуге талпындыру; **тәрбиелік** – оқушыларды ізгі қасиеттерге, адамгершілікке баулу.  
**Түрі:** білімді жүйелеу сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойын түрлері, көрініс көрсету, әңгімелеу. **Көрнекілігі:** нақыл сөздер жазылған қағаздар, үлестірмелі парақшалар, сабаққа қатысты сызбалар, интерактивті тақта.

**Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі:**



## 2. Оқушыларды екі топқа бөлу.

1-топ – Тұлпар. Ұраны – Желдей ескен арыңды, оқуға сал барыңды.

2-топ – Қыран. Ұраны – Іздеуден жалықпа, содан кейін қыран болып қалықта.

Жалпы тарау. **Халық ауыз әдебиеті тарауын пысықтау:**

1. Ауыз әдебиеті қалай сақталған?
2. Ауыз әдебиетінің авторы болған ба?
3. Халық ауыз әдебиетінің қандай түрлері бар?
4. Неге ауыз әдебиеті деп аталады?

**I тарау:**

1. Мақал-мәтелдер дегеніміз не?
2. Мақал-мәтелдер адамды неге тәрбиелейді?
3. Мақал-мәтелдер нені сынайды?
4. Мақал-мәтелдердің көлемі қандай?
5. Мақал-мәтелдер қалай айтылады?
6. Мақал-мәтелдердің тақырыптары қандай?

**II тарау. Мақал-мәтелдер сайысы:**

Отан – оттан да ..... (ыстық)

Туған жердің күні де ыстық, түні де ..... (ыстық)

Отансыз адам – ормансыз ..... (бұлбұл)

Туған жердей жер болмас, туған елдей ... (ел болмас)

Оқу – білім бұлағы, білім – өмір ..... (шырағы)

Білекті бірді жығады, білімді мыңды ..... (жығады)

Оқу – инемен құдық ..... (қазғандай)

Оқусыз білім жоқ, білімсіз ..... (күнің жоқ)

Өнерлі бала ..... (сүйкімді)

**III тарау:** 1. Ертегілер дегеніміз не?

2. Ертегілер қалай тараған?
3. Ертегілер неге байланысты туған?
4. Ертегілер неше топқа бөлінеді?
5. Ертегілерден көрініс көрсету:

**1-топ. «Түлкі мен ешкі» ертегісі.**

2-топ. «Байлық пен ақыл».

**IV тарау. Жұмбақтар сайысы:**

Жұмбақтар қай елдің ауыз әдебиетіне тән?

Ертеде жұмбақпен нені сынайтын болған?

Жұмбақта белгісіз зат қалай суреттеледі?

Қандай заттар жұмбақталады?

**V тарау. Айтыс өнері:**

Айтыс қай өнердің жанры? (фальклор)

Айтыстың түрлері қандай? (қыз бен жігіт айтысы, жұмбақ айтысы, ақындар айтысы)

Оқушылар арасында қыз бен жігіт айтысы ұйымдастырылады.

**VI тарау. Білімдерін ұпайлық өлшеммен бағалау.**

**VII тарау. Мұғалімнің қорытынды сөзі:** – Ауыз әдебиеті өнерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін – сендерсіңдер. Сондықтан «Аталар сөзі – ақылдың көзі» дей отырып, мындай сөздермен сабағымызды аяқтаймыз: *Асыл сөз көп халықта іле жүрер құлаққа. Іздеген жетер мұратқа, ізденуден жалықпа!*

Ден қойып тыңдағандарыңызға рахмет!!!



Екатерина ҚАУЫСҚЫЗЫ,  
Нұржамал СЕРІКҚЫЗЫ,  
Солтүстік Қазақстан облысының  
Петропавл қаласындағы  
№8 жалпы орта білім беретін  
эстетикалық тәрбие мектеп-кешенінің  
қазақ тілі пәнінің мұғалімдері.

## ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ

*(Ғабит Мүсіреповтің 110 жылдық мерейтойына арналған  
ауызша журнал)*

**Іс-шараның мақсаты:** оқушылардың «Ғ.Мүсірепов – қазақ-тың атақты жазушысы» тақырыбы бойынша білімдерін кеңейтіп

бекіту. Қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетін құрметтеу, сөз күдіретін түсінуге тәрбиелеу.

### **Іс-шараның міндеттері:**

1. Көркем сөйлеуге баулу;
2. Тіл мәдениетін дамыту;
3. Шығармашылықпен жұмыс істеуге ұмтылдыру;
4. Жазушының өмір жолы арқылы оқушыларды адамгершілікпен парасаттылыққа баулу;
5. Оқушыларды елін, Отанын сүйуге, патриоттық рухта тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** кітап көрмесі, фотосурет көрмесі, домбыра, бейнетаспа. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, орыс тілі, орыс әдебиеті, тарих.

### **1-бет.**

*«Ғабит Мүсірепов – ардақты ат!»*

*(«Славное имя – Габит Мусрепов!»)*

**1.Мұғалімнің сөзі:** – Құрметті оқушылар, көрермендер! 2002 жылы ЮНЕСКО-ның қолдауымен жазушының 100 жылдық мерейтойы аталып өтті. 2012 жылы біздің жерлес жазушымыз Ғабит Мүсіреповтің туғанына 110 жыл толады, соған арнап біз бүгін ауызша журнал өткіземіз.

«Ғабит Мүсірепов – ардақты ат! Мүсірепов туралы мың сөзден – «Мүсірепов» деген бір сөздің мағынасы әлдеқайда терең, мазмұны әлдеқайда бай. Демек, Мүсіреповті мақтаудың керегі жоқ. Мүсіреповпен мақтану керек»,– деп жазушы Зейнолла Қабдолов айтқан.

### **2. Әдеби монтаж.**

Зейнолла Әкімжановтың «Заңғар» өлеңі оқылады.

«Адай» күйі ақырын жіберіледі.

**1-оқушы:** – Балаған елі шыңға да ең,  
Асқардың өзі-ау шын – Ғабен.  
Дарағай, дана тұлғамен

Асқақтап, асып туған ең.

Алаштың заңғар ұлына

Басын бір иген күллі әлем.

**2-оқушы:** – Асқақтар дара аспаны,  
Сарқылмас дана дастаным.  
Шаңқ етер шыңнан асқақ үн,  
Тәбәрік етер жас-кәрім,  
Аңсатты елді асына  
Алаштың басын қосқаның.

**3-оқушы:** – Ақ тілек айтып сом далаң,  
Ақтүйғын қанат қомдаған.  
Әлемнен озған шоң бабам  
Әйгілі пырақ-жорғадан.  
Қазақтың жасы, кәрісі  
Жүректен лүпіл жолдаған.

**4-оқушы:** – Тұлпардай баптап тұмарлап,  
Балаған дара шынарға-ақ.  
Атағы кетіп шығандап,  
Таңдап бір қонған шығар бақ!  
Бас иіп Алаш жатқанда  
Орнында жатыр бір аунап.

**5-оқушы:** – Әрлеумен ғасыр әжімін  
Ғұмырдың өтер жазы мың.  
Айғақтап ұрпақ тәжімін,  
Әлпештер қазақ өз ұлын.  
Ғабеңнен тапқан қашанда  
Қазақы сөздің қазығын.

**6-оқушы:** – Өтсе де талай тандары,  
Сағынар қазақ саңлағын.  
Піріне балап аруағын,  
Пайымдар қыран самғауын.

Алаштың бесік, құндағы

Құрметтер асыл ардағын!

### 3. Ғ.Мүсіреповтің өмірбаяны.

1-оқушы қазақша оқиды. – Ғабит Махмұтұлы – жазушы, әдебиеттанушы, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Жаңа жол ауылында 1902 жылы 22 наурызда дүниеге келген. Әкесі Махмұт кедей шаруа болған. Ғабит Мүсірепов 9 жасқа дейін өз ауылында оқып, арабша хат таныды. 1916 жылы екі сыныпты ауылдық орыс мектебінде оқып, оны 1921 жылы бітірді. 1923 жылы Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетіне түсіп, онда үш жыл Сәбит Мұқановпен бірге оқыды. Сәкен Сейфуллинмен танысты.

1926 жылы жұмфакты бітірген соң, Омбыдағы ауылшаруашылық институтында бір жыл оқып, 1927-1928 жылдары Бурабай техникумында оқытушылық қызмет атқарды.

Қолынан қаламын түсірмей өткен алпыс жылдай уақыт ішіндегі елдің қоғамдық және мәдени өміріндегі қадау-қадау оқиғалар суреткер шығармашылығының өзекті тақырыбына айналды. Мүсірепов әңгімелері мен пьесалары, повестері мен романдары ұлттық әдебиеттің қалыптасуына игі ықпалын тигізді, олар қазақ қоғамы мен қазақ халқы психологиясындағы бүкіл әлеуметтік өзгерістерді шынайы бейнелеп берді.

30-жылдардың басында Мүсірепов әдеби шығармашылықтың өте бір күрделі саласы саналатын драматургияға ден қойған еді, сөйтіп, ол қазақ әдебиетінде осы жаңа жанрдың негізін салушылардың бірі саналады.

1934 жылы алғашқы пьессасы – «Қыз Жібекті», сосын опера либреттосын жазды. Мұның қатары кейін «Амангелді» (1935), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» (1939), «Ақан сері – Ақтоқты» (1966) пьесаларымен толықты. Ал «Қазақ солдаты» (1945), «Оянған өлке» (1953), «Ұлпан» (1947) романдары – ұлттық әдебиетіміздің алтын қорына қосылған шығармалар.

Жазушы «Кездеспей кеткен бір бейне» кітабы үшін 1968 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды.

Ғ.Мүсірепов аудармашылық қызметпен де айналысты. Ол - әдебиет жөніндегі оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Қазақ әдебиетінде Мүсіреповтің алған орыны айырықша: оның артына қалдырып кеткен ұлан-ғайыр әдеби мұрасы ұлттық рухани мақтанышымыз болып табылады.

Ғ.Мүсірепов – Социалистік Еңбек Ері (1974), Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі (1958), Қазақ КСР халық жазушысы (1984). Үш рет Ленин орденімен, Октябрь Революциясы орденімен, екі рет Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

**2-оқушы орысша оқиды:** – Писатель, подаривший людям замечательные произведения, был нашим земляком. *«Год моего рождения, - напишет позже Г.Мусрепов в своем автобиографическом рассказе, - установлен с точностью, можно сказать, астрономической. Причем, как это ни покажется странным, почти по теории относительности... Слепой на правый глаз конь был растерзан волками осенью, а позднее – в день весеннего равноденствия, разделяющий год коровы и год барса – на свет появился я. Зима еще не уходила, весна не наступала. Был Наурыз... Первый день не был отмечен никаким выдающимся событием в небольшом ауле на северной окраине казахской степи».* Так просто, задушевно, с легкой самоиронией повествует писатель о начале своего жизненного пути.

Возможно, не самое выдающееся, но отнюдь не рядовое событие, связанное с жизнью и творчеством нашего земляка, произошло в 1992 году – в родном его ауле Жана жоле Жамбылского района открылся музей его имени. Это была дань уважения североказахстанцев своему земляку, человеку, вскормленному своей «малой родиной» и прославившему ее на весь мир.

Природный дар, помноженный на знание жизни, привели

нашего земляка на писательскую стезю. С 1934 года – он главный редактор газеты «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан». К этому времени уже были опубликованы его первые произведения: повесть «В пучине» (1925 г.) и цикл рассказов «Мужество матери» (1934 г.)

А зрители увидели на сцене спектакли по его произведениям «Кыз Жибек», «Козы Корпеш – Баян Сулу», «Амангельды», «Майра» и другие.

Роман «Солдат из Казахстана» Габита Мусрепова обрел мировую известность, и наш замечательный земляк встал в один ряд с писателями, чьи произведения стали учебниками жизни, примером беззаветного служения своей Родине. За сборник избранных рассказов и повестей «Однажды и на всю жизнь» писатель был удостоен Государственной премии Казахстана за 1970 год. Его роман «Улпан ее имя» (1976 г.) стал по праву гимном женщине, глубоким и всесторонним показом отношений между людьми в ходе бесконечного процесса, название которому – жизнь.

Габит Махмудович был не просто писателем с большой буквы, но и выдающимся общественным деятелем Казахстана. Избирался депутатом Верховного Совета СССР и Казахской ССР, занимал высокие посты председателя Союза писателей Казахстана и секретаря Союза писателей СССР, носил высокое звание академика Академии наук республики (1958 г.). Он был Героем Социалистического Труда, кавалером трех орденов Ленина.

Североказахстанцы по праву считали и считают Габита Мусрепова «своим». Он часто бывал в родных местах, вспоминая юность, беседовал с земляками, находя в них штрихи и образы героев своих произведений.

В областном историко-краеведческом музее хранятся дорогие нам фотографии, сделанные во время пребывания его на родине.

Одна из них запечатлела его в то время, когда он был удостоен звания «Почетный гражданин Петропавловска». Это было в 1972 году в год его 70-летия.

Отмечая 110-летие со дня рождения замечательного земляка, хотелось еще раз обратиться к его произведениям, остаться вновь один на один с его замечательными книгами, ощутить на себе притягательную силу слова, которым так мастерски владел писатель.

#### **4. Ән үзілісі. «Сарыарқа» күйі.**

**2-бет. Дарынның ұшқыр қанаты. Жазушының шығармашылығы.**

**Жүргізуші:** – Ауызша журналдың екінші бетінде оқушылар Г.Мүсіреповтің шығармаларынан қазақша, орысша үзінділер оқиды.

**1-оқушы (Автобиографиялық әңгімеден үзінді):** *«Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыптын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдің бірсыпырасы 20-ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен.*

*Ол күні жер де сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қара үйде тағы бір бала туа салғанда басқа балаларының атына ұйқастыра ат берілген.*

*Әрине, ол күннен менің есімде қалған еш нәрсе жоқ. Болысым кім, патшам кім, пайғамбарым кім, табым кім, онда менің жұмысым болмауы керек. Кейін ондайды ұнатпасам да ол кезде тістеген мен шаққанға да енжар болған сияқтымын: жылауық болмаптын.*

*- Қайсар болушы ең, жыламайтын едің,- деп шешем осы күнге дейін әр кезде айтып отырады».*

**2-оқушы («Алғаш оқу»):** *«Молда әр үйде бір жетілеп*



оқытады. Оқуға бала берген үйлер кезектесіп, бір жеті молданың тамағын да көтереді, балалар оқитын мектеп те болады. Бір жеті өткеннен кейін молда келесі үйге ауысады.

Алғаш «оқуға» барған күні арабтың жиырма тоғыз харпы түгел тізілген бір жапырақ қағазды молда барлық баланың қолына түгел ұстатты. Сарғыш мұрты жаңа тебіндеп келе жатқан шақар жас молданың алдында өрімдей көк шыбық жатыр. Шыбықтың үш жағы жыланның құйрығындай сүйірленіп, балаларға қарай қозғалақтап қояды. Оны көріп отырған балалардың оқымауына да болмайды, бірақ, үйренуіне де болмайды. Қорқыту еш нәрсе үйретпейді.

Балалар төрден есікке қарай үлкендете отырғызылды. Жиырма шақты баланың ең кішісі – алты жасар мен едім, маған орын босагадан тиді. Кей үйде қозы-лақпен етектесе отырамын. Кейбір үйдің иті қасымда жатады.

Молда ең үлкен баланы алдына шақырып алды да, әлгі айтылған бір жапырақ қағазды тырнағын әдемілеп алған сұқ саусағымен нұқып көрсетіп:

- Әліп, би, ти...- деді. Содан кейін балаға өз айтқанын үш рет қайталатып, бар, орныға бар, оқы,- деді де, келесі баланы алдына шақырды...

Осы тәртіппен молда оқушы балалардың қақ жартысын алдынан өткізгенше, өзгеміз «әліп, би, ти» деген үш ауыз сөзді жаттап та алдық. Тек бір де бірінің мағынасын аңдай алмай отырмыз. Екі жыл оқытып, екі бұзаулы сиыр алып, он шақты адамға жаназа шығарып, алты ауылдан екі жылғы бітірсадақасын алып, молда еліне қайтар кезде де біз ол мағынадан еш нәрсе аңғармап едік».

### **3-бет. «Қаламның құдіреті»**

**Жүргізуші:** – Жұрналдың үшінші бетінен Ғабит Мүсірепов туралы айтылған сөздерді тыңдаймыз. Ғабен жайлы лебіздер.

**1-оқушы:** – Ғабиттің жазушылығын тұтас алғанда өзіне

тән бірнеше өзгешеліктері бар: бірінші – бойына сіңбеген тақырыпқа бармайды; екінші – бойына сіңірген тақырыбын тез жазып тастауға асықпайды; сондықтан шығармаларының шикісі аз болады; үшінші – жазатын тақырыбына күй таңдайды, күйі жетпесе, игерген тақырыбын да жаза қоймайды; төртінші – шығармасына өте ұқыпты, сондықтан хал-қадары жеткенше, олпы-солпысыз шығарады; бесінші – тілге үнемшіл, сипаттап отырған оқиғасына жәрдемі жоқ сөзді қолданбайды; алтыншы – жарқылдақ сөздерді көбірек қолданып, шешен сөйлеуге тырысады; жетінші – адам портретін жасауға қазақ жазушыларының ең шеберінің бірі. (Сәбит Мұқанов).

**2-оқушы:** – Оның кітаптары нағыз дарынның қолтаңбасымен және нәзік талғампаздығымен ерекшеленеді. Олар халық өміріне, интернационализмге шынайы бойлаған. (Иван Шухов).

**3-оқушы:** – Оның көрікті сөзінде отты, серпінді романтикамен ғажап реализм үнемі астарласып отырыпты. Сондықтан да, біз оның шығармаларын қашанда үлкен олжадай, қымбат шашудай қабылдап келеміз. (Әбділда Тәжібаев).

**4-оқушы:** – Әлі де талай-талай замандар өтеді. Талай-талай толқындар кезекпен ауысып, талай-талай ұрпақтар келеді. Сол кезде халқымыздың осы бір тұстағы бел-белесіне үңілер адам болса Мүсірепов шығармаларына соқпай кете алмайтыны айдан ашық. (Сафуан Шаймерденов).

**5-оқушы:** – Ғабит Мүсірепов – біздің советтік қазақ әдебиетінің туу, өсу, өркендеу процесінің бар кезеңіне куә ғана болып қоймай, оның бұрын бар, бұрын жоқ салаларының бәр-бәрісін дамытуға, бастауға, туғызуға қатынасқанын, соның ең күшті қайраткерлерінің бірі, әуел бастан-ақ соған аға болып туған, басшысы болып келе жатқан кемел жазушы, кең тынысты талант иесі. (Ғафу Қайырбеков).

*(Жалғасы келесі санда).*

Айнұр ЕСЕНБЕРЛИНА,  
Жезқазған қаласындағы  
№4 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## «ҚАЗАҚШАҢЫЗ ҚАЛАЙ?»

(2-сынып)

**Мақсаты:** 1. Оқушыларды өз ана тілінің қадір-қасиетін, көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, оның адам өміріндегі маңызын ұғуға үйрету; 2. Тіл әуезділігін, көркемдігін, байлығын, шешендігін көрсететін нақыл сөздер, мақал-мәтелдер арқылы оқушы дүниетанымын, ой өрісін дамыту; 3. Тіл тазалығын сақтау, мәдениетті сөйлеу, шешендік өнерді оқушы бойына сіңіреті отырып, ана тіліне сүйіспеншілігін қалыптастыру, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге атсалысуға шақыру.

**Көрнекілігі:** топ аттары жазылған плакаттар, асық, қоржын. «Ана тілі – рухани даму негізі» кітап көрмесі, ұпай беретін таяқшалар, мадақтау қағаздары, Microsoft Pover Point бағдарламасында безендірілген презентация.

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

**Мұғалімнің сөзі:** – Құрметті оқушылар, ұстаздар, бүгін біз «Қазақстанның 20 жылдық мерейтойына» арналған «Қазақшаңыз қалай?» атты сыныптан тыс шарамызды ашық деп жариялаймыз. Бұл шарада 2 «А» сынып оқушылары 2 топқа бөлініп сайысқа түседі. 1-топ – «Тапқырлар», 2-топ – «Алғырлар».

**Шарамыздың мақсаты:** қазақ тілін терең меңгеруге құштарлықтарын ояту, қазақ тілінің кең қанат жаюына үлес қосуға, мақтан тұтуға тәрбиелеу. Қазақстанның, қазақ тілінің құдіреті туралы түсініктерін кеңейту және дамыту.

## Сайыстың жалпы турлары:

1. «Сәлем – сөздің бастауы».
2. «Сөйлей-сөйлей шешен боласың». Сурет бойынша әңгімелеу.
3. Кім тапқыр? – сөз тіркесін құрау.
4. Кім жүйрік? – әріп бойынша сөз айту.
5. «Білімді мыңды жығады» – тиісті әріпті қой.
6. Сөзжұмбақты шешу.
7. Асық ойыны. Сұрақ-жауап.
8. Капитандар сайысы – өз отбасы жайлы айту.
9. Мәнерлеп оқу.
10. Кім жылдам? – мозаика құрастыр.

- Балалар, «Қазақ тілі» еліне сапар шегеміз. Алдымыздан көп сайыстар кездеседі. Ондағы тапсырмаларды орындаған топ мүшелері «Қазақ тілі елінің құрметті азаматы» атағын жеңіп алады. Әр сайысқа 10 ұпайдан және капитандар сайысына да 10 ұпай қойылады. Ең жоғары ұпай – 10, ең төмен ұпай – 2.

- Қазылар орнықтырар әділдікті,  
Кімдердің жауаптары кәміл шықты?  
Білім мен тапқырлықтың сайысында  
Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты!- деп әділ қазылар алқасын сайлаймыз.

Әділ қазылар алқасы сайланады.

- Төселген жазушы емес менің затым,  
Көркемді жұмыс емес жазған хатым.  
«Сергек ой – ер серігі» дейді қазақ,  
Салмақтап ел танысын ерлер атын,– деп 1-сайысымызды

бастаймыз:

**1-сайыс – «Сәлем – сөздің бастауы».** Екі топтың сәлемдесуі.

Танысу.

1-топ – «Алғыр»:

Тобымыз:

- Алғыр!

Ұранымыз:

- Біз алғырмыз, алғырмыз,  
Жеңіске біз жетеміз!

2-топ – «Тапқыр»:

Тобымыз:

- Тапқыр!

Ұранымыз:

- Ойлан да ойна,  
Тапқырлықпен ойла.

Оқушылар өздері салған суреттерімен таныстырып өтеді.

**2-сайыс – «Сөйлей-сөйлей шешен боласың».** Сурет бойынша әңгімелеу.

**3-сайыс – «Кім тапқыр?».** Сөз тіркесін құрау (сәбіз, қызанақ, қоян, қыз, түйе, ту, үйрек, ит, гүл, жылқы).

**4-сайыс – «Кім жүйрік?».** Әріп бойынша сөз айту. Ә, Ү, Ұ, Қ, Ө, І, Ғ.

**5-сайыс – «Білімді мыңды жығады».** Тиісті әріпті қой.

«Алғыр» тобына: ...йрек, ж...зім, ...лу, б...р, т...рт, мысы... .

«Тапқыр» тобына: к...белек, алт... , тор...ай, ...алам, ша...ғы, ...й.

**6-сайыс – «Сөзжұмбақ».**

«Алғыр» тобына:

Нога			Нос				Глаза			Рот			

«Тапқыр» тобына:


1. Брат.      2. Гранат.      3. Звери.      4. Груша.

**7-сайыс – «Асық ойыны».** Сұрақ-жауап:

1. ҚР Әнұранының авторы кім?
2. Үй жануарларын ата.
3. ҚР тәуелсіздігін қашан алды?
4. Қазақ тілінің төл дыбыстарын ата.

5. Үй жануарларының қандай пайдасы бар?

6. ҚР мемлекеттік тілі қай тіл?

7. Үй құстарын ата.

8. ҚР рәміздерін ата.

9. ҚР тұңғыш Президенті кім?

10. ҚР бас қаласы.

**8-сайыс – «Капитандар сайысы».** Өз отбасы жайлы айту.

**9-сайыс – «Мәнерлеп оқу».**

**10-сайыс – «Кім жылдам?».** Мозаика құрастыр.

«Алғыр» - киіз үй.

«Тапқыр» - домбыра.

«Жеке бір адам ұлт тілін жасай алмайды. Тіл – бүкіл халықтың игілігі, халықпен бірге жасап, бірге дамиды. Ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам атану мүмкін емес».

*С.Негимов.*

Әділ қазылар алқасына сөз, топтарды мадақтау.

**Мұғалім сөзі:** - Тіл – қасиетті, құдіретті, киелі. Бұл қасиеттер бойға ананың ақ сүтімен дариды. Тіл өшпейді, қандай қиындықта да тіл өз ұрпағының қанына, жанына өз ұрығын егіп, өміршең күйге кеше береді.

- Туған тілім – тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім мен де бірге өсемін,

Өшсе тілім мен де бірге өшемін.

*Ә.Тәжібаев.*

- Кіршіксіз қардай сақтаңдар

Қазақтың тілін ғаламат!

Ана тіл – арым, иманым,

Аманат саған, аманат!

*М.Әлімбаев.*

Міне, осындай өлең шумақтарымен «Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдық» мерейтойына арналған «Қазақшаңыз қалай?» атты сыныптан тыс шарамызды аяқтаймыз. Келіп, көріп, баға беріп, атсалысқандарыңызға көп рахмет!!! Сау болыңыздар!!!

Сабира МАЙҚАНОВА,  
«Бұрма» орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Қарағанды облысы,  
Шет ауданы,  
Бұрма ауылы.

# СӨЗДІК ҚОРЫ МОЛ КӨКТЕМ

(2-4-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – жаңа тақырыпты түсіндіру, сөздік қорын меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың тіл байлығын, ойлау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – табиғатты сүйюге, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Көрнекілік құралдары:** интерактивтік тақта, сызбалар, кестелер, суреттер.

**Сабақтың барысы:** 1. Ұйымдастыру кезеңі:

А) сәлемдесу. Б) психологиялық дайындық.

II. Үй жұмысын тексеру 3т. 158-бет, жұмбақ шешу.

III. Өткенді қайталау: Сөзжұмбақ шешу.

IV. Сабақтың эпиграфы:

*Қары еріп даланың,*

*Арықтардан су ақты.*

*Ақ жүзіндей ананың*

*Күндер келді шуақты!* (Ш.Әлдибеков).

- Бүгін, балалар, біздің сабағымыз өте қызықты болады. Біз жаңа тақырыппен танысамыз. Сабақтың тақырыбы: Көктем.

Бұрын, бұрын, бұрында Көктем деген хан болыпты. Ханның үш баласы болыпты.

Біріншісі – Наурыз. Екіншісі – Сәуір. Үшіншісі – Мамыр.

Интерактивтік тақтада Көктемнің суреті бейнеленген. (Слайд)

Бір күні Көктем хан балаларын ертіп, «Бұрма» орта мектебінің

оқушыларына аттаныпты.

Ханның балаларында тапсырмалар болыпты.

Наурыздың тапсырмасы: сөздік жұмыспен таныстыру.

*Көктем – весна;*

*Наурыз – март;*

*Сәуір – апрель;*

*Мамыр – май;*

*Мезгіл – время.*

Сәуірдің тапсырмасы: диалог бойынша сөйлеу.

- Бір жылда төрт жыл мезгіл бар.

- Ең әдемі жыл мезгілі – көктем.

- Көктем айлары: Наурыз, Сәуір, Мамыр.

- Ханның балалары сол айлардың атымен аталады.

- Көктем ханның бірінші баласы Ұлыстың Ұлы күні 22 наурызда дүниеге келді.

- Екіншісі 12 сәуір – Ғарышкерлер күнінде жарық әлем есігін ашты.

- Үшіншісі 9 мамыр – Жеңіс күнінде туды.

- Бәрі де тату-тәтті өмір сүріпті.

## **VI. Сергіту сәті.**

**VII.** Көктем хан балалардың жұмыс істегенін ұнатады екен.

3-тапсырма, 166-бет. Көктем туралы мәтінді аудару. Кітаппен жұмыс. Дәптерге жаңа сөздерді жазып алу.

## **XIII. Бекітуге:**

- Балалар, Мамырдың бізге дайындаған ойыны бар екен.

«**Күн мен түн**» ойыны. Ойынның шарты: үлестірме қағаздағы сөздерді көрсетіп, оның аудармасын тапқанша түн өтеді, Күн деген сөзді айтқанда, оқушылар көздерін ашып, жауабын айта бастайды.

## **XI. Қорытынды:**

- Балалар, бүгін бізге Ханның үш баласы сабаққа келіп кетті. Олардың тапсырмаларына рахмет айтамыз. Көктем туралы көп мағлұмат алдық.

**X. Үй жұмысы:** Көктем туралы мақал-мәтел жаттау.



## СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

**Мақсаты: білімділік** – дене тәрбиесі сабағы туралы толық түсінік беру. Сурет бойынша сөйлем құрай білу, сөздік қорларын молайту. Өлеңді мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік** – «Бұл қай сабақ?» сұрағына жауап беру арқылы әңгімелер ұйымдастыру. Салауатты өмір салтын ұстануға, мәдениеттілікке тәрбиелеу; **дамытушылық** – жаңа тақырып бойынша сөздер мен сөз тіркестерін меңгерту, қисынды ойлау қабілеттерін дамыту.

**Түрі:** жаңа, аралас, сайыс сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, аудару, сұрақ-жауап. **Пәнаралық байланыс:** дене тәрбиесі, қазақ әдебиеті пәндері. **Көрнекілігі:** Power Point бағдарламасында жасалған дене тәрбиесі сабағы туралы суреттер, сөздер презентациясы, интерактивті тақтадағы тірек-сызба, жаңа сөздер және жеке қағаздарға жазылған тапсырмалар, доптар, секіртпелер.

### Сабақ барысы:

**1. Ұйымдастыру кезеңі:** 1. Амандасу.

2. Түгелдеу.

**2. Үй тапсырмасын сұрау:** Әрқайсысына спорт тақырыбына жеке-жеке берілген мақал-мәтелді жаттап, аударып келу.

**3. Жаңа сабақ:** Сыныпты екі топқа бөліп отырғызамын.

I топ – Батыр тобы; II топ – Қаһарман тобы.

### Тапсырмалармен жұмыс.

**Сөздік жұмыс:** интерактивті тақтада слайд көрсету:

*Дене тәрбиесі – физическая культура;*

*жүгіремін – побегу;*

*секіремін – прыгаю;*

*шынығамын – закаляюсь.*

Дене тәрбиесі. }  
Жүгіремін. } Батыр тобы  
Секіремін. }  
Шынығамын.

Жаттығу. }  
Доп. } Қаһарман тобы  
Секіртпе. }  
Шығыршық. }

Дене тәрбиесі *сабағы.*

*Мен жүгіремін.*

*Мен секіремін.*

*Мен шынығамын.*

*Жаттығу жасаймын.*

*Доп ойнаймын.*

*Секіртпемен секіремін.*

*Шығыршықты айналдырамын.*

1. Мұғалім сөздердің мағыналарын түсіндіреді.

2. Сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру:

а) Мұғалім дауыстап оқиды, оқушылар тыңдап отырады.

ә) Мұғалім оқиды, оқушылар қайталайды.

б) Оқушылар тізбектеп оқиды.

3. Екі топ сөз тіркестерін құрастырады.

4. Сөйлемдер құрайды.

**1-тапсырма:** жұптық жұмыс. Сурет диалогты оқу. /Бұл қандай сабақ?/ Жаңа сөздерді өздеріне таптырып, сөздік дәптерлеріне жаздыру.

- Бұл қандай сабақ?

- Бұл – дене тәрбиесі сабағы.

- Дене тәрбиесі сабағы қайда өтеді?

- Дене тәрбиесі сабағы спортзалда өтеді.

- Балалар не істеп жатыр?

- Балалар дене тәрбиесі жаттығуларын орындап жатыр.

- Райымбек не істеді?
- Райымбек турникке тартылды.
- Саша не істеді?
- Саша аттан секірді.
- Оля не істеді?
- Оля шығыршықпен ойнады.
- Кім жүгіріп жүр?
- Диас жүгіріп жүр.


**Мұғалім мен оқушылар:**


1. Мұғалім дауыстап оқиды, оқушылар тыңдап отырады.
2. Мұғалім оқиды, оқушылар қайталайды.
3. Оқушылар түсініксіз сөздерді мұғалімнің алдынан алып, тізбектеп оқиды, аударды.

**Сергіту сәті. Доппен ойнау.**

**Ойынның шарты:** Екі топ ортаға шығып бір-біріне допты лақтыра отырып, қазақша сөздерді бір-бірін қайталамай айтуы керек. Қай топ шатаспай көп сөз айтса, сол топ жеңеді.

**2-тапсырма:** Сөйлеп үйрен /Үлестірмелі парақшалармен жұмыс/




 Ойнадым, ойнадың, ойнады.  
 Секірдім, секірдің, секірді.  
 Жүгірдім, жүгірдің, жүгірді.

**Мұғалім мен оқушылар:**

1. Мұғалім сөздерді мәнерлеп оқиды, оқушылар тыңдайды.
2. Оқушылар сөздерді тізбектеп оқиды.


**3-тапсырма:** «Футбол» атты өлеңді мәнерлеп оқу, аудару, буынға бөліп, буынның түрлеріне ажырату.

Футбол деген ойынға  
Барлық бала құмар-ақ.

Бірақ жолдың бойында

Доп теппендер қуалап.

**4-тапсырма:** Сөйлемдерді оқып, жаз.



**Сергіту сәті.**

**Секіртпемен ойнау:**

Екі топ екі қатарға тұрады да, екеуіне де секіртпе беріледі.

Сол секіртпемен оқушылар бара жатқанда қазақша, қайтқанда орысша 10-ға дейін санаулары керек. Шатаспай ойнай білген топ жеңеді.

**5-тапсырма:** сөйлемдерді жаз /тақтамен жұмыс/.

Мен таңертең тұрамын, ... ашамын, ... орындаймын. Содан кейін ... . Күндіз ... . Қыста ... және ... тебемін.

**Сабақты бекіту:**

- Бұл қандай сабақ?
- Бұл – дене тәрбиесі сабағы.
- Дене тәрбиесі сабағы қайда өтеді?
- Дене тәрбиесі сабағы спортзалда өтеді.
- Шығыршық деген не?
- Жүгіру деген не?
- Жаттығу деген не?

**Сабақты қорытындылау /бағалау/.**

**Үйге тапсырма беру:**

64-беттегі №3 тапсырманы орындау, аудармасын білу.

Жаңа сөздерді жаттау.

# ДҰРЫС СӨЙЛЕУ МЕН ҮЛКЕНДІ СЫЙЛАУ

(3-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – оқушыларға үлкенді сыйлау туралы білімдерін толықтыру; сөздерді дұрыс айтып, сөз тіркестерін құрастыра алу, сұрақтарды дұрыс қойып, оған жауап бере алу, тәуелдік және жіктік жалғауларын дұрыс құрастыра алу; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын байыту, сөйлемдерді дұрыс құрастыра алуын жетілдіре отырып, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып, адамгершілік негіздеріне тәрбиелеу.

**Әдісі:** танымдық ойлау әдістері, сұрақ-жауап, талдау, топтастыру, рефлексия, тірек-сызба, тест әдістері, дамыта оқыту, шығармашылық әдісі.

**Түрі:** дәстүрлі емес сабақ. **Көрнекілігі:** сызба, мазмұнды суреттер, слайд, тест тапсырмалары.

## **Сабақтың барысы.**

I. Ұйымдастыру кезеңі (сабақ бастауға мүмкіндік тудыру).

Психологиялық дайындық.

- Балалар, бүгінгі сабаққа бізге қонақтар келіп отыр. Олай болса, бәріміз бірге қонақтармен сәлемдесейік.

Жақсы оқып сабақты,

Әдеп сақтау – сәніміз.

Сәлем бердік сіздерге,

Басты иіп бәріміз.

- Балалар, сабағымызды сұрақ-жауап арқылы тәлім сәтінен бастайық.

- Әрбір адам? – Туыс , дос.
- Әрбір сабақ? – Үйрену, ұғу.
- Әрбір ісің? – Тірлік, тірлік.
- Әрбір сөзің? – Шындық, бірлік.
- Олай болса, балалар, бүгінгі сабағымызда әрбір ісімізге

мұқият болайық.

Тіл дамыту сұрақтары:


- Қазір қай жыл мезгілі?
- Қыс айларына қандай айлар жатады?
- Бір аптада неше күн бар?
- Апта күндерін атап беріндер.
- Бүгін аптаның қай күні?
- Бүгін сендерде неше сабақ?
- Қазақ тілі нешінші сабақ?
- Қазір қандай сабақ?
- Енді, балалар, өткен сабақтарда өткен сөздер, сөз тіркестерін,

сөйлемдерді еске түсіреміз.

## II. Үй жұмысын тексеру.

### III. Жаңа сабақ.

- Бүгін өтетін жаңа сабақтың тақырыбын сөзжұмбақты шешу арқылы табамыз.



1. «Кішкентай» деген сөздің антонимі.

2. «Подарить» деген сөздің аудармасын тап.

3. Шай ішетін ыдыс қалай аталады?

4. «Воспитанность» деген сөздің аудармасын білесің бе?

5. Қазақстан Республикасының Елордасын ата.

6. «Здоровье» деген сөз қалай аударылады?

7. Аптаның алтыншы күнін не дейміз?

- Енді, балалар, осы тақырыпқа байланысты жаңа сөздермен танысамыз.

А) мәнерлеп оқу (аудирование);

Б) тізбектеп оқу;

В) дәптерлеріне жазу.

- Балалар, оқулықты ашып, мәтінді оқимыз.

А) мәтінді тыңдау (аудирование);

Б) мәтінді дауыстап оқып шығу;

В) Суретпен жұмыс (Оқушылар үш топқа бөлініп, суретке байланысты сұрақтар құрастырады).

### **Сергіту сәті:**

Біз тұрдық, біз тұрдық,

Оңға, солға

Бас бұрдық.

Екі жаққа қол созып,

Орында тұрып біз жүрдік.

Енді отырып қарайық,

Қолға қалам алайық.

1. Тақтамен жұмыс:

1-оқушы «Сыйлау» сөзіне фонетикалық талдау жасайды.

2-оқушы «Әдепті бала» деген сөз тіркесін тәуелдейді.

3-оқушы «Ізетті бала» деген сөз тіркесін жіктейді.

2. Қазақ халқының «*Орамал тастау*» ұлттық ойынын ойнату. Әдептілікке байланысты сөздерді, сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді еске түсіру.

3. Интерактивтік тақтамен жұмыс.

Төмендегі сөздерді жалғаулардың түрлеріне бөліп жазыңдар:  
Баламын, әжем, әдептіміз, сапарлар, үлкендер, атаң, достары,  
отбасымыз, ағаңыз.

#### IV. Сабақты бекіту.

Тест жұмысы:

##### 1. Үлкенді сыйлайтын бала:

а) жаман бала;      ә) әдепті бала;      б) нашар бала.

##### 2. Жуан дауысты дыбысты тап.

а) о, ұ, ы, а;      ә) о, ө, ы, і;      б) ұ, ү, ә, е.

##### 3. Амандасқанда айтатын сөзді көрсет.

а) Рақмет.      ә) Сәлеметсіз бе!      б) Сау бол!

##### 4. Қоштасқанда айтатын сөзді көрсет.

а) Қайырлы таң!      ә) Көріскенше!      б) Қайырлы күн!

##### 5. Қонақ ... отырады.

а) есікке;      ә) төрге;      б) терезеге.

##### 6. Дастарқанға ... қояды.

а) тағам;      ә) бала;      б) көше.


##### 7. Көптік жалғауы бар сөзді тап.

а) ата;      ә) бала;      б) аталар.

##### 8. Дауыссыз ұяң дыбыстарды тап.

а) б, п, с, т;      ә) қ, к, ч, п;      б) г, ғ, д, ж.

##### 4. Қорытынды.



5. Еңбектерін бағалау.

6. Үйге тапсырма.



# АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ – ҚОРҚЫТ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** ақын, күйші, аңыз кейіпкері Қорқыт ата туралы жан-жақты мәлімет беру. Халық арасында кеңінен таралған Қорқыт ата туралы аңыздар нұсқалары жөнінде түсінік беру. Ауызекі сөйлеу тілін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Оқушылардың қазақ тарихы мен ауыз әдебиетіне, өнеріне қызығушылығын арттыру, олардың бойында оптимизм, табандылық қасиеттерін қалыптастыру.

**Көрнекілігі:** Қорқыт ата портреті, тірек-сызба, қосымша материалдар, ұнтаспаға жазылған Қорқыт күйлері.

**Сабақтың барысы.**

## I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушыларды ұйымдастыру /кезекші мәліметі/.

2. Кіріспе сөз /сұрақ-жауап арқылы/.

- «Өнер» деген сөзді естігенде көз алдарыңа не елестейді?

- Ал, қазақ халқының қандай музыкалық аспаптарын білесіңдер?

- Қобызда күй тыңдағандарың бар ма?

- Ал, ендеше, қазір ұнтаспадан күй тыңдайық.

## II. Жаңа сабақты түсіндіру:

1. Ұнтаспадан Қорқыт күйін оқушыларға тыңдату.

2. Күйді тыңдап болған соң, балалармен күйден алған әсері туралы әңгімелесу.

3. Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсаттарымен таныстыру.

- Бүгінгі сабағымыз осы тамаша күйді шығарған Қорқыт атаға арналады. Тарихи деректер мен халық шежіресі бойынша, Қорқыт ата – VII-VIII ғасырларда өмір сүрген атақты ақын, асқан күйші, аңыз кейіпкері. Қорқыт атаның ақындығының дәлелі – Қорқыт ата кітабы. Оның екі нұсқасы сақталған: Дрезден және Ватикан. Дрезден нұсқасы 12 жырдан, Ватикан нұсқасы 6 жырдан тұрады. 1999 жылы ЮНЕСКО Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығын атап өтті. Оның теңдесі жоқ күйші-композитор болғандығын халық жадында сақталған «Қорқыт», «Қорқыт сарыны», «Ұлардың ұлуы», «Башпай» күйлері дәлелдейді. Қазақ арасынан шыққан атақты күйші-бақсылар, ақын-жыраулар бастар алдында, алдымен, Қорқыт атаның есімін ауызға алуды шарт деп білген.

Жыраудың үлкен пірі – Қорқыт ата, бата алған одан барлық бақсы, бағы асқан балгер ата. Таң қалып жұрттың бәрі тұрады екен, Қобызбен Қорқыт ата күй тартқанда.

Халық қобызды да жырға қосқан. Халық арасында Қорқыт туралы аңыздар кеңінен тараған. Олар: «Қорқыттың өлімнен қашуы», «Қорқыт және қырық қыз», «Қорқыт пен ажал», «Қорқыттың Әзірейілмен алысуы».

### **III. Мәтінмен жұмыс. «Қорқыт».**

Мұғалім мәтінді оқиды.

Мәтін бойынша сұрақ-жауап негізінде сөйлесу:

- Қорқыт ата кім?
- Ол қандай адам болған?
- Қорқыт ата қандай өмірді аңсаған?
- Қорқытты қандай ой мазалайды?
- Ол мәңгілік өмірді неден тапты?
- Қорқыт өлгенімен оның ісі өлді ме?

#### IV. Бекіту.

1. Деңгейлік тапсырмалар:

а/ кестені толтыр, сол бойынша Қорқыт ата туралы әңгімеле.

ә/ Қорқыт туралы шағын әңгіме құрастыр.

б/ Мәтіннің мазмұнын айтып бер.

3. Әлем әдебиетіндегі «Өмір мен өлім күресі» тақырыбына жазылған шығармаларға тоқталу.

V. Қорытындылау.

VI. Үй тапсырмасын беру.

VII. Оқушылардың білімін бағалау.



Гүлнара МУСИНА,  
Орал қаласындағы  
№9 жалпы орта білім беретін  
мектептің мұғалімі.

## СЕБЕП-САЛДАР ЖӘНЕ ТОПТАУ ҮСТЕУЛЕРІ

**Мақсаты:** 1. «Ұлттық ойындар» лексикалық тақырыбы бойынша оқушылардың сөздік қорын байыту, сауатты сөйлеу, жазу дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін дамыту; 2. Себеп-салдар және топтау үстеуі түрлерін меңгеру; 3. Қазақтың ұлттық ойындары арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін, сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру; 4. Ұлттық ойындардың мәнін, мақсатын ұғындыру.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, асықтар, тоғызқұмалақ, тақия, орамал, қамшы, қоржын. **Әдісі:** әңгімелеу, баяндау, мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, диалог, ұлттық ойындар, сызбамен жұмыс, тақтамен жұмыс, дәптермен жұмыс.

### **Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру бөлімі:** а) Сәлемдесу;

ә) Оқушыларды түгелдеу.

**II. а) Үй тапсырмасын тексеру.**

**III. Жаңа тақырыпты түсіндіру.**

- Балалар, ұлттық сипат деген ұғым ұлттық ойындарсыз толық болмайды, өйткені ұлттық ойындар – салт-дәстүрлердің бір саласы. Әр жастың кезеңіне сай, сол табиғи ортамен, халықтың тұрмысымен, шаруашылығымен, тарихымен тығыз байланысты халықтың ұлттық ойындары болады. Қазақ халқы ежелгі заманнан кең-байтақ, табиғаты бай жерді мекендеп, төрт түліктің бәрін: жылқы, түйе, қой, ешкі өсіріп, мал шаруашылығымен айналысып келеді. Сол себепті қазақтың ұлттық ойындары да – сол өмірдің, тұрмыс-тіршілігінің айнасы. Бүгін де қазақтың жүзден аса ойын түрлері бар. Баланың тәрбиесі, отбасылық тәрбие, той, жиын, думан, мерекелері ойын-сауықсыз өтпейді. Ойнамайтын бала жоқ, ойынға қызықпайтын адам жоқ. Көңіл көтермейтін адам, сауық құрмайтын халық жоқ. Үлкен де, кіші де ойнап көңіл көтереді.

Оқулықтың 132-бетін ашындар.

**1. Сөздікпен жұмыс:**

*Нышан* –

*Қайрат-жігер* –

*Сезімталдық* –

*Байқампаздық* –

Төзімділік –

Шатишаңдық –

Дәлдік –

Тапқырлық –

**2. Мәтінді оқу.**

**3. Мәтін бойынша сұрақтар:**

Мәтінде не туралы айтылады?

Мәтін қайдан алынған?

Мәтіннің бірінші азат жолын атаңдар.

Екінші азат жолын қалай атайсыз?

Үшінші азат жолды атаңыз.

**№3 тапсырма. 132-бет (Екеуара жұмыс)**

4. «Девушка и джигит» киносынан үзінді, көрген көрініс бойынша сұрақ-жауап.

**№5.** Сызбаны толтырыңдар.



**№6.** «Ұлттық ойындар» атты көріністерді тамашалайық.

I топ. «Көтермек».

II топ. «Айгөлек».

III топ. «Омпы».

**№7. 134-бет.** Себеп-салдар үстеу, топтау үстеу. Ережені топпен оқу.

Берілген сөйлемдерге үстеулерді қойып, түрін анықтау.

1. Темірлан мен Роман ..., ... уақыт «Көтермек» ойнады.
2. Балалар ... .. «Хан талапай» ойнады.
3. Ойыншылар ... жинала бастады.
4. Ол ойынға ... қатысты.
5. Балуан күреске ... қатысты.

**Керекті сөздер:** *екеулеп, біраз, топ-тобымен, аз-аздан, амалсыздан, бекерге.*

#### IV. Сабақты бекіту.

- Біз қандай ұлттық ойындармен таныстық?
- Ұлттық ойындар нені талап етеді, неге тәрбиелейді, қандай қасиеттерді арттырады?

Сызбаны толтыр.



- Бұл ойындар неге «қазақтың ұлттық ойындары» деп аталады?

**Мұғалімнің қорытынды сөзі.**

**V. Үйге тапсырма:** 134-бет. 1,2 тапсырма.



# ЖАҢА СӨЗДІ ЕРТӨСТІК

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың өткен тақырыптары бойынша білімдерін пысықтау, «Ертегі» тақырыбы бойынша білімдерін толықтыру, тілдерін дамыту. Үстеуді, етістіктің шақтарын қайталау; **дамытушылық** – оқушылардың ой-өрісін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білуге үйрету, қиялын ұштату; **тәрбиелік** – оқушылардың халық мұрасына, тіліне аяулы көзқарас қалыптастыру.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сын тұрғысынан ойлау технологиясы, Венн диаграммасы, эссе, сұрақ-жауап, ой-қозғау. **Көрнекіліктер:** интербелсенді тақта, кесте, суреттер, ақ қағаз, маркерлер. **Пәнаралық байланыс:** ауыз әдебиеті, тарих, жағрапия, ән-күй сабағы.

**Сабақтың барысы:**

## I. Ұйымдастыру кезеңі.

Оқушылармен сәлемдесу. Кезекшімен диалог. Оқушыларды сабаққа психологиялық жағынан даярлау.

- Қалдарың қалай!

- Көңіл күйлерің қалай!

- Балалар, бүгін бізде ерекше сабақ. Сабағымызға көп қонақтар келіп отыр. Келген қонақтармен өзімізді ерекше таныстырайық.

- Мен ақылды Айжанмын.

- Мен сүйікті Сашамын.
- Мен әдепті Әминамын.
- Мен мықты Маргаритамын.
- Мен мейірімді Мәдимін.
- Мен тиянақты Татьянамын.
- Мен аяулы Аидамын.
- Мен айдарлы Алмаспын.
- Мен айбынды Артеммін.
- Мен көрікті Каринамын.
- Кәнеки, көрікті Карина, бүгін нешесі?
- Аяулы Аида бүгін сабақта кім жоқ?
- Ақылды Айжан, өткен сабақта қандай тақырып өттік?
- Өткен сабақта «Ертөстік, оның достары» ертегісін өттік.

- Сүйкімді Саша, үйге қандай тапсырма берілді?
- Үйге тапсырма ертегіні мазмұндап келу, үстеуді қайталау болатын.
- Үстеу дегеніміз не? Мағыналық түрлеріне қарай нешеге бөлінеді? (7-ге бөлінеді)

Тақтада бірнеше сөйлем берілген, осы сөйлем ішінен үстеулерді тауып, тор көздерге ретімен қоямыз.

Берілген сөйлемдерден үстеулерді тауып, түрін ажыратыңдар.

- Қалай ойлайсыңдар, бүгінгі сабағымыздың мақсаты қандай болады?

1. Ертөстіктің ерліктері туралы білу.
2. Жаңа сөздермен танысу.

Жаңа тақырыпты өтпес бұрын өткен ертегіні есімізге түсірейік.

Алдарыңызда ақ парақ пен маркерлер қойылған. Топ ішінде Венн диаграммасын толтырып, тақтаға кезектесіп жазамыз.



Тындалым.

- Ертөстік дегеніміз кім?
- Ол – батыр, батыл, ержүрек адам.
- Ерназар Ертөстікке кім болады? (әкесі)
- Неге оны Ертөстік деп атаған? (ашаршылық кезінде кебежеден төстің етін тауып алған, өлімнен аман қалған бала)
- Ертөстіктің көмекшісі кім? (шалқұйрық тұлпар)
- Мынау кім болады? Желаяқ – жүйрік адам.
- Мынау Таусоғар, оны неге Таусоғар дейді? (тауды көтеріп, қайтадан орнына қойып жүрген адам)
- Көреген деп неге айтқан? (ол жер астының қырағысы, Көреген).
- Көлтауысар деген кім? (көзді ашып-жұмғанша көлді жұтып алады).
- Саққұлақ деген кім? (құлағын жерге төсеп, тыңдап жүрген адам).
- Сұрақтарға жауап бердік, енді кім мазмұнын айтып береді?  
(Бәйтеректің суреті көрсетіледі).
- Екінші тоқсанда, біз «Астана» тақырыбын өткенде, Бәйтерек туралы өттік. Кәнеки, есімізге түсіріп, қайталап кетейік.
- «Бәйтерек» кешені ненің символы?
- «Бәйтерек» кешені – тәуелсіздіктің символы.
- «Бәйтеректің» пішіні қандай идеяны білдіреді?
- «Бәйтеректің» пішіні ұлы даланың кіндігін, еркіндікке ұмтылу идеясын білдіреді.
- Н.Ә.Назарбаев қай кітабында «Бәйтерек» кешені туралы жазды?
- Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы» атты кітабында

«Бәйтерек» кешені идеясы қазақ халқының арманын білдіретін аңызға негізделгенін жазады.

- Ертөстіктің бәйтерекке қандай байланысы бар?
- Соны қазір біз осы ертегіден білеміз.
- Ертегіні не үшін оқимыз?
- Ертегінің тәрбиелік мәні көп, ол бізді тәрбиелейді.

Жақсы мен жаманды айыруға үйретеді. Мысалы, хайуанаттар туралы ертегісінде.

- Қасқыр қандай? – Жауыз. Адам арасында да қасқыр сияқты жауыздар болады.

- Түлкі қандай? – Айлакер. Адам арасында да айлакер адам болады.

- Қоян қандай? – Қорқақ. Адам арасында да қорқақ адам болады.

- Жылқы қандай – Таза, адал. Адам арасында да таза, адал адам болады.

- Түйе қандай – Төзімді. Адам арасында да төзімді адам болады.

Барлығының өз балалары болады. Оларды жақсы көреді.

Сендерді ата-аналарың қалай еркелетеді?

- Құлыным, ботақаным, балапаным дейді.

- Балапан ненің баласы?

- Құстың баласы.

- Бүгін біз Самұрық құстың балапаны туралы оқимыз.

Алдымен сөздікпен жұмыс жасайық.

Жаңа сөздерді оқып шығу және сөздік дәптерлеріне көшіріп алу.

Сөздікпен жұмыс:

*шықпақ болып – хотел выйти;*

*сәлден кейін – через некоторое время;*

*шырылдаған дауысы – пицание голосов птиц;*

*өрмелеп – ползет;*

*аман қалды – остались живы;*

*алғысын айтты – благодарил;*

*адамзатқа – человечеству;*

*қорғаушы – хранитель.*

1. Іштей оқу. 2. Дауыстап оқу. 3. Мәнерлеп оқу.

2. Оқылым.

### **Балапан**

Ертөстік жер асты достарымен қоштасып, жер үстіне шықпақ болып, жолға шығады. Көк теңіздің жағалауында өмір ағашы – алып бәйтерек өседі екен. Жолда Ертөстік демалғысы келіп, үлкен бәйтерек ағашының жанына тоқтайды. Жыл сайын бәйтеректің бұтағындағы ұясына келіп, киелі Самұрық құсы алтын жұмыртқа салады екен. Бірақ жыл сайын айдаһар сол жұмыртқаны жеп қояды екен. Демалып жатқан Ертөстік сәлден кейін шырылдаған балапандардың дауысын естиді. Ертөстік бәйтерек ағашына өрмелеп бара жатқан айдаһарды көріп, садағымен атып түсіреді. Балапандар аман қалады.

Балапандарының аман-сау қалғанын көріп, Самұрық құс Ертөстікке алғысын айтады. Разы болған құс оның жер асты патшалығынан шығуына көмектеседі. Алып құс бұдан былай адамзатқа тек жақсылық тілеуші болады. Самұрық құс қазақ жерінің тыныштығы мен бақытын қорғаушы болған екен.

Сөйлесім. Сұрақтар:

1. Ертөстік қайдан шықпақ болыпты?

2. Ертөстік бәйтерек ағашының жанына неге тоқтайды?

3. Сәлден кейін не естіледі?

4. Не көреді?

5. Не істейді?

6. Алып құс қандай болған?

### 3. Жазылым. Дәптермен жұмыс.

Тапсырмалар:

1. Осы жаңа сөздермен сөйлем құрастырындар.
2. Мәтінде берілген етістіктерді келер, өткен шақта жіктендер.

Демал (болжалды келер шақ), тоқта (ауыспалы келер шақ), көмектес (жедел өткен шақ).

3. Дұрыс па, бұрыс па?

1. Ертөстік демалғысы келсе де, үлкен бәйтерек ағашының жанына тоқтамайды.

2. Сәлден кейін шырылдаған балапандардың дауысы естіледі.

3. Ертөстік бәйтерек ағашына өрмелеп бара жатқан айдаһарды көріп қашып кетеді.

4. Балапандарды айдаһар жеп қойды.

5. Разы болған құс ештеңе демейді.

### Айтылым. Рефлексия.

- Бүгінгі сабақтың нәтижесін өздерің шығарасындар.

Қойған мақсатымызға жеттік пе?

4. INSERT кестесін толтыру және ауызша оны оқып беру.

Білемін	Білгім келеді	Не білдім

### **5. Үйге тапсырма:** мәтінді мазмұндау, сөздерді жаттау.

Бағалау парағы.

Оқуш-н тізімі	Сөз-жұмбақ	Вени диаграммасы	Сұрақ-жауап	Мәтін-мен жұмыс	Жіктік жалғау	Белсенділігі	Жалпы баға
Айжан							
Татьяна							
Алмас							
Аида							

# ТІЛГЕ ШЕШЕН ТАБИҒАТ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – тақырыптың толық мазмұнын өз бетімен және сөйлеу қызметін монологтік сөйлеу түрінде лексикалық тақырып бойынша меңгеру; **дамытушылық** – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Еркін сөйлеуге, дұрыс және толық жауап беруге бағыттау; **тәрбиелік** – табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру және оны қорғай білу, экологиялық тұрғыдан тәрбие беру.

**Әдіс-тәсілдері:** оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері.

**Лексикалық материал:** «Қызыл кітап» мәтіні, тест.

**Грамматикалық материал:** фонетика, синтаксис.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, суреттер, деңгейлік тапсырмалар.

**Формасы:** жұппен, топпен жұмыс істеу.

**Пәнаралық байланыс:** география, әдебиет.

**Сабақтың барысы:**

**II. Тіл дамыту:**

- Қазір қай сабақ?
- Тіл туралы заң қашан шықты?
- Қазір қай жыл мезгілі?
- Қыста табиғатта қандай өзгерістер болады?
- Үйге қандай тапсырма берілді?

**III. Үй тапсырмасын тексеру.**

Қазақстан Республикасындағы өзен, көлдер, таулардың аттарын жазу.

#### **IV. Жаңа тақырыпқа кіріспе.**

- Осы көлдерді, тауларды, өзендерді мекендейтін жан-жануарлар, құстар бар.

- Олар туралы мәліметтерді қайдан табуға болады?

- Бүгін сабақта әңгіме не туралы болады?

- Сабаққа мақсат қойғызу.

#### **V. Танымдық кезеңі: Мәтінмен танысу.**

##### **Қызыл кітап**

Ең алғашқы «Қызыл кітап» 1996 жылы жарық көрді. «Қызыл кітап» табиғатта қорғауды қажет ететін құстар мен жануарларға, өсімдіктерге арналған. «Қызыл кітаптың» парақтары төрт түсті болады. Қызыл парағына мүлдем жойылып кету қаупі бар аң-құстар жазылады. Ақ түсті парағына саны азайғандар, сары түсті парағына – сирек кездесетін аң-құстар, ал жасыл парағына – адамдардың қамқорлығы арқасында қалпына келтірілген жан-жануарлар жазылады.

«Қызыл кітап» Қазақстанда 1997 жылы шығарылды.

##### **Мәтінмен жұмыс:**

1. Мәнерлеп оқу.

2. Не туралы айтылған?

3. Таныс емес сөздерді белгілеу.

4. Сөздермен сөйлем, сөз тіркестерін құрастыру.

#### **VI. Интербелсенді тақтада деңгейлік тапсырмалар беріледі.**

III, II, I деңгейдегі тапсырмалар жеңілден ауырға қарай күрделенген.

**III деңгей.** Мәтінге сұрақтар дайындаңдар.

Құстар сөзіне фонетикалық талдау жаса.

**II деңгей.** Мәтінге тірек-сызба құрастырып, сызбаны қорғандар.

Сөйлемге синтаксистік талдау жаса.

*Қызыл парағына мүлдем жойылып кету қауіні бар аң-құстар жазылады.*

**I деңгей.** «Табиғат пен адам – біртұтас» тақырыбына шағын шығарма жазыңдар.

## **VII. «Сөйлемді жалғастыр» ойыны.**

Жер-ана – ...

Адам баласы табиғатты ...

Су мол болса, ...

Табиғатқа қамқорлық ...

Экология, алдымен, ...

**VIII. Әр топ берілген тақырыпқа өздерінің пікірлерін айтады.**

**I топ.** Атмосфераның ластануы.

**II топ.** Гидросфераның ластануы.

**III топ.** Литосфераның ластануы.

## **IX. Лексика-грамматикалық тест орындау.**

Тест бес сұрақтан тұрады.

### **1. Табиғат адамдардан:**

а/ қамқорлық қажет етпейді; ә/ қамқорлық күтеді;

б/ қамқорлық талап етеді.

### **2. Күрделі баяндауышты тап:**

а/ оқып отыр; ә/ шетелде; б/ жатыр.

### **3. Табиғатты сақтау үшін ...:**

а/ улы заттар көп болу керек;

ә/ адам табиғатқа қамқорлық жасауы қажет;

б/ мән бермейді.

### **4. Баяндауыш құрамына қарай неше топқа бөлінеді?**

а/ 5; ә/ 2; б/ 3.


### **5. Адам мен табиғат ...:**

а/ бөлек дүние; ә/ айта береді; б/ бөлінбейтін бір дүние.

## **X. «Табиғат» сөзіне кластер құрастыру.**

тіршілік көзі

тіршілік негізі



тірі дүние

тіршілік ететін ортақ үйіміз

## XI. Сабақты қорытындылау (Рефлексия).

- Балалар, табиғатты қорғау үшін қандай үлес қосар едіңдер?

## XII. Үйге тапсырма беру.



Индира НҰРЖАНҚЫЗЫ,

Павлодар облысының

Ақсу қаласындағы

№8 жалпы орта білім беретін

мектептің мұғалімі.

# АУЫЗЕКІ ТІЛІ ҚУАТТЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – «Бәрі де халық игілігі үшін» модулі бойынша өтетін сөздер мен сөз тіркестерін сөйлемдерде пайдалана білу; **дамытушылық** – ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдіру; ауызша ойлау мен сөйлесу қабілетін дамыту; сөз тіркестерін және сөйлем құрау дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік** – Отанымызды бағалай



білуге, адамгершілік, отансүйгіштік қасиеттерін жетілдіру.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдістері:** сұрақ–жауап, әңгімелеу, іздендіру, ойын, практикалық әдістер. **Көрнекіліктері:** тапсырмалар, кәртiшкелер, мақал-мәтелдер.

### Сабақтың барысы:

#### I. Ұйымдастыру кезеңі.

- а) сыныптағы оқушыларды түгелдеу;
- ә) дәрісхананың сабаққа дайындығын тексеру.

#### II. Үй тапсырмасын тексеру.

«Ауыл шаруашылығы» тақырыбына байланысты мақал-мәтелдерді қайталау.

#### III. Жаңа сабақ.

Сабақтың тақырыбымен және мақсатымен таныстыру:


- а) мәтінді оқу; ә) жаңа сөздермен жұмыс; б) сөз тіркестерін құрастыру; в) грамматикалық тапсырмалар.

**Кіріспе сөз:** *Табиғатты қорғау – қасиетті іс.*

- Бұл сөйлемді қалай түсінесіңдер? Мағынасы неде?

- Жақсы. Ал енді табиғат туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?

- Табиғат дегенде ойларыңызға қандай сөздер мен сөз тіркестер келеді?



- Жақсы. Ал, табиғатсыз өмір бар ма?

- Жоқ. Өйткені, табиғат – тіршіліктің көзі.

- Дұрыс, айтасың. Яғни, табиғат – тіршіліктің көзі

болғандықтан, оны не істеу керек? Оны қорғау керек.

- Ал, қорғау сөзінің синонимдерін келтіріндерші.

- Қорғау, аялау, сақтау, күту, қамқорлық жасау.

- Бүгін сабақта жаңа сөздермен танысамыз, сөз тіркестерін құрастырамыз, мәтінмен жұмыс жасаймыз.

### **Жаңа сөздер:**

*Сақтай алғандар – сумевишие сохранить;*

*Тазартушы – очиститель;*

*Көмірқышқыл газы – углекислый газ;*

*Оттегі – кислород;*

*Шығарып тұрады – выделяет;*

*Демалу – дышать.*

**1. Мұғалім сөздердің мағыналарын түсіндіреді.**

**2. Сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру:**

а) Мұғалім мәнерлеп оқиды.

ә) Оқушылар дауыстап қайталайды.

б) Оқушылар тізбекпен оқиды.

**3. Сөздер мен сөз тіркестерін құрастыру.**

**Тіл дамыту. Мәтінмен жұмыс:**

1. Мәтінді мәнерлеп оқып, мәтін бойынша модель құрастыр.

2. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыр.

**Практикалық жұмыс:**

**Көп нүктенің орнына керекті жалғауларды қойындар.**

- |  |            |
|--|------------|
| 1. Табиғат..... өмір жоқ.                                      | да         |
| 2. Экология терминін ғылым..... алғаш енгізген – Э.Геккель.    | ты<br>лар  |
| 3. Корея... еш уақытта орманды кесіп, өндіріске пайдаланбайды. | тер<br>сыз |
| 4. Жан-жануар..... мен өсімдік.....                            | ға         |
| 5. Адам табиғатты қорғайды.                                    | ке         |

4. Бекіту кезеңі: Берілген сөзден зат есімді сөздер құрастыр.



Шаруа, шақ, уақ, қылыш, лақ, ру, ар, ауа, шал, аш, шуақ, шару, шу, қар, қу, шақыру, шар, шаш, шашу, шуақ, шық, роса, шырша, шырақ, свечка, ырық, воля, у, қыш глина, қыша, горчица, ауыл, ара, ақыл.

5. Сабақты қорытындылау.

6. Бағалау.

7. Үй тапсырма: «Табиғатты қалай қорғаймыз?» тақырыбына шығарма жазу, «Табиғат» туралы тест құрастыру, жаңа сөздерді жаттау.



Лаура ҚАҺАРМАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласындағы  
№106 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ДҰРЫС СӨЙЛЕУГЕ ДАҒДЫЛАНДЫРҒАН БИЛЕР

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың қазақтың атақты үш биі туралы алған білімдерін қорыту; дамытушылық – оқушыларды тақырып бойынша қазақ тілінде дұрыс сөйлеуге дағдыландыру, олардың логикалық ойлау, еске түсіру қабілеттерін арттыру, тіл байлығын дамыту; тәрбиелік – оқушылардың еліне, туған жеріне

деген сүйіспеншілігін арттыру, тарихын құрметтеуге баулу, даналыққа тәрбиелеу.

**Типі:** бекіту сабақ, сайыс сабақ. **Әдісі:** топпен жұмыс. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, бейдждер, сұрақтар жазылған қиық қағаздар, портреттер, сөзжұмбақ.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушылармен сәлемдесу. Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады. Оқушылардың сабаққа дайындығын қадағалау.

**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

**III. Сабақ барысын түсіндіру.** Сабақ жарыс түрінде жүргізіледі. Мұғалім ойынның шартын түсіндіреді. Сынып үш топқа бөлінеді.

I топ – «Төле би» ауылы.

II топ – «Қазыбек би» ауылы.

III топ – «Әйтеке би» ауылы.

Әрбір оқушының жауабы фишкалармен бағаланады: Көк – «5», Қызыл – «4», Сары – «3».

**I тур – «Тез ойла» ойыны.** Әр топ өзіне берілген мәтін бойынша 3 сұрақтан дайындайды.

«Төле би» ауылы – «Қазыбек би» ауылына;

«Қазыбек би» ауылы – «Әйтеке би» ауылына;

«Әйтеке би» ауылы – «Төле би» ауылына сұрақтарын қояды.

Қойылған сұрақтарды дәптерімізге жазып отырамыз.

Әр оқушы фишкамен бағаланады.

**II тур – «Өрмекші» ойыны.** Интербелсенді тақтада берілген екі бағанадағы сөздердің негізінде әр түрлі сөз тіркестерін құрастырып жазамыз. Сөз тіркесін дұрыс құрастырған оқушы фишкамен бағаланады.

ұлысты  
тағына  
билер  
құқықты  
билік  
ханнан

сайланатын болған  
басқарған  
пайдаланған  
соттай алмайтын еді  
тараған  
сұлтандарда болған

### **III тур – «Өз жартынды тап» ойыны.**

Интербелсенді тақтада берілген мақал-мәтелдердің жартысын тауып жазыңдар. Мақал-мәтелдің жартысын дұрыс тапқан оқушы фишкамен бағаланады.

#### **Мақал-мәтелдер:**


- |                                 |                        |
|---------------------------------|------------------------|
| 1. Кісі елінде сұлтан болғанша, | тірлік бар.            |
| 2. Отан үшін күрес –            | Ер атағын ел сақтар.   |
| 3. Туған жердей жер болмас,     | Елің үшін күй.         |
| 4. Ел үмітін ер ақтар,          | ерге тиген үлес.       |
| 5. Өзің үшін ту,                | Туған елдей ел болмас. |
| 6. Бірлік бар жерде -           | Өз еліңде ұлтан бол.   |

**IV тур – «Кім тапқыр?» ойыны.** Интербелсенді тақтадағы сөзжұмбақты шешіңдер. Дұрыс жауабын тапқан оқушы фишкамен бағаланады.

#### **«Кім тапқыр?»**

##### **Тігінен:**

1. Авторитет.
2. Власть.
3. Честный.
4. Советник.
5. Деятель.



### V тур – «Кім жылдам?» ойыны.

Ортаға үш ауылдың билері шақырылады. Қоржыннан нөмірлер белгіленген жетон қағаздарын алып, жетон нөмірлеріне сәйкес сұрақтарға жауап береді. Алдын ала дайындалған қиық қағаздарда сұрақтар беріледі.

#### Сұрақтар:

1. Төле би қай жылы дүниеге келген?
2. Қаз дауысты Қазыбек би бабамыздың денесі қай жерде жерленген?
3. Әйтеке бидің әкесінің аты кім?
4. Қай ханның тұсында «Жеті жарғы» әдет-ғұрып заң жинағы жасалды?
5. Төле бидің әкесі Әлібек кім болған?
6. Қазіргі кезеңде үш бидің мақсат-мұраттары жүзеге асты ма?

Дұрыс жауап берген оқушы фишкамен бағаланады. Осы сұрақтар арқылы оқушылар сабақты қорытады. Фишка сандарына байланысты әр оқушы, әр топ бағаланады. Мұғалім сабақты қазақ халқының атақты үш биінің өлең жолдарымен қорытады.

## **Жеті «жетім».**

Тыңдамаған сөз – жетім,  
Киюсіз тозған бөз – жетім,  
Иесіз қалған жер – жетім,  
Басшысы жоқ ел – жетім,  
Аққу-қазсыз көл – жетім,  
Жерінен айырылған ер – жетім,  
Замандасы қалмаса –  
Бәрінен де сол жетім. (Төле би)

## **Не қиын?**

Арадан шыққан жау қиын,  
Таусылмайтын дау қиын.  
Шанышқыласа сөз қиын,  
Жазылмаса дерт қиын,  
Іске аспаған серт қиын. (Қазыбек би)

## **Асыл сөз.**

Ашу деген – ағын су,  
Алдын ашсаң, арқырар.  
Ақыл деген – дария,  
Алдын тоссаң тоқырар.  
Кісі біреумен туыспау керек,  
Туысқан соң сөз қуыспау керек.  
Сөз қуған пәлеге жолығады,  
Жол қуған олжаға жолығады. (Әйтеке би)

**Үйге тапсырма:** билер туралы қосымша мәліметтер жинап, реферат жазып келу.



Гүлжиян БАЙЗОЛЛАҚЫЗЫ,  
Ақмола облысының  
Ақкөл қаласындағы  
№2 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## САУАТТЫ СӨЙЛЕТКЕН – БІЗДІҢ ОТАНЫМЫЗ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – киелі елдің қадір-қасиеті туралы пікірлесу. Алдыңғы өткен сабақтарды қайталай келіп, оқушыларды ойларын тақырыптарға байланысты дамытуға, өз ойларын қорыта білуге үйрету; **дамытушылық** – сауатты сөйлеу, ойларын тұжырымдап айта білу, сұраққа дұрыс жауап бере білу дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың туған еліне, ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүріне деген патриоттық сезімдерін арттыру, бірлікке, достыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, жұлдызшалар, үлестірмелі қағаздар. **Пәнаралық байланысы:** тарих, әдебиет. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түсіндірмелі, баяндау, ойландыру әдістері.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**

- а) оқушылармен сәлемдесу;
- ә) кезекшінің есебі;
- б) сабақтың ұранын айту.


**Мұғалімнің кіріспе сөзі:** – Балалар, біз сендермен «Біздің Отанымыз» модулін аяқтадық, сондықтан бүгін қайталау сабағы болады, Отан туралы не білдік, не туралы әңгіме құрдық – барлығын ортаға салайық.



- Сабағымыз мынадай кезеңдерден тұрады:

1. Ойшақыру;
2. Ойлан, тап;
3. Миға шабуыл;
4. Өнер алды-қызыл тіл;
5. Жұлдызды сәт.

Алдымен Отан сөзіне кластер толтырамыз, жазылған сөздерді байланыстырып, әңгіме құраймыз.



«**Ойшақыру**». Жаңа сөздермен жұмыс жүргізу, тақтада орыс тіліндегі сөздерге оқушылар аудармасын жазады.

*Независимая – тәуелсіз;*

*Сильная – қуатты;*

*Горжусь – мақтан етемін;*

*Свободно – еркін;*

*Имеет право – ерікті;*

*Символы – рәміздер.*

Мәнерлеп, нақышына келтіріп, бір оқушы Отан туралы өлең оқиды.

«**Ойлан, тап**». Өлең жолдарынан тәуелдік, септік жалғауларын тауып, дәптерге жазу.

Отан дейміз от жаққан жерімізді,

Отан дейміз өсірген елімізді.

Отан дейміз туған жер, атамекен

Биік тау, орман-тоғай, көлімізді.

Отаным менің – кең-байтақ Қазақстан,

Аман өткен талай дүлей азаптан.

Бар әлемді өз ауызына қаратқан,

Кім бар, қане, артық дейтін қазақтан?!

Тапсырма: ел, су сөзін тәуелдеу, әлем сөзін септеу,  
**Отанымыз** сөзіне морфологиялық, **жұлдыз** сөзіне фонетикалық талдау жасау.

### **Миға шабуыл.**

Оқушылардың өткен тақырыптары бойынша білімдерін тексеру мақсатында сұрақ-жауап әдісі арқылы лексико-грамматикалық сұрақтар қойылады:

1. Фонетика нені зерттейді?
2. Екпін қай буынға түседі?
3. Қазақ тілінде неше буын бар?
4. Алдымызда қандай үлкен мереке келе жатыр?
5. Қазір қандай күндер өтіп жатыр?, т.б. сұрақтар.

Оқушылармен сергіту сәтін жүргізу:

**Жұлдызды сәт.** Сандар ойынын жүргізу:

1991      1992

1995      1998

2010      2011

Жұлдызды сәт кезеңінде оқушыларға өткен сабақтардан әр тақырыпқа монолог, диалог айтуға мүмкіндік беріледі.

Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай, 20 жұлдызды күндеріне байланысты тақтадағы ілініп тұрған жұлдызшаларды оқушылар бір-бірден алып, Отанға байланысты сөздер, сөз тіркестер немесе білетін өлең, әңгіме айтады.

**Қорытынды:** – Балалар, бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңіз қандай?

– Бүгін қосымша біз тағы не білдік?

**Үйге тапсырма:** «Біздің Отан» тақырыбына шағын 4-5 сөйлемнен тұратын эссе жазып келу.

Нүргүл ШАЙМҰРАТОВА,  
Ғ.Молдашев атындағы  
жалпы орта білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Казталов ауданы,  
«Жалпақтал» ауылы.

# ТІЛІ ҚҰНАРЛЫ ҚҰРМАНҒАЗЫ

(7-сынып)

**Мақсаты: білімділік** – қазақ халқының ұлы күйшісі туралы түсінік беру, шығармаларымен таныстыру, тақырып бойынша өтетін сөздер мен шақтарды дұрыс пайдалану, етістікті қайталау; **дамытушылық** – ауызша, жазбаша тіл байлықтарын дамыту, сөздік қорларын молайту, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – тарихтағы ұлы күйшінің өмірбаянын үлгі ете отырып, құрмет, мақтаныш, сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

**Түрі:** қайталау сабағы. **Әдісі:** жаңа сөздермен, мәтінмен интерактивті тақтамен жұмыс жасау, әңгімелеу, сұрақ-жауап, түсіндіру, СТО элементтерін пайдалану. **Көрнекілігі:** күйшінің портреті, мақал-мәтелдер, интерактивті тақта.

(Асылбек Еңсепов. «Адай». Үнтаспадан тыңдау.

**Сабактың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**


**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

**Мұғалім сөзі:** - Өнер – ағып тұрған бұлақ,

Білім – жанып тұрған шырақ.

- Біз сендермен бірге білім шырағының көмегімен өнер бұлағының көзін ашайық.

- Өнердің тағы қандай салаларын білесіңдер?



- Осы өткен өнер түрлерін қайталай келе, бүгін күй өнері және күй атасы- Құрманғазы жайында өтеміз.

- Күй десек, алдымен, есімізге домбыра түседі. Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра.

Домбыра – халқымыздың жан серігі. Ол – тарих, тағдыр, тіл, тұрмыс пен әдет-ғұрыпты айқын көрсететін ұлттық байлығымыз. «Адай» күйін тартып отырып: «Міне, толқын жағалаудағы жарлауытқа соғып жатыр, міне, бір уыс топырақ суға шолп етіп құлап түсті» немесе «Адайдың» үшінші бөліміне келгенде «ал, енді, адайлар мен орыс әскерлері қырылысып жатыр» деп көнекөз қариялар ара-тұра айтып қалып отыратын еді. Иә, күйді қазақтың екінші тілі десе де болады. Күй – махаббат, күй құлдықтың зары мен мұңы, азаттықтың, еркіндіктің жаршысы. Күй бірде «Сарыжайлаудың» салқын сабат, жасыл жазирасы болып көсілсе, бірде «Сылқылдақ» болып үкісі бұлғаңдаған бұраңбел бойжеткендей сылаң қағып шыға келеді. Ал небір от ауызды, орақ тілді шешен, ділмарлар, Шыңғыс ханға баласы Жошының өлімін естіруге тілі жетпегенде «ақсақ құлан шошыған, хан ием-ау, хан

нем, түсінбейсің бе осыған?» деп естіртіп берген де «Ақсақ құлан» күйі еді ғой.

**Құрманғазы Сағырбайұлы**  
(1848-1889)

Күйші, композитор, Батыс Қазақстан  
домбырашы.

Батыс Қазақстан  
облысының  
Жаңақала  
ауданында  
Жиделі ауылында  
туған.

Күйшінің  
шығармалары

Күй өнерінің  
классигі

Ескерткіші мен  
мұражайы

**Күйлері:** «Кішкентай», «Қыз ақжелең», «Көбік шашқан», «Ақбай», «Ақсақ киік», «Адай», «Түрмеден қашқан», «Кісен ашқан», «Қайран шешем», «Балбырауын», «Сарыарқа».

**Құрманғазының шығармалары:**

«**Ақсақ киік**» – кіші жүз шаруаларының басына түскен ауыр жағдайы, «даланың еркесі – киіктей тоқтамай ырғып, еркіндікті, өмірді сүй» дейді.

«**Көбік шашқан**» - Каспий теңізінің тасуына байланысты болған халықтың бақытсыздығын бейнелейді.

«**Кісен ашқан**» – абақтыдан, азаптан қашып шығып, аяғындағы кісенін ашып, жаны бір жай тапқан, өз басының трагедиясы емес, еңбекші халықтың трагедиясы. Бұл күйде еріксіздік, жарадан ауырған адам жаны суреттеледі.

«**Кішкентай**» күйі ХІХ ғасырдың 30 жылдары феодалдарға қарсы шаруалар көтерілісін бастаған Исатай Тайманұлына арналған.

Ахмет Жұбанов: «Адай» күйі – Құрманғазының ірі шығармаларының бірі. «Адай» – еркіндік ұраны. Құрманғазы Исатай-Махамбет көтерілісінен кейін патша үкіметінен қорқып, нағашысы Төремұрат батыр еліне келеді. Адай – Таз еліне жасырынып жүргенде, бір Адайдың үйінде отырып, қызының сұрауы бойынша күй тартып, осы «Адай» күйін шығарған деседі. Оқиға ХІХ ғасырдың ортасында болған.

- Егер сіз қазақ даласының тынысы мен жүрек соғысын, шексіз өлкедегі алып-қашпа жел әнін білгіңіз келсе, ат тұяғының дүбірінен қуаныш тасқынын сезгіңіз келсе, қазақ халқының рухани күшін, биіктігін, мықтылығын танығыңыз келсе – Құрманғазы күйін тыңдаңыз.

*«Құлақтан кіріп бойды алар*

*Әсем ән мен тәтті күй»* деп Абай атамыз айтпақшы, Ұнтаспадан Құрманғазының күйі «Адайды» тыңдайық. Ұнтаспадан «Адай» күйін тыңдау.

### **Оқулықпен жұмыс.**

98-бет, 4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, етістіктерді тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

Оқушылармен жұмыс: Мәтіннен етістіктерді тауып, шақтарын көрсету.

Құрманғазы қуғын-сүргінде өмір сүрген. Астрахань, Сібірде абақтыда болған.

1857 ж. Орда абақтысынан қашып кетеді. 1864ж. Жәңгір ханның ауруханасындағы абақтыға жабылады. Сондай қиындықтарды басынан өткеріп жүрген Құрманғазы өзінің өнері мен домбырасын қару етіп ұстаған. Құрманғазы өзінің өнерінің күшімен қиындықтарға қарсы күрескен. Құрманғазының алғашқы ұстазы күйші Ұзақ болған. 1888 жылы Құрманғазы Динаға «Менің күйлерімді кейінгі ұрпаққа жеткіз» деп өз домбырасын ұсынған.

**№1.** Көп нүктенің орнына етістіктердің тиістісін қойып жазып, етістік түрлеріне ажырат.

... сөйлесең де, ... сөйле.

... егін, ... тегін.

Ұлық ..., кішік ... .

Көп ... , жоқ ... .

**Керекті сөздер:** болсаң, бол, жабылса, табылады, ексең, ішерсің, ойнап, ойлап.

Төмендегі етістіктерді пайдаланып, домбыра туралы бір шумақ өлең құра.


... .. үндес едің,

... .. тілдесемін.

... .. ,

... .. білмес едім.

**Бекіту:**



Шығу парағы: Құрманғазы туралы білетінім. Білгенім. Білгім келеді?

Жеке оқушы жұмысының қима қағазы:

1. *Барма* сөзін лексика-грамматикалық мағынасына қарай талда.

1) Бұл сөз екі құрамнан тұр: бар-ма.

2) Тұлғасына қарай: туынды.

3) Құрылысына қарай: дара.

4) Не істеме? сұрағына жауап береді.

5) Мағынасына қарай: болымсыз етістік.

**Үйге тапсырма:** «Ұлы күйші Құрманғазы» атты эссе жазып келу.

## «ДЕНСАУЛЫҚ» ЕЛІНДЕ – ЕТІСТІК ТҮРЛЕРІ

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың денсаулық туралы білімдерін толықтыра отырып, білім, білік, іскерлік дағдыларын дамыту, мемлекеттік тілде өз ойын толық айта білуге төселдіру.

**Міндеттері:** **білімділік** – өткен сабақтармен байланыстыра отырып, дүниетану пәні бойынша меңгерген білімдерін пысықтау, етістікті және етістіктің түрлерін меңгерту; **дамытушылық** – тақырып арқылы оқушылардың танымдық қабілетін, тілін, ой-өрісін, есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ізденіспен жұмыс істеуге жұмылдырып, шығармашылық белсенділіктерін арттыру; **тәрбиелік** – Азиада олимпиадасымен байланыстыру арқылы ұлттық мақтаныш сезімдерін оята отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу. Ұжымшылдық, ізденімпаздық, жауапкершілік қасиеттерін тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** оқулық, кесте, тірек-сызба, компьютер, флипчарт, бейнефильм, логотиптер, суреттер. **Түрі:** білік, іскерлік дағдыларын қалыптастыру сабағы. **Әдістері:** оқылым, тыңдалым, сөйлесім, жазылым, ойқозғау, сұрақ-жауап, әңгімелеу, сұхбат, диалогтік әдіс, ойын элементтері, СТО стратегиясы. **Сабақта қолданылатын технологиялар:** Гранкиннің оқыту концепциясы, А.Гиннің әдіс-тәсілдері, сын тұрғысынан ойлау технологиясы. **Пәнаралық байланыс:**



дүниетану, орыс тілі, дене шынықтыру.

## **Сабақтың барысы.**

### **I. Ұйымдастыру бөлімі.**

#### **Тілашар:**

- Сәлеметсіздер ме?
- Бүгін кім кезекші? (кезекшінің монологі)

#### **Психологиялық сәт:**

- Көңіл-күйлерің қалай?
- Сабаққа дайынсыңдар ма?

#### **Алау қабылдау.**

Оқушыларға алауды ұсынып, сабақ барысында белсенді қатысуын сұрайды.

### **II. Өткенге қарайық.**

#### **Өзінді тексер:**

1. Сөздікті, есте сақтауға берілген қағидаларды жатқа сұрау.

2. Денсаулық туралы мақал-мәтелдерді тексеру.

3. Сұрақ-жауап өткізу:

- Адамның сезу мүшелері?
- Ұйқының қандай пайдасы бар?
- Тамақтанбас бұрын алдымен не істеу керек?

Азиада ойындары туралы әкелген материалдарын тексеру.

### **III. Негізгі кезең. Кіріспе сөз.**

#### **Мәтінмен жұмыс жүргізу.**

Мәтінді мәнерлеп оқып беру. Түсінік беру. Аудару. Сұрақ-жауап өткізеді. Мәтіннен етістіктерді теріп жаздырып, түрлерін ажырату. Ережені еске түсіру.

#### **Қызығушылықты ояту.**

“Азиада жарнамасы” атты бейнекөріністі көрсетіп, оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық білдіруге рұқсат беру:

- Неге қызықтым?

- Нені көрдім?

- Неліктен? Неге? деген сұрақтарға өз ойларын айтып кету.

**Ойқозғау.** Мәтін және бейнекөріністі пайдалана отырып, шағын әңгіме құрастыру.

**Денсаулық – зор байлық.**

*Қысқы ойындар, спорт, денсаулық, салауатты өмір салты, спортпен шұғылдану, күн тәртібін ұстану, уақытында тамақтану, ұзақ өмір, ұлттық ойындар, спорттық жаттығулар, дене шынықтыру, таза ауа, еңбектену, Азиада ойыны, ұнатамын, мақтан етемін, т.б.*  
(берілген сөздер мен сөз тіркестерді және бейнекөріністі пайдалана отырып, шағын әңгіме құрастыру).

**Сергіту сәті:**

Сағаттың тіліндей

Иіліп оңға бір,

Сағаттың тіліндей

Иіліп солға бір,

Оңға бір, солға бір,

Оң аяқ, сол аяқ,

Жаттығу оңай-ақ.

**IV. Бекіту.**

**Қарайық, орындайық.** Кестені толтыру.

Денсаулыққа	
Пайдалы	Зиян
Спорт	Темекі
Дұрыс тамақтану	Арак
Демалу	Ластанған қоршаған орта
...	...
...	...
т.б.	т.б.

**Ойлан, тап.** Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойыңыз.

*Салауатт... өмір сүр... ен адамны... денсаулы...ы өте тамаша болады, ұза... өмір сүред... және ол адамның*

жүр...с-тұрысында жарасымды, сымбатты көр...неді.

Тәннің ләззаты – саулы...ында, жанның ләззаты – біл...мде.

**Ойтолғаныс.** Сызбамен жұмысты ұсыну. Венн диаграммасын толықтыру.

Сұлулық      Күн тәртібі

**Денсаулық**

Қоршаған орта      Дұрыс тамақтану  
Ұзақ өмір

Демалу      Спорт

**Денсаулық**

Ұлттық ойындар      Көтеріңкі көңіл-күй  
Саналы өмір

- Салауатты өмір салтын қолдайды.
- Спортпен шұғылданады.
- ...
- ...

- Тірі жан.
- Қоғамның мүшесі.
- Дені сау болуына үміттенеді.

- Әл-ауқаты ауыр.
- Қоғамға қауіп төндіреді.
- Әр түрлі жұқпалы ауруларды тез қабылдайды.
- ...

## V. Қорытындылау.

Нені білдік? Нені орындадық?

Рефлексия. «Бүгінгі сабақта не туралы айттық, не білдік, қандай тапсырмалар орындадық?

Яғни, мен нені үйрендім?» деген сұрақтарға жауап беру.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

**Психологиялық сәт.** «Кәне, демалайық!». Жақсы сөздер, тілектер айтқызу.

Сабақ соңында көңіл-күйлеріңіз қалай?

## VI. Бағалау.

**VII. Үйге тапсырма:** 166-бет, №1 мазмұндау, 167-бет, №3 жаттау.



Самал БАҚЫТҚЫЗЫ,  
«Бөрлі» жалпы орта білім  
беретін мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Бөрлі ауданы,  
Бөрлі ауылы.

# МЕМЛЕКЕТТІК ӨНЕРКӘСІПТЕГІ ЖАҚСЫЗ СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – мемлекеттік өнеркәсіп туралы білімдерін кеңейту, мәлімет беру. Оқушыларды жақсыз сөйлем, оның жасалу жолдарымен таныстыру; **дамытушылық** – мәтінмен жұмыс арқылы оқушылардың шығармашылық, қабілетін дамытып, сөздік қорын молайту; **тәрбиелік** – еліміздегі өнеркәсіптің адамға тигізер пайдасын айқындай отырып еңбексүйгіштікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** сөздікпен, мәтінмен жұмыс. Тапсырмалар, технология элементтері. **Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, география.

**Сабақтың техникалық құралдары:** компьютер, слайдттар (сөздік, мәтін тапсырмалар).

**Сабақтың барысы:** 1. Ұйымдастыру бөлімі: оқушылардың сабаққа көңілдерін аудару, кезекшімен сұхбат.  
2. Үй тапсырмасы.  
3. Жаңа сабақ тақырыбы мен мақсатымен таныстыру.

**Сабақтың құрылымы:**

1. Грамматиканы түсіндіру (жақсыз сөйлем туралы түсінік беру).  
2. Сөздікпен жұмыс.

3. Мәтінмен жұмыс.
4. Тапсырмалар.
5. Қате құрастырылған сөйлемдерді дұрыстап құрастырып жазыңдар.
6. Грамматикалық тапсырмалар.
7. Венн диаграммасы.
8. Өзіңді тексер.
9. Бағалау.
10. Үйге тапсырма.

### **Жақсыз сөйлем**

Бастауышы мүлде жоқ және баяндауыштың өзі ғана сөйлемге ұйытқы болатын жай сөйлемнің түрі – жақсыз сөйлем деп аталады. *-қы-кі-ғы-гі* жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы: Жақсы үйге, жақсы орынға **жатқым** келеді.

1. Тұйық етістік атау, барыс септіктерінің тәуелді, тәуелсіз формасында келу арқылы жасалады. Мысалы: *Бұл жұмысты тезірек қолға алуымыз керек.*

2. *Бол, керек, тиіс, лайық, жөн, мүмкін* сөздерімен келу арқылы жасалады. Мысалы: Бұл жерге суға түсуге болмайды. *Бол* сөзінен жасалып тұр (Оқушылар мысал келтіреді).

1. Менің оқығым келеді (қалау райлы жұрнақ пен келу етістігі).

2. Оған хабар беру керек (у тұйық етістікке қосылып тұр).

### **Сөздікпен жұмыс:**

*жеке меншік – частная собственность;*

*жағдай жасады – создал условия;*

*қоғам мүшелері – члены общества;*

*қалауына сай – по личному желанию;*

*көзделген жоқ – не предусматривалось;*

*бірлескен – совместное;*

*саясат – политика;*

*әлеуметтік жағдай – социальное условие;*

*қызмет етеді – служат.*

### **Мәтінмен жұмыс. Мемлекеттік өнеркәсіп.**

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жолымен дамып келеді. Мемлекетіміз жеке меншіктің дамуына жағдай жасады. Байлықты мемлекет меншігінен алып, қоғам мүшелеріне берді. Алайда мемлекеттік меншіктің толық жойылуы көзделген жоқ. Стратегиялық маңызы бар салалар мен кәсіпорындар мемлекет меншігінде бола береді. Мемлекет меншігіндегі салаларда таза мемлекеттік және жеке бірлескен кәсіпорындар пайда болды.

Өзге мемлекеттер Қазақстан мемлекетімен бірігіп жұмыс істей алады.

Оны «бірлескен кәсіпорын» деп атайды. Мұндай салалардың дамуына шетел қаржыларын тартуға болады. Бұл саясатты «инвестиция» деп атайды.

Мемлекеттік меншік те, жеке меншік те халықтың әлеуметтік жағдайын арттыруға қызмет етеді.

**Тапсырма:** төмендегі қате құрастырылған сөйлемдерді дұрыстап құрастырып жазындар.

Қате сөйлемдер	Дұрыс сөйлемдер
1. Қазақстан Республикасы дамиды тәуелсіздік жолымен.	1. _____
2. Мемлекеттік толық жойылуы меншіктің көзделмейді.	2. _____
3. Көптеген салалардың дамуына болады шетел қаржысын таратуға.	3. _____
4. Мемлекеттік меншік те, жеке меншік те әлеуметтік жағдайын қызмет етеді арттыруға халықтың.	4. _____

### Грамматикалық тапсырма. Морфология

№		Байлық	Кәсіпкер
1	Зат есім		
2	Сын есім		

3	Сан есім		
4	Дара		
5	Күрделі		
6	Негізгі		
7	Туынды		
8	Жалқы		
9	Жалпы		
10	Деректі		
11	Дерексіз		

### Синтаксистік талдау:

1. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік жолымен дамып келеді.

2. Мемлекетіміз жеке меншіктің дамуына жағдай жасады.

### Кәртiшкемен жұмыс.

Мысалдар	Жұрнақ		Жалғау			
	Сөз тудырушы	Сөз түрлендіруші	Көптік жалғау	Тәуелдік жалғау	Жіктік жалғау	Септік жалғау
Кәсіпкерлік						
Мемлекеттер						
Мемлекетіміз						
Байлық						
Халықтың						

### Сөйлемдердің дұрыс – бұрыстығын анықтау.

1. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік жолымен дамыған жоқ.	Дұрыс	Бұрыс
2. Байлықты мемлекет меншігінен алып, қоғам мүшелеріне берді.	+	-
3. Алайда мемлекеттік меншіктің толық жойылуы көзделді.		-
4. Мұндай салалардың дамуына шетел қаржыларын тартуға болмайды.		-
5. Өзге мемлекеттер Қазақстан мемлекетімен бірігіп жұмыс істей алмайды.		-
6. Бұл саясатты «инвестиция» деп атайды.	+	

### Венн диаграммасы.



**Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, сөйлемдерді толықтырындар.**

1. Баяндауыштың ..... байланысты.
2. Егер баяндауыш ..... арқылы жасалса, жақсыз сөйлем болады.
3. Тұйық етістік пен *керек, тиіс, жөн, лайық* .... арқылы жасалса, жақсыз сөйлем болады.
4. Жақсыз сөйлемде .... болмайды, болуы да мүмкін емес.
5. Жақты сөйлемде ... болмайды.

**Үйге тапсырма:** ереже, мәтін бойынша диалог құрастыру.



**Бейбіт ӘБЕНҚЫЗЫ,**  
**Шығыс Қазақстан облысының**  
**Үржар ауданындағы**  
**М.Горький атындағы**  
**мектептің мұғалімі.**

## **САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ**

**Мақсаты:** **білімділік** – салалас құрмалас сөйлемнің жасалу ерекшелігін түсіндіру; **дамытушылық** – мәтін арқылы ойын, тіл байлығын, дүниетанымын дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды туған елге, жерге деген сүйіспеншілік сезімде тәрбиелеу.



**Әдісі:** сөздік, практикалық талдау, схемалық, қайталау.

**Пәнаралық байланыс:** орыс тілі, әдебиет, тарих.

**Көрнекілігі:** интербелсенді тақта.

**Сабак барысы.**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

**II. Үй жұмысын тексеру.**

**3-слайд. Салалас құрмалас сөйлем:**

1. Ыңғайлас салалас – **да, де, та, те, және;**
2. Қарсылықты салалас – **бірақ, алайда, дегенмен;**
3. Себеп-салдар – **сондықтан, себебі, өйткені;**
4. Талғаулы – **не, немене, я, яғни, әлде, бірде;**
5. Кезектес салалас – **біресе, кейде, бірде.**

Слайд арқылы Н.Назарбаевтың тіл жайлы пікірі көрсетіледі.

*«Мен бүгінгі ұрпақтың үш тіл білуін қолдаймын. Мемлекеттік тіл – мемлекет құрушы ұлттың тілі, ал орыс тілін білу – ұлы байлық. Ағылшын тілі – ілгерілеушілік пен технологиялардың тілі болғандықтан оны барлық Қазақстанды біріктіріп, жақындастырушы, өзара түсіністік пен сүйіспеншілікке жетелейді».*

Слайд арқылы Қазақстан туралы суреттер, Астана, Алматы қалаларының көріністері көрсетіледі.

**Мәтінмен жұмыс.** Мәтінді тізбекпен оқу, орыс тіліне аудару. Мәтін бойынша диалог құрастыру.

1. Жұптық жұмыс.
2. Топтық жұмыс. Туған өлке жайлы шағын әңгіме құрастыру.

**Аудармасын тап:**

Жариялады	→	утвердил
Дербес	→	объявил
Бекітті	→	самостоятельно
Дамыған	→	удивительно
Таңғажайып	→	развитая

**Бекіту.** Грамматикалық тапсырма (тақтамен жұмыс):

1. Мәтіннен салалас сөйлемдерді тап.
2. Жай сөйлемдерді салалас құрмалас сөйлемге айналдыр.
3. Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау.

**Сабақты қорытындылау.**



Дәмежан ЖАНБЕКОВА,  
Солтүстік Қазақстан облысының  
Петропавл қаласындағы  
Н.К.Крупская атындағы  
№10 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Өмірсерік ҚОШАНОВ,  
қазақстан тарихы мен география  
пәнінің мұғалімі.

## ТІЛ ҰСТАРТҚАН ТӘУЕЛСІЗДІК

*(8-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** өткен тақырып бойынша оқушылардың алған білім деңгейін бақылау, байқау. Қазақ тілі мен әдебиетіне, оның мәдени және тарихи бай мұрасына деген қызығушылығын арттыру, тіл үйренуге икемді, дарынды балаларды дәріптеу.

Қазақстан Республикасының барлық ресми мерекелерін есте сақтап, оларды насихаттайтын, қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық болмыс ұғымдарын терең түсініп, оны құрметтейтін, өз Отанын сүйетін, мақтан ететін азамат тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, жазу.

**Көрнекіліктері:** Қазақстан Республикасының рәміздері, қанатты сөздер, мемлекеттік әнұранның музыкасы.

**Типі:** сайыс сабағы.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

**II. Сабақты Мемлекеттік әнұранмен ашу.**

**III. Жаңа сабақ.**

**Қазақ тілі пәнінің мұғалімі:** - Сан ғасыр бойы армандап жеткен Тәуелсіздікке қан төгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізіп, еліміз әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қосылды. Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айырықша. Өйткені біз Тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгелдеп, тілімізді, дінімізді және ділімізді қайта оралттық.

**Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі:** - История любого народа запечатлеват события, деяния и дни, которые остаются в вечной памяти грядущих поколений. И, конечно, такими являются события, связанные с приобретением Казахстана суверенитета и независимости, с появлением суверенного государства в той части планеты, где на протяжении веков складывался, мужал, творил свою самостоятельную историю казахский этнос.

- Еліміздің әрбір адамы Тәуелсіздіктің 20 жылдығын тойлауға өз үлесін қосуда. Бүгін біз де өзіміздің сайыс сабағымызды осы мерекеге арнаймыз. (Оқушыларды сабақтың тақырыбымен, мақсаттарымен сабақтың ерекшеліктерімен, сайысқа қатысушылар және қазылар алқасымен таныстыру).

**IV. Сабаққа қызығушылық ояту.**

1. Тәуелсіздік символы.

2. Дайте определение понятию «государство».

3. Қазақстанның тұңғыш Президенті кім?

4. Какое государство называется унитарным?

5. Қай жылы, қай күні Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алды?

6. В президентской республике правительство несет ответственность перед...

7. Қай жылы Н.Ә.Назарбаев Президент болып қабылданды?

8. Что вы понимаете под словом «независимый»?

9. Қазақстанның төртінші астанасы.

10. Назовите наименования двух Палат высшего законодательного органа Республики Казахстан-парламента?

11. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?

12. Ключевые слова Президента в Послании народу «Казахстан – 2030».

13. Ұлттық теңге қай жылы айналымға енді?

14. Как называются мифические кони, изображенные на гербе Республики Казахстан?

15. Қазақстан шекарасы неше шақырым?

16. Какой документ был принят в Казахстане 30 августа 1995 г.?

**- Біздің сайысымыз 7 кезеңнен тұрады:**

1. Әңгімешілер сайысы;

2. Правовой светофор;

3. «Жеті жұрттың тілін біл»;

4. Картографиялық сайыс;

5. «Древо познания»;

6. Ана тілім – ардағым;

7. «Маска, я Вас знаю».

**1. Әңгімешілер сайысы** (Еркін тақырыптар беріледі, мақсаты – тақырыпты ашу).

«Менің Қазақстаным», «Қазақстан Тәуелсіздігіне – 20 жыл», «Қазақстан қалалары», «Қазақ елі», «Қазақстан

астаналары».

**2. Правовой светофор.** Из трех вариантов ответа на вопросы, которые расположены в порядке последовательности цветовых сигналов /красный, желтый, зеленый/ светофора, участники дают правильный ответ в том случае, если ответ по порядку своего расположения соответствует последовательности расположения цветов сигнала светофора.

### **Сұрақтары:**

#### **1. Конституция РК состоит из:**

- \* 5 разделов;
- \* 7 разделов;
- \* 9 разделов.

#### **2. Город Казах находится:**

- \* В Азербайджане;
- \* В Кыргызстане;
- \* В Казахстане.

#### **3. Астана қаласы қай жылы астана болып бекітілді?**

- \* 1989;
- \* 1997;
- \* 1991.

#### **4. Сколько статей содержит Конституция РК?**

- \* 75;
- \* 90;
- \* 98.

#### **5. Астана қаласы бұрын қалай аталатын?**

- \* Алматы;
- \* Ақмола;
- \* Елорда.

#### **6. «Жеті жарғыны» кім жазған?**

- \* Есім хан;
- \* Қасым хан;
- \* Тәуке хан.

7. «Өз әкеңнің баласы болма, өз халқыңның баласы

бол» деп кім айтты?

- \* Абай;
- \* Шәкәрім;
- \* Шоқан.

### 8. Спортивное увлечение Президента РК.

- \* Футбол;
- \* Большой теннис;
- \* Шахматы.

### 3. «Жеті жұрттың тілін біл» сайысы. Берілген сөздерді

қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне дұрыс аударып, қатесіз жазулары керек:

*Абырой, ата-заң, міндет, БҰҰ, мәжіліс, құқық, егеменді, мұра, салт-дәстүр, ар-ұждан, рәміз, атқару.*

### 4. Картографиялық сайыс.

(Қазақстан картасынан тарихи ескерткіштерді, облыстарды, қалаларды табу).

1. Еліміздің жүрегі.
2. Нефтяная столица Казахстана.
3. Космодром «Байконур».
4. Қазақтың Швейцариясы атанған өлке.
5. Город – морские ворота.
6. Мағжан Жұмабаевтың туған жері.
7. Ең биік шың.
8. Тәуелсіздік монументі орналасқан қала.

5. «Древо познания» (Записывают по 5 слов. Каждое слово должно отражать смысл темы урока и прикрепляют на «древо познания» и объясняют смысл написанных слов).

6. Ана тілім – ардағым (Нақыл сөздердің мағынасын ашу).

*Тілден артық қазына жоқ,*

*Тілден артық қасиет жоқ.* **Н.Назарбаев.**

*Жеріңді сатпа, теріңді сат. М.Әлімбаев.*

*Кусочек подлинной истории – это такая редкая вещь,  
Что им надо очень дорожить. Т.Джефферсон.*

*Оглянись на себя, и подумай о том:*

*кто ты есть, где ты есть, и куда же потом.*

**Омар Хайям.**

**7. Маска, я Вас знаю.** (Суть задания в следующем.

Внимательно слушаете фрагменты биографии исторической личности, и называете имя этого человека).

Абай Құнанбаев, Мағжан Жұмабаев, Абылай хан, Шоқан Уәлиханов.

1. Қазақтың ұлы ақыны, философы әрі композиторы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы әрі оның классигі. Ол 1845 жылы 10 тамызда қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Шыңғыс тауында өмірге келген. Ол – көптеген лирикалық өлеңдердің, дастандар мен философиялық қара сөздердің авторы. «Орыс тілі – дүниенің кілті. Орыстың тілін білсең, көкірек көзің шайдай ашылады», - деген.

2. Аса көрнекті ақын, педагог, қоғам қайраткері, прозашы, аудармашы, біздің мақтанышымыз. 1893 жылы дүниеге келген. Оның туған жері – Солтүстік Қазақстан облысы. Қызылжар қаласында медреседе 4 жыл оқиды, мұсылманша білім алады, арабша, парсыша, түрікше үйренеді. Омбыда мұғалімдер семинариясына оқуға түсіп, алтын медальмен бітіреді. Қаламызда ескерткіш орнатылған.

3. Настоящее его имя Абулмансур. Он жил 1711-1781 года. Являлся авторитетным государственным деятелем. Он принадлежал к старейшей ветви потомков одного из основателей Казахского ханства – хана Жанибека (XI). В пятом колене его предком является Есим хан, в четвертом – Жангир хан. Прославился как храбрый полководец, талантливый организатор, мудрый правитель, дальновидный политик, прекрасный дипломат.

4. Великий казахский ученый, востоковед, историк, этнограф, географ, фольклорист, переводчик, журналист. Он родился 1835 году. С 12 лет учится в Омском Кадетском корпусе. Его работы – «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар».

**V. Сабақты қорытындылау.** Қазылар алқасы жинаған ұпай бойынша оқушылар білімін бағалап, жеңімпазды атайды. Ең көп ұпай жинаған оқушы мадақтау қағазымен марапатталады.

**VI. Үйге тапсырма:** Қазақстан туралы шығарма жазу.



**Жаңыл ХАКІМЖАНОВА,**  
Қостанай қаласындағы  
№2 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **ТІЛІ БАЙ ОТЫРАРЛЫҚ ҒАЛЫМ**

*(10-сынып)*

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – данышпан ғалым Әбу Насыр әл Фараби туралы танымдық әрекеттерін қалыптастыра отырып, ол туралы ойларын өз сөздерімен әңгімелеуге жағдай туғызу, жаңа сөздермен таныстыру, сөз құрамын, синонимдерін және антонимдерін табу, диалог құрастыру, грамматикалық тұлғаларды айыра білу; **дамытушылық** – әр түрлі грамматикалық тапсырмаларды



орындау арқылы жоғары деңгейде ойлауын дамытуға көмектесу, сауатты жазуын қалыптастыру, синоним, антоним сөздерді, сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту, оқушының ойлау қабілетін, ізгі ниетін, жақсы қасиеттерін, сөйлеу тілін, жылдам жұмыс жасау қабілеттерін; естігенін, көргенін, алған білімдерін іс-әрекетте қолдана отырып, нәтиже шығаруға мүмкіндік туғызу; **тәрбиелік** – мемлекеттік тілді құрметтеуге тәрбиелеу, өнерге, білім, ғылымға құштарлықтарын ояту, оқушылардың танымдық, адамгершілік мәдениетін қалыптастыру.

**Түрі:** жаңа материалды оқып-үйрену сабағы. **Типі:** аралас сабақ. **Әдісі:** мәтінмен, тақтамен, үлестірмелі көртішкелермен жұмыс жасау, оқылым, тілдесім, тыңдалым, жазылым, айтылым, сөйлесім, түсіндіру, қайталау. **Көрнекіліктері:** Әбу Насыр әл Фарабидің портреті.

**Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:** сәлемдесу, әңгімелесу.

- а) Биыл Республика тәуелсіздігіне неше жыл болады?
- ә) Бұл мерекені қай күні тойлаймыз?
- б) Тәуелсіздік қашан жарияланды?
- в) Тәуелсіздіктің белгілерін атаңдар.
- г) Олар қашан қабылданған?
- ғ) Тудың, елтаңбаның, әнұранның авторларын ата.

## **II. Жаңа сабақ.**

**1. Сабақтың мақсатымен таныстыру.**

**2. Жаңа сөздермен жұмыстану (сөздік):**

*Шаһар – город;*

*Дүние салу – умереть;*

*Ерте заман – раньше (древний век);*

*Түркі нәсілді – родственные туркам;*

*Шежіре кітабы – родословная;*

*Данышпан – гений;*

*Құяр аралығында – где вливается.*

### **3. Басым сөздерді толықтырушы лексика.**

а) фонетикалық талдау: дүние.

ә) Шаһар, данышпан сөздерінің синонимдерін табу.

б) Дүние салу, ерте сөздерінің антонимін табу.

### **4. Тыңдалым.** Әл Фараби туралы қысқаша мәлімет.

Әл Фарабидің толық аты – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлаги әл Фараби ат-Түркі. Ол – ұлы ғалым, философ, күйші, астроном, дәрігер.

Ұлы ғалым жас кезінде туған қаласынан кетіп, Бағдат қаласында тұрған. Осы қалада оған «Муаллим ассана» атағы берілді.

Әл Фарабидің «Ақындық өнері», «Риторика», «Музыканың ұлы кітабы» шығармалары көп тілге аударылды.

**5. Оқулықтың 35-бетіндегі «Отырарлық ғалым» мәтінін түсініп оқу, 36-беттегі сұрақтарға жауап беру.**

**6. Өздік жұмысы:** мәтін бойынша диалог құрастыру.

### **7. Синтаксистік талдау:**

А) Әл Фараби – ұлы ғалым (хабарлы, толымды, жайылма, жақты)

Ә) Әл Фараби аты бүкіл әлемге белгілі, өйткені ол – ұлы ғалым. (Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем).

**III. Сабақты қорытындылау.**

**IV. Үйге тапсырма беру.**



## БАЛАҒА АТ ҚОЙҒЫШ АНЫҚТАУЫШ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – тыңдалым, оқылым, айтылым, сөйлесім әрекеттері арқылы оқушылардың тақырып бойынша білімдерін тереңдету, анықтауыш туралы түсінік беру, әр түрлі сөз таптарынан жасалатындығын, құрылысына қарай бөлінетіндігін айту; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын молайту, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – ұлттық салт-дәстүрлерді қадірлей білуге, адамгершілікке, сөйлеу мәдениетін дамытуға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, бейнелі суреттер, слайд.

**Түрі:** жаңа сабақ.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**


1) Сәлемдесу.

2) Оқушыларды түгелдеу және сабаққа даярлықтарын тексеру.

**II. Бейнефильм (3 мин.)**

- Қай халықтың болмасын салт-дәстүрі болады. Әрбір адам халықты сыйласа, оның тілін де, салт-дәстүрін де құрметтеуі керек. Соның бірі – бала тәрбиесіне байланысты салттар. Өйткені, бала – өмірдің жалғасы, болашағы.

- Ал, балалар, балаға байланысты қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер?




### III. «Топтастыру» стратегиясы (Сұраққа жауап беру).

Балаға өмірінде не қажет?

(жеке, топпен, тірек-сызбаға түсіру)

Әке-шеше тамақ ат



Жаңа сөздермен жұмыс. Төмендегі сөздердің синонимдерін тауып, сөйлемдер құрастырыңдар:

*Нәресте – младенец;*

*ат – имя;*

*дәстүр – традиция;*

*батыр – герой;*

*сұлу – красивый;*

*сыйлы – уважаемый;*

*ұйғару – решить.*

#### **IV. Мәтінмен жұмыс:**

1) Мәтінді тыңдау;

2) Сұрақтарға жауап беру;

а) Балаға неше күннен кейін ат қойған?;

б) Балаға ат қою дәстүрінің ерекшелігі неде?

**V. Ертеректе адам атын таңдау көптеген ырымдар мен дәстүрлерге негізделген.**

Балаға ат қоюдағы салт-дәстүрлер	Түсінік
Балаға тіл-көз тимесін деген ниетпен:	Жаманбай, Қойшыбай, Ошақбай, т.б.
Баланың дені сау, жаны берік болсын деген ниетпен:	Тасболат, Тастемір, Шымырбай, т.б.
Балаларының өмірі ұзақ болсын, көп жасасын деген ниетпен:	Жанұзақ, Жүзжаса, Мыңжасар, т.б.
Елдің ардақты азаматтарындай батыр, дана, өнерлі болсын деген ниетпен:	Абай, Абылай, Сырым, Махамбет, т.б.
Соңғы балаға:	Кенжебай, Кенжегүл, Кенжетай, т.б.
Ұлы жоқ үйде қыз туылғанда:	Ұлболсын, Ұлжан, Ұлтуған, т.б.

**Сұрақ:**

- Қазіргі кезде қандай есімдер жиі кездеседі?

- Сендердің аттарыңды кім қойған, не себептен, қандай мағынаны білдіреді?

- Менің атым – Александр. Бұл атты маған әкем қойған. Александр (грек тілінен) – ержүрек, адамдардың қорғаушысы деген мағынаны білдіреді.

#### **VI. Грамматикалық тақырыпты түсіндіру.**

Ойқозғау стратегиясы.

Сөйлем мүшелері дегеніміз не?

Сөйлем мүшелері құрамына қарай нешеге бөлінеді?

Дара мүше, күрделі мүше, үйірлі мүше дегеніміз не?  
 Сөйлем мүшелері қызметіне қарай нешеге бөлінеді?  
 Тура толықтауыш пен жанама толықтауыштың ерекшелігі неде?

## VII. Жаңа сабақ. Анықтауыш.




VIII. Анықтауыш болып тұрған сөз таптарын оқушыларға тапқызу.

Анықтауыш болатын сөз таптары	Мысалдар:
	Олар шалғай ауылдарды аралады.
	Кейбір дәстүрлер осы күнге дейін сақталған.
	Өзен бойында қора-қора қой жайылып жүр.
	Оныншы сыныпта бұл тақырыптарды өткен едік.
	Айтқан сөзің дәл келсе, саған сыйлығым бар.

IX. Сөз тіркестерін сатылай кешенді талдау.  
*Өнерлі жастар, еліміздің болашағы, жас адамдар.*

## X. Венн диаграммасы.



**XI. Мақал-мәтелдер.** Тақтада ана, бала туралы мақал-мәтелдер берілген. Сол жақтағы мақалдың басталуына сәйкес оң жақтағы мақалдың дұрыс жалғасын сызбамен белгілеңдер.

Балалы үй – базар,	баланың көңілі – далада.
Бала – көңілдің гүлі,	баланың тілі – бал.
Ананың көңілі – балада,	баласыз үй – мазар.
Ананың сүті – бал,	көздің нұры.
Бала күлкіге тоймас,	бала – жапырақ.
Ата – бәйтерек,	жаман ұйқыға тоймас.

**XII. Сабақты қорытындылау.**

Білемін	Білдім	Білгім келеді

**XIII. Үйге тапсырма:** «Маған ұнайтын қазақтың салт-дәстүрлері» тақырыбына шығарма жазу.

**XIV. Бағалау.**



Сәрсен БЕЙСЕНҰЛЫ,  
«Шүлбі» жалпы орта білім  
беретін мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Семей қаласы.

## БӘЙГЕГЕ ҚАТЫСҚАН АНТОНИМДЕР

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – ат жарыстары мен антонимдер туралы мәліметтер алу; дамытушылық – оқушылардың сөздік қорын байытып, ауызекі сөйлеуге тәсілдіріп, сұрақтарға жауап беріп, өз бетінше жұмыс істеуге үйрету; тәрбиелік – қазақ халқының салт-дәстүрлерінің бірі – ат жарысы туралы мәлімет алу.

**Әдіс-тәсілдер:** топпен сайыс өткізу, оқыту, тірек-сөздерін жазу, сұрақ-жауап, сөйлем құрау. **Көрнекіліктер:** ат жарысының суреттері, тапсырмалар, антонимдерге арналған сөздер.

**Сабақ барысы:**

**1. Ұйымдастыру кезеңі:** сабаққа дайындық. «Атамекен» әнін шырқаймыз.

**2. Үй тапсырмасын тексеру.**

**Жаңа тапсырмаларды қалыптастыру.** «Бәйге» мәтінін оқып, тірек-сөздерін табу, сұраққа жауап беру.

Оқушылар үш топқа бөлінеді:

1-топ – «Аламан бәйге» тобы;

2-топ – «Жай бәйге» тобы;

3-топ – «Құнан бәйге» тобы.

**Ойынның шарты:** сұраққа дұрыс жауап берген топтардың жарысқа қойған аттары жылжытылып отырады.



**Мәреге** бірінші жеткен топ жеңімпаз атанады.

**Аламан бәйгенің сұрақтары:** «Бәйге» мәтінін оқу, сұрақтарға жауап беру. Тірек-сөздерін білу.

1. Бәйге спорттың қай түрі?
2. Ат жарыс алаңын не деп атайды?
3. Аламан бәйге неше шақырым қашықтық жер?
4. Жай бәйге неше шақырым қашықтық жер?
5. Құнан бәйге неше шақырым қашықтық жер?
6. Бәйге аттарға мінуге кімдерге рұқсат етілген?
7. *Финиш* сөзінің қазақшасы қалай?

**Аламан бәйгеде** – 25-35 шақырым қашықтықта шауып өткен ... топ бірінші болып **мәреге** жетті.

**Жай бәйгенің сұрақтары** – тапсырмалар алдын ала беріліп қойылады, берілген сұрақтарға жауап бере алмаса, келесі топ бұл сұраққа жауап беруге құқысы бар.

**Антонимдер дегеніміз не?** Мағыналары бір-біріне **қарама- қарсы** сөздерді антонимдер дейміз. Мысалы:

- жақсы-жаман – хорошо-плохо;
- ашық-жабық – открыто-закрыто.

Сөз тіркестерін құраймыз: *жақсы адам, жаманмен жолдас болма*, т.б.

**Жай бәйгеде** – 15 шақырым қашықтықта шауып өткен ... топ бірінші болып **мәреге** жетті.

**Құнан бәйгенің сұрақтары:** Жаңа және алдыңғы сабақтарда өткен сөздерді қай топ біледі?

1. *Состязание* – бәйге;
2. *Расстояние* – қашықтық;
3. *Самое длинное расстояние* – аламан бәйге;
4. *Простая байга* – жай бәйге;
5. *Жеребенок трехлетка* – құнан бәйге;
6. *Финиш* – мәре;
7. *Упорство* – табандылық;
8. *Ячейка, гнездо* – ұя;

9. Сложная – күрделі;

10. Проводить состязание – сайыс өткізу;

11. Тренер – жаттықтырушы;

12. Соблюдать нормы – ережелерін сақтау.

**Құнан бәйгеде** – 10-12 шақырым қашықтықта шауып өткен ...  
бірінші болып **мәреге** жетті.

**Қорытынды:** жеңімпаз тобын бағалау.

**Үйге тапсырма:** «Бәйге» мәтіні бойынша сұрақтармен жұмыс.  
Берілген мысал сөздерді жаттап келу және ережені білу.



**Шырын ЖИРЕНОВА,**

Алматы қаласындағы

№104 жалпы орта білім беретін

мектептің мұғалімі.

## **ЗАТ ЕСІМДІ ПЫСЫҚТАУ**

*(2-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – тіл білімі саласындағы сөз таптары, оның ішінде зат есім жайында ойларын дамыта отырып, жалқы, жалпы есім туралы ғылыми мәліметтерді кең көлемде түсіндіру; **дамытушылық** – сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыта түсу, өз беттерінше жұмыс істеу шеберліктерін арттыру; **тәрбиелік** – сауатты жазуға, ұқыптылыққа баулу, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелеу.

**Түрі:** сайыс сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, топпен жұмыс, түсіндіру, ойын түрлері. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта, түрлі-түсті суреттер, үлестірмелі қағаздар, ұнтаспа. **Пәнаралық байланыс:** ана тілі, дүниетану, музыка.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру:** сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, назарын сабаққа аудару.

- Балалар, бәріміз далаға қарайықшы, қазір жылдың қай мезгілі? (көктем)

- Көктемде қандай өзгерістер болады? (Күн жылынады, қар ериді, бәйшешек шығады, ағаштар бүршік жарады, құстар ұшып келеді).

- Ендеше, балалар, мына бір дауысты тыңдайықшы. Ненің дауысы екен? (Құстардың)

Оқушыларды үш топқа бөліп, аттарын белгілеу, топ басшысын сайлау.

1-топ – «Қарлығаштар», 2-топ – «Бұлбұлдар», 3-топ – «Тырнарлар».

- Балалар, осы құстар өздерімен бірге тапсырмалар ала келіпті. Құстардың тапсырмаларын жылдам орындап шықсақ, құстарды тез шақырамыз. Құстарымыздың бірінші тапсырмалары қандай екен? Танысайық.

**1-тапсырма.** Үш топқа жеке-жеке конверт әкеліпті. Конверттің ішінде суреттер берілген екен. Сол суреттердің атын атап, сұрақ қойыңдар.

**2-тапсырма.** Үлестірмелі қағаздар. Сөйлемдерді көшіріп жазып, жалқы есімді тауып, астын сыз.

**Сергіту сәті.**

**3-тапсырма.** Зат есімнің жекеше түрлері беріледі. Жекеше түрлерін көпше түріне айналдырып жаз.

**4-тапсырма.** Сурет бойынша әңгіме құрастыр.

**«Кім жылдам» ойыны.**

1. Зат есім деген не? 2. *Кім, не, кімдер, нелер* қай сөз табының сұрақтары? 3. Зат есім қаншаға бөлінеді? 4. Жалқы есім деген не? 5. Жалпы есім деген не? 6. Туынды зат есім деген не? 7. Негізгі зат есім деген не? 8. Адамға қандай сұрақ қойылады? 9. Қазақ тілінде қанша сөз табы бар?

**Үйге тапсырма:** 5-жаттығу.

## ТІЛДІ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Соңғы кезде өзге тілдің жүйесін үйретуді тілдің сөздік, грамматикалық құрылымын меңгертумен бірге лингвомәдени табиғатын танытумен байланыстыру кең қолдау табуда. Бұл бағыт тілдік кеңістік пен мәдениет (лингвистикалық өлкетану) бірлігін, әр тілдің өзіндік ерекшелігін айқындауға, үйретіліп отырған тілмен салыстыруға, тілді терең танымдық деңгейде оқытуға мүмкіндік береді. Үнді тілдерінің ішінде хопи тілін зерттеген американдық Уорф «Тіл, ой және шындық» (1956 ж.) атты еңбегінде еуропа тілдерімен салыстыра келе тілдердің грамматикасының өзі сол тілде сөйлеуші халықтың мәдениетімен тығыз байланысты екеніне көз жеткізеді. Ол еуропа тілдерінде етістіктің үш шақтағы әрекетті білдіре алуы және ол әрекеттердің шындық өмірді бейнелеуі заңды құбылыс деп бағалайды. Өйткені, еуропа мәдениетіне тарихилық, болған оқиғаларды тіркеп отыру (болған күні, хронологиясы, жылнама жазу) тән. Ал, үнді халқында уақыт түсінігі тым нәзік, күрделі және үнемі өзгеріп отыратын құбылыс көрінеді. Бұл тілде бір әрекеттің қашан басталып, қашан аяқталатыны туралы түсінік ала алмайсыз. Олардың пайымдауынша, бір кезде өтіп кеткен іс-әрекет қазірде де қайталанады, алайда дәл сол қалпында емес, өзгеше болады деп түсінеді. Сондықтан өткен оқиғаларға мән берудің қажеттілігі төмендейді. Ал, осы шақ бір іс-әрекетке дайындық ретінде түсіндіріледі. Бұл ойға қосылсақ, қазақ

тілінде де іс-әрекеттің созылыққылығын білдіретін- *айта бастады, айтпақ болды, айтқысы келді* етістіктерінің болуы халқымыздың өз мінезіне сай деуге болады.

Қазіргі кезде лингвомәдениеттің бірін-бірі толықтырып тұратын, бір-бірімен байланысты екі бағыты анықталды: теориялық және қолданбалы.

Лингвомәдени аспектіде тіл үйретудің лингво-әдістемелік мынадай міндеттері бар:

- тіл үйренушіде үйретіліп отырған тілде сөйлеуші халықтың шындық өмірді қабылдауы жөнінде тілдік сана қалыптастыру;
- тілін үйретіп отырған ұлттың тілдік қарым-қатынас мәдениетін меңгерту, дағдыға айналдыру;
- үйретіліп отырған тілдің қарым-қатынас құралдарын сөйлеуде дұрыс қолдана білуге үйрету.

Қазақ тілін лингвомәдени бағытта үйретуші оқытушы мына мәселелер жөнінде түсінігі болуы керек:

- қазақ тілінде тілдік сана қалыптастыру негізі жөнінде;
- қазақ мәдениетінің негізгі бағыттары;
- қазақ этномәдениетінің ерекшеліктері турасында; мәдениетаралық қарым-қатынас негіздерін меңгеруі.

Сонымен бірге, тіл үйретуші студенттерде мынадай іскерліктердің түрлерін қалыптастыруы керек:

- қазақи шын тілдік жағдайларда тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы;
- түрлі тілдік жағдайларда тілдік құрылымдарды қажетіне қарай қолдана алуы;
- мәдениетаралық диалогтарда студент басқа этнос мәдениетіне түсіністік танытуы.

Қазақ тілін басқа ұлт өкілдері терең меңгеруі үшін дүниенің этномәдени бейнесі жөніндегі түсінігі, тілдік сана, қазақ халқының өмір сүру салты, әдет-ғұрпы жөніндегі түсінігі қалыптасуы керек.

Лингвистерді *әрекет, тілдік қарым-қатынас және сөйлеу*

үрдісі арасындағы байланыстың табиғаты үнемі қызықтырып келеді. Сөйлеудің (айтылым мен жазылым) жүзеге асуы мен қабылдаудың (тыңдалым мен оқылым) және қарым-қатынас пен әрекет арасында тығыз байланыс бары белгілі. Адамдардың барлық ұйымдасқан әрекеті тілдік қарым-қатынас арқылы жүзеге асатыны сөзсіз. Адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу үшін олардың ортақ бір мақсатқа бағытталған әрекеттері болуы керек. Тіптен, көшеде өзіңіз іздеген үйді табу үшін бейтаныс біреуге сұрау салғанның өзінде сол адаммен екі ортада ортақ әрекетке түсесіз: алдымен мазалағаныңыз үшін кешірім сұрайсыз, сол арқылы көңілін өзіңізге аударасыз, одан көмек сұрайсыз, сол арқылы оның көңілін тоқтатасыз, іздеген үйіңіздің қай жерде екенін айтып, үйді сипаттайсыз, сол арқылы тыңдаушыңызды сізге қажетті әрекетке қатыстырасыз, ол үйді біраздан іздеп жүрген ренішіңізді айтып, өзіңіздің көңіліңізге ортақтастырасыз.

Бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруға қажетті жағдайлар:

- бірлескен іс-әрекетке бағытталуы (қайда, қашан, не мақсатта, т.б.);
- бірлескен іс-әрекеттің мотивациясы (өзара тиімділігі);
- бірлескен іс-әрекеттің қажеттілігін екеуара мойындауы;
- бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыратын ортақ әрекеттерді анықтау.

Бірлескен іс-әрекеттің мысалы ретінде қазіргі кезде кәсіпорындардың өз өнімдерін өткізуге бағытталған сатып алушымен арадағы әрекеттерін алайық. Алдымен, сатып алу қажеттілігін туындату үшін жарнама беріледі: 1) Әр ана өз баласының аман-есен өскенін қалайды. 2) Біздің фирма балаларға арналған құнарлы тағамдар ұсынады. 3) Бұл тағамдар - Сіздің балаңыздың дені сау болып өсуінің кепілі. 1-сөйлем болашақ сатып алушының мотивін білдірсе, 2,3-сөйлемдер сатушының қажеттілігін білдіріп, екеуінің ортақ мақсатқа бағытталған әрекетін білдіреді.

Белгілі бір мақсатқа бағытталған әрекеттен қарым-қатынастың айырмашылығы, ол тікелей адамға бағытталады. Тілдік қарым-қатынас нақты әрекеттер түрінде емес, таңбалар арқылы жүзеге асып, есту және көру арқылы қабылданатыны белгілі. Қарым-қатынас жүзеге асу үшін:

1. Тыңдаушының көңілін өзіне аудару;
2. Тыңдаушының сөйлеушіге көңіл тоқтатып тыңдауы;
3. Сөйлеушінің айтпақ ойын ұғынуы; (Бұл бір тілде сөйлеушілер арасында жылдам жүргізілсе, әр түрлі тілде сөйлеушілер арасында қиындық келтіреді).

Сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас вербальдық және вербальдық емес құралдар арқылы да жүргізіледі. Вербальдық тілдік құралдар арқылы дыбыстау таңбалар түрінде болса, вербальдық емес адамның бет құбылысы, киім-киісі, униформалар, жеке көлігінің түрі арқылы да сөйлеуші жөнінде мәлімет береді.

Тіл – күнделікті тұрмыста, ресми жағдайларда және ғылыми түрде қарым-қатынасты жүзеге асырудың құралы. Қарым – қатынас - ақпарат алмасу. Тілдік қарым-қатынас жүзеге асу үшін сөйлеуші мен тыңдаушы жалпыға түсінікті білім жүйесімен қатар, сөздің сол тілге тән «*терең*» мағынасын да түсіне білуі керек. Әсіресе, бұл өзге тілді меңгерушілер үшін маңызды. Мысалы, орыс тіліне енген латын тілінің *гонор* (*honor*) сөзінің о бастағы мағынасы рыцарларға қатысты *ар, намыс* (честь) болса, орыс мәдениеті оны тым мәнерлі, екіұшты ұғым ретінде қабылдап, бұл сөз *менмендік, тәкаппарлық* деген мағынаға ие болды. Француз тілінен енген *сентименты* (сантименты), *сентиментальный* сөзі орыс тілінің *чувство, чувствительный* сөздеріне қарағанда келеңсіздеу мағынаға, сезімнің жағымсыз, жасанды екендігін білдіретін коннотацияға ие болды. Бұл айтылғандардан орыс халқының мінезіне жат тым әсерлеу, жалғандық, құр мақтану сезімдерін қабылдай алмайтындығын байқаймыз.

Орыс тіліне түркі тілінен енген *богатырь* сөзі Киев Русі кезінде мыңдаған жылдар бұрын енген. Бұл сөз күшті, батыр, күдіретті деген мағынада мықты бала, спортшыларға әлі де қолданылып келеді. Сөздің халық санасына сіңуі өздерінің *Бог* сөзімен және *монастырь*, *псалтырь* сөздерімен үндес келуінен де болуы мүмкін. (Лингв.)

Адамдар көне замандардың өзінде өздерінің жануарлармен ұқсас жақтарының бар екенін байқаған. Қажет жағдайда адамдардың мінез-құлқын, сыртқы түрін әсерлі, көркем бейнелегісі келсе, жан-жануарлардың атымен атаған. Дүниежүзі тілдеріндегі зооморфизмдер сол халықтың дүниені түсіну, қабылдау мәдениетінен ақпарат береді.

Мысалы, орыс халқы қоян деп қорқақ, жасқаншақ адамдарды атаса, американдықтар үшін өз ісін жылдам жасайтын адам, Африка халықтары үшін қоян - жылдамдықтың символы.

Орыс тілінде «баран» мен қазақша «қой» сөзінің түсініктері арасына теңдік қоя алмаймыз. Орыс халқы қойды қыңыр, жөнге жүрмейтін түлік деп түсінсе, қазақ үшін қой – жуас, момын, күн көрісінің мәні, тірлігінің тынысы деп бағалайды. Адамдарға қатысты да «қойдан жуас», «қой ауызынан шөп алмас» ұғымдары пайда болған.

Қасқыр зоомонимі – орыс халқында ашулы, арам ниетті, жан-жағына сезікті, жалғыз жүретін адамның бейнесі. Бұған қатысты сөз тіркестері қалыптасқан: злой как волк, живет как волк, смотрит волком, голодный как волк, т.б. Ал, қазақ халқында алғыр, ер жүрек, ештеңеден қаймықпайтын адамды қасқырға теңейді.

Сол сияқты орыс халқы да, қазақтар да амандық-саулық сұрасқанда салқынқандылық танытады.

- Как дела? - Ничего. - Жаман емес. - Шүкір.
- Как семья? - Ничего. - Жаман емес. - Шүкір.
- Как здоровье? - Ничего. - Жаман емес. - Шүкір.

Бұлайша жауап берудің түбінде халықтардың санасында сіңіп



қалған мифологиялық табуға айналған «көз тимесін» деген ой-  
лау жүйелері жатыр. Орыс тіліндегі *ничего* болымсыздық есімдігі  
өз мағынасынан ауытқып, мақұлдау, кекесін мағынасында да  
қолданылып тұр. Халықтың санасында кейіннен пайда болған  
бейнелер негізінде пайда болған сөздермен қатар халықтың  
«балаң» кезінде қалыптасқан түсініктер сөздік қордың негізін  
құрайды. Мысалы, орынсыз айтылған сөзді «жүрегіме қанжар  
сұққандай болды» дейміз. Орыс тілінде «Это меня поразило»,  
«Это меня ошеломило». Бұлар сонау жаугершілік заманнан  
қалған түсініктер. Халықтың санасында сақталып, біздің  
тіліміздің экспресті-эмоционалды бояуын қоюландыра түседі.  
Сөзде халықтың мыңдаған жылдар бойғы сақталған рухани  
қазынасы қарапайым адамның санасында бекіп, сол халықтың  
өзіне тән мінез-құлқын, философиясын, өмірлік қағидаларын  
айқындайды. «Қоғамдық сана мен жаңа бағыттағы зерттеулер  
денгейі контекстінде ұлттың болмысын дәлелдейтін күшті  
құрал – ұлттық тіл екенін сезіну зерттеу мәселесіне бұрынғыдан  
басқаша келу талабын қойып отыр: атап айтқанда, ұлттық  
тіл ерекшелігінің сырын, табиғатын сол тілде сөйлеуші ұлт  
өкілінің рухани, психологиялық, әлеуметтік, т.б. сипаттарымен  
біртұтастықта зерттеу» деп атап көрсетеді профессор  
Ж.А.Манкеева. Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйретуші  
оқытушылар тілді тек қарым-қатынас құралы немесе ойды  
құрастырушы құрал деп қана қарастырмай, әрбір сөздің мәнінен  
халықтың жанын, болмысын танытуға күш салуы керек.

Қай кезде де этномәдени білімнің көзі тұрақты сөз тіркестері,  
мақал-мәтелдер, ертегілер, өлеңдер – ауыз әдебиеті үлгілері  
екені түсінікті. Дәл осы үлгілерде халықтық таным, ұлттық  
ойлау жүйесі, мінез-құлқы сақталған.

Лингвомәдени түсінік бір сөзде де – дала, жусан, төр, малсақ,  
төзімді; сөз тіркестерінде де – туған жер, қазақ қонақжайлылығы,  
көңілдің кендігі, құтты қонақ қойдан жуас; мақал- мәтелдерде  
де – Алтау ала болса, ауыздағы кетеді; төртеу түгел болса,

төбедегі келеді. Бидайдың басын көтергені – дақылы жоқтығы, жігіттің басын көтергені – ақылы жоқтығы. Арым – жанымның садағасы... болмаса өлең жолдарында көрінеді. Мысалы, Қ.Мырзаәлидің мына өлеңінде қазақ халқының өмір сүру салты, философиясы дәл көрсетілген:

Бабамыздың шоқ басқан табанымен  
Бірдей екен жақсысы жаманымен.  
Бір жаманы –тынымсыз көше берген,  
Бір жақсысы –қимаған даланы кең.  
Тағу-тәтті көршілер шыр бұзбаған,  
Бірге тоңып суықта, бір мұздаған.  
Бір жаманы – сонда да үй салмаған,  
Бір жақсысы – абақты тұрғызбаған.

Қазақ халқында «туған жер» сөз тіркесіне ерекше мән беріледі. Байлық, тыныш өмір іздеп туып-өскен ортадан қол ұзу сирек кездесетін құбылыс болған. «Туған жерге туың тік» деп сол жерде ұрпақ өрбітіп, өсіп-өнген. Бұл да қазақ халқының өмір сүру салтына байланысты болса керек. Тіршілігінің көзі мал шаруашылығы болғандықтан жаз жайлау, қыс қыстауы үшін ұлтарактай жерін көзінің қарашығындай қорғаған.

Тіл мәселесінде де қазақтардың түсінігі өзгеше. Бұл алдымен тұрақты сөз тіркестерінде: сөйлеу, ойын жеткізу мүмкіндігін – *тілге жүйрік, тілге шешен, тілі ащы, тілі тәтті, тілі қысқа, тілі ұзын*; сөзден жаңылу, орынсыз сөйлеу – *тілінен таяқ жеу, тілден жазу, тілден сүріну, тіл қайтару, тіл тию, тілі күрмелу*; бос сөйлеу, сөзі мен ісі үйлеспеген жағдайда – *тілімен бидай құыру, тілімен орақ ору, тілі мен жағына сүйену, тілімен тындыру, тілінен жазу*; тіпті адамның о дүниеге аттанар сәтінде тілмен байланыстырады – *тілі күрмелу, тілі қимылдамау, тілі байлану*, т.б.

Тіл тек адамдардың қарым-қатынасын ғана жүзеге асырып қоймаған. Өмірлік жиған тәжірибелерін де ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жеткізіп отырған. Қазақтың дау-дамайы да билердің бір

ауыз сөзі арқылы шешілгені белгілі.

«Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп ұлыққа, атақ-лауазымды хан-патшаға да шындықты бетке айтқаны үшін жазаламайтын болған. Қазақ салтында адамның өзін қалай жазаласа да, айтарын айтқызбай тыйып тастау болмаған.

«Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап ісін ал» дейді Абай. Дұрыстап сөйлей алмайтын адамның ісінде де береке жоқ. Әдепті адамның тілі де жұмсақ, сөзі де жағымды, ойы да қисынды.

«Басқа пәле – тілден» деп әдептен аспай сөйлеуге, орынсыз біреуді ғайбаттамауға, әр сөзіңді ойланып айтуға тәрбиелену қажет. «Тәрбие басы – тіл» – бұл көне түркілер дәуірінен келе жатқан сөз. Махмуд Кашкаридың атақты сөздігінде кездеседі. Әр отбасында ана тілінен нәр алып, ана тілінде тәрбиеленбеген бала – өз ұлтының толыққанды өкілі бола алмайтыны дәлелденген жайт. «Бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе, өз ұлтына қызмет ете алмайды» деген қазақтың азаматы Жүсіпбек Аймауытов. Тіл – ақылдың өлшемі. Ақылды адам тауып сөйлейді, ақылсыз адам қауып сөйлейді.

Қазақ жұрты күні бүгінге дейін адамдарды сөзіне қарап бағалайды. Мақалдап-мәтелдеп, шешен сөйлей білетін ел басшыларын риза болып, ісіне де сондай шығар деп түйіндейді.

Әр түрлі тілдер тек дыбыстық, сөздік жағынан ғана бөлек емес, бұл – түрлі мәдениеттің көрінісі. Сондықтан әр сөздің мағынасын біліп қана қоймай, мәдени ұғымымен де сәйкестендіру керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әбдуали Қайдар. Қазақтар ана тілі әлемінде (Этнолингвистикалық сөздік) I том. Алматы, 2009.
2. М.А.Брагина, В.В.Дронов и др. Лингвокультурологические аспекты формирования языкового сознания иностранных студентов в процессе изучения русского языка. М., 2008.
3. Ж.А.Манкеева. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. А., 2008.

Зәуреш ӘБЕНҚЫЗЫ,  
Павлодар облысының  
Ертіс ауданындағы  
№1 жалпы орта білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі және әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## 9-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ЕМТИХАН БИЛЕТТЕРІ

(9-сынып)

### №1-билет.

1. «Қазақстан – егеменді ел» тақырыбы бойынша әңгімелеңіз.
2. «Киіз үй» тақырыбына диалог құрастырыңыз.
3. Фонетика. Дауысты дыбыстар классификациясы.

### №2-билет.

1. Араб жазуымен жазылған тұңғыш кітаптар тақырыбы бойынша әңгімелеңіз.
2. «Туыстық атаулар» бойынша диалог құрастырыңыз.
3. Хабарландыру жазу.

### №3-билет

1. «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» тақырыбы бойынша әңгімелеңіз.
2. Мұқағали Мақатаевтың бір өлеңін жатқа айтыңыз.
3. Жай сөйлемнің түрлері.

### №4-билет.

1. Ахмет Байтұрсынов туралы әңгімелеңіз.
2. Қазақстан облыстары мен қалалары туралы диалог құрастырыңыз.
3. Құттықтау жазу.

**№5-билет.**

1. Шәмші Қалдаяқов туралы әңгімелеңіз.
2. Жыл мезгілдері туралы диалог құрастырыңыз.
3. Синоним. Антоним. Омоним.

**№6-билет.**

1. Қазақ тіл білімінің негізін салушылар туралы әңгімелеңіз.
2. Ұлттық тағамдар туралы диалог құрастырыңыз.
3. Қаратпа сөз.

**№7-билет.**

1. Тарихи-мәдени ескерткіштер туралы әңгімелеңіз.
2. Салт-дәстүрлер туралы диалог құрастырыңыз.
3. Сөйлем. Сөйлем түрлері.

**№8-билет.**

1. «Қазақстан – 2030» тақырыбы бойынша әңгімелеңіз.
2. «Наурыз мерекесі» тақырыбы бойынша диалог құрастырыңыз.
3. Салалас құрмалас сөйлем.

**№9-билет.**

1. Қазақ билері туралы әңгімелеңіз.
2. Ұлттық ойындар туралы диалог құрастырыңыз.
3. Фонетикалық талдау.

**№10-билет.**

1. Кереку өңірінің белгілі адамдары туралы әңгімелеңіз.
2. «Қазақстан Республикасының мерекелері» тақырыбына диалог құрастырыңыз.
3. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.

**№11-билет.**

1. Мәдениет саласындағы өзгерістер туралы әңгімелеңіз.
2. Қазақ әншілері туралы диалог құрастырыңыз.
3. Септіктер, сұрақтары мен жалғаулары.

**№12-билет.**

1. Ежелгі қалалар туралы әңгімелеңіз.
2. «Ұлттық киім» тақырыбына диалог құрастырыңыз.

3. Буын түрлері.

**№13-билет.** 1. Сүгір Әлиұлы туралы әңгімелеңіз.

2. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері»

тақырыбына диалог құрастырыңыз.

3. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.

**№14-билет.** 1. Шешендік өнер туралы әңгімелеңіз.

2. «Ұлы ғалымдар» туралы диалог құрастырыңыз.

3. Сан есім. Сан есімнің түрлері.

**№15-билет.** 1. Астана туралы айтып беріңіз.

2. Бейтаныс мәтінмен жұмыс.

3. Есімше. Оның түрлері.

**№16-билет.** 1. Абай Құнанбайұлы туралы әңгімелеңіз.

2. Алфавиттер туралы диалог құрастырыңыз.

3. Одағай.

**№17-билет.** 1. Бейнелеу өнері туралы әңгімелеңіз.

2. «Қазақстан спортшылары» тақырыбына диалог құрастырыңыз.

3. Синтаксистік талдау.

**№18-билет.** 1. Наурыз мейрамы туралы әңгімелеңіз.

2. «Қазақстанның табиғаты» тақырыбы бойынша диалог құрастырыңыз.

3. Морфологиялық талдау.

**№19-билет.** 1. Ұлы Отан соғысына қатысқан қаһармандар туралы айтып беріңіз.

2. Қазақстан өнері туралы диалог құрастырыңыз.

3. Етістіктің болымсыз түрі.

**№20-билет.** 1. Шоқан Уәлиханов туралы әңгімелеңіз.

2. Бейтаныс мәтінмен жұмыс.

3. Етістіктің шақтары.

**№21-билет.** 1. Сүйінбай Аронұлы туралы айтып беріңіз.

2. «Кең байтақ туған өлкем» тақырыбы бойынша диалог құрастырыңыз.

3. Отан туралы мақал-мәтелдер айтып беріңіз.

**№22-билет.** 1. «Қазіргі заман музыкасы» тақырыбы бойынша әңгімелеңіз.

2. Жамбылдың бір өлеңін жатқа айтып беріңіз.

3. Есімдік. Есімдіктің түрлері.

**№23-билет.** 1. Қазақстанның мемлекеттік қорықтары тақырыбы бойынша әңгімелеңіз.

2. Бейтаныс мәтінмен жұмыс.

3. Түбірлес сөздерді теріп жаз.

**№24-билет.** 1. Павлодар облысы туралы әңгімелеп беріңіз.

2. «Қазақтың батырлары» тақырыбы бойынша диалог құрастырыңыз.

3. Сын есім. Сын есімнің түрлері.

**№25-билет.** 1. Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы әңгімелеңіз.

2. Бейтаныс мәтінмен жұмыс.

3. Тіл туралы мақал-мәтелдер айтып беріңіз.

**№26-билет.** 1. Белгілі күйші, композиторлар туралы әңгімелеңіз.

2. Ертіс ауданы туралы диалог құрастырыңыз.

3. Көсемше.

**№27-билет.** 1. Қазақтың тұңғыш ғарышкері туралы әңгімелеңіз.

2. «Менің отбасым» тақырыбы бойынша диалог құрастырыңыз.

3. Лексикалық талдау.

**№28-билет.** 1. Ыбырай Алтынсарин туралы әңгімелеңіз.

2. Досың туралы диалог құрастырыңыз.

3. Өмірбаян жазу.

**№29-билет.** 1. Қазақ отбасы туралы әңгімелеңіз.

2. «Біздің сынып» тақырыбы бойынша диалог құрастырыңыз.

3. Жалғаулар. Оның түрлері.

**№30-билет.** 1. Шәкен Айманов туралы әңгімелеңіз.

2. Ұлттық аспаптар тақырыбы бойынша диалог құрастырыңыз.

3. Мына сөздерді сөз құрамына қарай талдаңыз.

## ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫ

Берілген жаттығулар 8-сынып оқулығының «Синтаксис» бөліміне қосымша құрал ретінде жасалған. Кестелер, жаттығулар, тест сұрақтары жай сөйлем тақырыбын қамтыған. Жаттығулар оқушылардың белгілі тақырып материалын бекітіп, қайталап жаттығуына көмектесе, мұғалімдер үшін тексеру құралы бола алады.

Жай сөйлем (айтылу мақсатына қарай)

Хабарлы (повество- вательное)	Сұраулы (вопроси- тельное)	Бұйрықты (повели- тельное)	Лепті (восклица- тельное)
Хабарлау, баяндау, суреттеу мақсатында айтылатын сөйлем.  Сөйлем соңына нүкте қойылады.	Бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылатын сөйлем.  Сөйлем соңына сұрау белгісі (?) қойылады.	Бұйыру, тілек- өтініш ету мақсатында айтылатын сөйлем.  Сөйлем соңына нүкте немесе (көтеріңкі интонациямен айтылса) леп белгісі (!) қойылады.	Сөйлеушінің көңіл-күйін (куану, ренжу, өкіну, т.б) білдіру мақсатында айтылатын сөйлем. Сөйлем соңына нүкте немесе (көтеріңкі интонациямен айтылса) леп белгісі (!) қойылады.
Туған жерім гүлденіп келеді.	Геральдика дегеніміз не?	Табиғат тазалығын сақтандар!	Keң далам!

**Тапсырмалар.**



**№1. Берілген сөздерден жай сөйлем құрастырындар.**  
**Екінші сөйлемді сұраулы, төртінші сөйлемді лепті сөйлем етіп жазындар.**

1. Соңында, қарлы, жер, қыстың, астынан, өсіп шығады, бәйшешек.
2. Бәйшешектер, неліктен, өседі, қардың, астында.
3. Гүлдер, жақсы көреді, өте, күн сәулесін.
4. Тезірек, бәйшешек, екен, көрінсе.
5. Бармақшымыз, бәріміз, бәйшешек, тауға, теруге.

**№2. Төмендегі сөздерді оқып, мағынасын түсіндіріңдер.**  
**Олармен сөйлем құрастырындар.**

Таза-лас, баяу-жылдам, биік-аласа, ұсақ-ірі.

**№3. Айтылу мақсатына қарай сөйлем нешеге бөлінеді?**  
**Мысал келтіріңдер.**

**№4. Мына сөйлемдердің соңына тиісті тыныс белгілерін қойындар.**

1. Сенің туған жерің қай жер
2. Құрал – саймандарың тастамасын
3. Қазақстанның ұлан-байтақ даласында мол байлық бар
4. Па, шіркін, жер деп осыны айт.
5. Қап, қор болдық қой
6. Осының бәрінің түбі тегін емес

**№5. Мына сызбалар бойынша сөйлем құрастырындар.**

а) ... .. ?ә) ... .. ! б) ... ..

**№6. Сұраулы сөйлем жасаңдар.**

1. Менің үйім Алматыда.
2. Алматыда ықшамаудандар көп.
3. Медеу мұз айдыны Алматыға жақын.
4. Қаланың ортасында үлкен дүкен бар.
5. Дүкеннен алма, шие шырынын сатып алдым.
6. Кілегей дәмді екен.
7. Тауық еті өте дәмді.
8. Әжем балық қуырды.
9. Мен орама ет жасадым.
10. Мына кеспе тұзсыз.
11. Сенің үйің колледжден алыс.
12. Сен студентсің.
13. Мынау Әлияның кітабы.
14. Бүгін далада күн суық.
15. Колледжде оқу келесі аптада басталады.

**Сұрақ-тапсырмалар:**

*Сөйлем айтылу мақсатына қарай неше түрге бөлінеді? Хабарлы, сұраулы және бұйрықты сөйлемдердің интонациясына, жасалу жолдарына сипаттама беріңдер.*

*Лепті сөйлемнің басқа сөйлемдерден ерекшелігі неде? Лепті сөйлем нені білдіреді? Лепті сөйлемнің интонациясы мен жасалу жолдарына сипаттама беріңдер.*

**Тест:**

**1. Сөйлемнің неше түрі бар?**

- а) 5;    ә) 2;    б) 3;    в) 4.

**2. Сөйлем түрін тап: Қыс. Аппақ қар.**

- а) жайылма;    ә) атаулы;    б) жалаң;    в) толымды.

**3. Сөйлемнің түрін анықта. Тудың көгілдір түсі ненің белгісі?**

- а) толымсыз;    ә) хабарлы;    б) сұраулы;    в) жалаң.

**4. Сөйлемнің түрін анықта. Гүлдей бер, туған жерім!**

- а) толымсыз;    ә) лепті;    б) жалаң;    в) сұраулы.

**5. Сөйлемнің айтылуы мен интонациясына қарай бөлінуі:**

- а) жақты, жақсыз, бұйрықты;    ә) негізгі, туынды, сұраулы;  
б) жай, күрделі, лепті;    в) хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті.

**6. Хабарлы сөйлем:**

- а) Шіркін, Бурабай жері қандай сұлу!  
ә) Сен кеше жұмыста болдың ба?  
б) Ол қаладан әлі келген жоқ.  
в) Табиғатты аялайық.

**7. Лепті сөйлем:**

- а) Бүгін біз өсімдіктер туралы оқыдық.  
ә) Қалай, емтиханға дайынсың ба?  
б) Ертең жолдасым Алматыға барады.  
в) Өзеннің жағасы қандай ғажап!

**8. Лепті сөйлем соңында қойылатын тыныс белгі:**

- а) сұрақ белгі;    ә) нүкте;    б) леп белгісі;    в) үтір.

**9. Сұраулы сөйлем:**

- а) Жасасын, Қазақстан!    ә) Өзі керемет екен.

б) Табиғаты тамаша екен. в) Біздің туымызда не бейнеленген?

## 10. Сұраулы сөйлемнің жасалу жолдары:

а) жалғаулықтар; ә) сөздер, шылаулар;

б) сұраулық есімдік, шылаулар; в) сөз тіркестері.

### Құрамына қарай:

Жақты (личные)	Жақсыз (безличные)	Жалаң (нераспространенные)	Жайылма (распространенные)
Бастауышы бар сөйлем.	Бастауышы мүлде жоқ сөйлем.	Тек тұрлаулы мүшеден тұратын сөйлем.	Тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлем.
Өзгерістер көп.	Бұл жерде суға түсуге болмайды.	Жұмыс жүріп жатыр.	Уақыт факторы әрбір істе маңызды.

Толымды (полные)	Толымсыз (неполные)	Атаулы (номинативные)
Ойға қажетті мүшелердің бәрі қатысқан сөйлем.	Айтылуға тиісті мүшелердің бірі түсіп қалған сөйлем.	Іс-оқиғаның, құбылыстың атауын ғана көрсететін сөйлем.
Адам үшін ең қымбат нәрсе – уақыт.	Ол алтыннан да қымбат.	Аппақ қар.

### Тапсырмалар:

**№1.** Берілген сөз тіркестерін пайдалана отырып, өздерің тұратын ауыл туралы жай сөйлем құраңдар.

Орналасқан, қатты ұнайды, көрікті орындар, мәдени демалыс орындары, кеңес беремін, басқа ұлт өкілдері, ескерткіш орнатылған.

**№2.** Тұрлаулы мүшелермен қатар тұрлаусыз мүшелердің қатысуы арқылы жасалған жай сөйлемнің түрі не деп аталады? Мысал келтіріңдер.

**№3.** Төмендегі сөз тіркестерін пайдаланып, жайылма сөйлем құрастырыңдар.

Экономикалық аймақ, нарықтық экономика, жас тілшілер, жүлде алу, көрме ұйымдастыру, өнер көрсету.

**№4.** Жақша ішіндегі сөздерді қатыстыра отырып, жайылма сөйлем құрастырыңдар.

Қазақстан жері (пайдалы қазбалар, дәрілік өсімдіктер)

өте бай. (Алтай, Атырау) созылып жатқан кең-байтақ өлкенің табиғаты керемет. Онда (неше алуан, әр түрлі) өсімдіктер өседі. Өсімдіктерден пайдалы (тұнбалар, тосаптар) әзірленеді.

**№5. Жақша ішіндегі сөздердің қазақша баламасын жазыңдар, оларға синтаксистік талдау жасаңдар.**

1. Мен 8 Наурыз мерекесіне анама (роза) гүлдерін сыйлаймын.  
2. Менің қарындасыма (ромашка) ұнайды. 3. Біз (тюльпан) гүлің ұстаздарымызға зор құрметпен ұсындық. 4. Ақ (лилия) мен (сирень) гүлдерін бөлмеме әкеліп қойдым.

**№6. Сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдандар. Сөйлемнің түрлерін атаңдар.**

1. Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде мұражай орналасқан. 2. Ақын өмір шындығын айтқан. 3. Халық оны қадір тұтады. 4. Мен таңғалдым. 5. Ұйықтап қалыппын. Мені шақыртып алшы.

**№7. Берілген сөз тіркестерін қатыстырып, жақсыз сөйлем құрастырыңдар.**

Айту керек, көмектесу қажет, орындауға тиіс, қатысқаны жөн.

**№8. Ұлағатты сөздердің мағынасын түсініп алыңдар. Жай сөйлемнің қай түріне жататынын анықтаңдар.**

- Адамдардың қадірін біл.
- Өз құпиянды ішіңе сақта.
- Досыңды қиын – қыстау күнде сыйла.
- Дана әрі зерек досты тыңда.
- Киіміңді де, ажарыңды да таза ұста.
- Біреуді біреудің алдында ұялтпа.
- Жақсы іске жан аямай кіріс.
- Сөзді дәлелімен айт.
- Аз жегенді, аз сөйлегенді әдет қыл.
- Жаман әрі надан адамдардан қаш.

**№9. Төмендегі сөйлемдердің толымды, толымсыз түрлерін анықтаңдар.**

1. Балалар келді. 2. Балалар өзеннен кешке қарай келді. 3. Тез келді. Олар таудан үйлеріне тез келді. Марат жазды. Марат анасына

сағынышты хат жазды.

## **№10. Атаулы сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.**

Мен кенет оянып кеттім. Жым-жырт. Үйде ешкім қалмағанға ұқсайды. Тағы да ұйықтап қалыппын. Ұят болды. Тұру керек. Тез жиналдым.

## **№11. Жай сөйлемнің түрлерін анықтаңдар.**

Батыс Қазақстан – мұнай өндіру орталығы. Мұнда мұнай, газ, минерал, тыңайтқыштар өндіріледі. Батыс Қазақстан – бай өлке! Бұл, негізінен, балық аулау, балық өңдеу аймағы болып саналады. Мұнай – қара алтын. Осы өңірдегі байлықты игеру – біздің міндетіміз.

### **Сұрақ-тапсырмалар:**

*Жай сөйлем құрылысы және құрамына қарай неше түрге бөлінеді? Жақты сөйлем дегеніміз не? Жақты сөйлем қай мүшенің болуына негізделеді? Қандай сөйлемді жақсыз сөйлем дейміз? Мұның жақты сөйлемнен қандай ерекшелігі бар? Жақсыз сөйлемнің жасалу жолдарын көрсетіңдер.*

*Сөйлемнің жалаң және жайылма болып бөлінуі қай мүшеге (мүшелерге) байланысты?*

*Қандай сөйлемді толымды сөйлем дейміз? Оның негізгі ерекшелігін айтыңдар. Қандай сөйлемді толымсыз сөйлем дейміз? Толымсыз сөйлем қандай грамматикалық белгіге негізделген? Толымсыз сөйлем болудың жағдайларын атаңдар.*

*Атаулы сөйлем дегеніміз не? Оның жақты және жақсыз сөйлемдерден қандай айырмашылығы бар?*

### **Тест.**

#### **1. Жалаң сөйлем:**

- а) Бүгінгі мереке маған ұнады;
- ә) Мұғалім балаларды тізім бойынша тексерді;
- б) Мен мектепке жиналдым.
- в) Таң атты.

#### **2. Сөйлем мүшелері талданбайтын сөйлем түрі:**

- а) жайылма; ә) атаулы; б) жақты; в) жақсыз.

**3. Сөйлемнің түрі: Түн. Тыныштық.**

- а) жайылма; ә) жақты; б) атаулы; в) жалаң.

**4. Жақсыз сөйлем:**

- а) Ертең маған кел; ә) Сен фирманың бастығысың;  
б) Жақсы орынға тұрғым келеді; в) Біз серуенге шықтық.

**5. Жалаң сөйлем:**

- а) Мен отырмын;  
ә) Ауа райы жайында газеттерден оқуға болады;  
б) Ахмет Байтұрсынов айтқан төрт қағида бар;  
в) Нағыз үлкен журналист Мұхамеджан Сералин еді.

**6. Жайылма сөйлем:**

- а) Жастар мерекесі; ә) Ол оқып жүр;  
б) Мен мектепке тез жиналдым; в) Уақыт жоқ.

**7. Атаулы сөйлем:**

- а) Саған ертең мектепке бармауға тура келеді;  
ә) Біз нарықтық экономикаға бет бұрдық;  
б) Қыс. Сары аяз;  
в) Менің жақсы үйге, жақсы орынға жатқым келеді.

**8. Бастауышы түсіп қалған жақты сөйлем:**

- а) Кәсіпкерлер өз кәсібіне қаржыны өздері табады;  
ә) Жұмысшылар еңбек етті;  
б) Жұмысты жақсы орындайды;  
в) Олар мемлекетке салық төлейді.

**9. Толымсыз сөйлем:**

- а) Теледидар өнерге, мәдениетке, халыққа қызмет етеді;  
ә) Сен теледидар алдында ұзақ отырғаның үшін ата-анаңнан  
ескерту аласың;  
б) Ол бағдарлама қанша уақытқа созылуы керек?;  
в) Теледидарды көп қарайсың ба?

**10. Толымды сөйлем:**

- а) Қонақтар үйден шықты; ә) Өлеңді жатқа білу керек;  
б) Гүлдер өседі; в) Әнуарды мен көптен білемін.

## ТЕСТ САУАЛДАРЫ

(1-нұсқа)

**1. Қатаң дауыссыз дыбыстар қатарын табыңыз:**

а) б, п, в, ф; ә) к, т, с, р; б) л, й, м, н; в) ғ, ж, з, д; г) қ, ш, т, с.

**2. Қазақ тіліне тән дыбыстар қанша?**

а) 9; ә) 10; б) 8; в) 7; г) 11.

**3. Үндестік заңына бағынбайтын қай қосымша?**

а) -дар, -дер; ә) -мен, -бен; б) -тан, -тен;

в) -ға, -ге; г) -ны, -ні.

**4. Жұрнақ жалғанған сөзді табыңыз:**

а) жалауды; ә) дәстүрмен; б) қаражат; в) балалық; г) ұстаздың.

**5. Түбір сөзді табыңыз.**

а) ғалым, үстелді; ә) ғылым, білім;

б) ауыл, жазда; в) дос, дәрі; г) әнші, өзен.

**6. Көптік жалғаулы зат есімді табыңыз:**

а) бөлме таза; ә) көшелер кең;

б) дәрігер емдейді; в) бала отыр; г) күзгі салқын.

**7. Жалаң сөйлемді көрсетіңіз:**

а) Олар Астанаға ұшақпен кетті;

ә) Ол елге әйгілі адам болған;

б) Балалар ұйықтап кетті;

в) Елімізде көп ұлттың өкілдері тұрады;

г) Шоқан Қашқарияға саяхатты басқарды.

**8. Сөйлемнің түрін анықтаңыз.**

*Қоңырау соғылды, оқушылар үзіліске шықты.*

а) Лепті сөйлем; ә) Аралас құрмалас сөйлем;

б) Жай сөйлем; в) Сабақтас құрмалас сөйлем;

г) Салалас құрмалас сөйлем.

### 9. Қай сөз тәуелденіп тұр?

а) бөлем; ә) бөлмем; б) бөлінді; в) бөл; г) бөледі.

### 10. Реттік сан есімді табыңыз:

а) он бес; ә) төртінші; б) бес-бестен; в) жетеу; г) екі жарым.

### 11. Сілтеу есімдігін көрсетіңіз:

а) ол, бұл; ә) менің, сен; б) әлдеқашан, сол;

в) анау, мынау; г) өз, осы.

### 12. Сөйлемнің басында тұрған қаратпа сөзді табыңыз:

а) Асқар, бүгін күн жылы ма?;

ә) Сенің, атың кім?;

б) Шіркін, демалыс болса-ғой!;

в) Мысалы, оқулықтан көшір;

г) Мен оныншы сыныпта оқимын.

### 13. Дефис арқылы жазылатын шылауды көрсетіңіз.

а) бірақ; ә) ақ; б) ма; в) де; г) және.

### 14. Қай дыбыс буын құрайды?

а) т; ә) ғ; б) ә; в) л; г) ң.

### 15. Антоним сөздерді көрсетіңіз:

а) үш-төрт; ә) биік-аласа;

б) қара-қызыл; в) ұзын-кең; г) таза-кішкентай.

### 16. Сабақ нешеде басталады?

а) жетеу; ә) төрт; б) сегізде; в) он алтыда; г) үштен екі.

### 17. Құрмалас сөйлемнің түрлері нешеу?

а) 7; ә) 5; б) 2; в) 3; г) 4.

### 18. Дұрыс тасымалданған сөзді белгілеңіз:

а) тақи-я; ә) жұм-ыс; б) к-үз; в) ег-емен; г) жол-дас.

### 19. Қос сөзді анықтаңыз:

а) беті-қолы; ә) әдемі-ғой; б) қызылдау;

в) ақшыл; г) жаздыгүні.

### 20. Біріккен сөзді табыңыз.

а) облысымыз; ә) ауданда; б) қалалық;



в) Астана; г) Ақмола.

**21. Тұйық етістікті көрсетіңіз:**

а) көмектес; ә) шегеле; б) киіну; в) түсіндір; г) оқы.

**22. Шақыру одағайын табыңыз:**

а) ойбай; ә) шөре-шөре; б) әрең-әрең; в) балам; г) жылт-жылт.

**23. Негізгі сын есімді анықтаңыз.**

а) терең; ә) қышқылдау;  
б) сап-сары; в) үп-үлкен; г) жазғы.

**24. Тұрақты тіркесті табыңыз:**

а) Ас үй; ә) Төргі бөлме;  
б) Жинап алу; в) Екі аяқты бір етікке тығу;  
г) Өзен арасы.

**25. Дерексіз сөзді көрсетіңіз:**

а) қағаз; ә) қалам; б) кітап; в) қар; г) ауа.

**26. Көсемшенің жұрнағын анықтаңыз.**

а) -ған, -ген; ә) -ар, -ер; б) -қан, -кен;  
в) -ып, -іп, -п; г) -атын, -етін.

**27. Болымсыз етістікті белгілеңіз:**

а) барма; ә) әкел; б) жазды; в) оқып отыр; г) жүгіріп жүр.

**28. Еліктеуіш сөзді көрсетіңіз:**

а) гүрс-гүрс; ә) әрине; б) жоқ; в) рас; г) пай-пай.

**29. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді көрсетіңіз:**

а) «Ата-бабаларындай – атақты болсын!»  
ә) «Ата-бабаларындай атақты болсын!»  
б) –Ата-бабаларындай, атақты болсын!  
в) «Ата-бабаларындай: атақты болсын!»  
г) «Ата-бабаларындай атақты, болсын!»

**30. Авторға лайық төл сөзді табыңыз:**

а) «Әкем туралы айтты.» ә) «Кел, балалар, оқылық!»  
б) «Деп айтты Жиренше.» в) «Түркістан – ежелгі қала.»  
г) «Атақты ақын, жазушы.»

*(Жалғасы бар).*

Айм САРСЕНБАЕВА,  
Алматы облысының  
Қарасай ауданындағы  
«Үшқоңыр» ауылының  
«Бота» балабақшасының тәрбиешісі.

## «ӘКЕ МЕН БАЛА» ӘҢГІМЕСІ

**Тәрбиеші:** - Балалар, бұл әңгімені Ыбырай Алтынсарин аталарың жазған.

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің мақсаты:** тыңдай білу, әңгімелей білу іскерліктері мен дағдыларын дамыту. Әңгіме мен ертегіні ажырата білуге үйрету. Үлкендерді тыңдауға, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

**Сөздік жұмыс:** егіндік, таға, ұста. **Әдіс-тәсілдер:** көрнекілікпен жұмыс, оқу, әңгімелеу.

Әрекеттер кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғалыс.	Жылулық шеңбері: - Армысың, алтын Күн, Армысың, Жер-Ана, Армысың, достарым. Жылуыма жылу қос. Міне, менің қолым. Сапқа, қане, тұрайық. Апайлар мен қонақтармен амандасып алайық.	Балалар апайлар мен қонақтармен амандасып алады.
Ұйымдастыру, іздестіру.	«Әке мен бала» әңгімесін оқу, мазмұнын айту. - Балалар, әке мен бала әңгімесін кім әңгімелеп береді? Осы тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдерді кім айтады?	Еляра, Камила, Акерке жауап береді. Еляра: - Әке көрген оқ жонар, Шеше көрген тон пішер. Акерке: - Еңбектің наны тәтті, Жалқаудың жаны тәтті. Әдемі: - Әкеге қарап ұл өсер, Шешеге қарап қыз өсер. Әкене не қылсаң, Алдыңа сол келер.

	<p>- Жарайсындар, балалар, жақсы.</p> <p>- Балалар, әңгіме не жайында айтылған?</p> <p>Баланың істеген ісі дұрыс па? Баланың мінезі ұнады ма? Баланың әкесі дұрыс істеді ме? Жердегі шиені жеуге болады ма?</p>	Балалардың жауабы.
	<p>Сергіту сәті:</p> <p>- Екі көзің не үшін керек?</p> <p>- Екі қолың не үшін керек?</p> <p>- Құлақ не үшін керек?</p> <p>- Жүрек не үшін керек?</p> <p>- Тіл мен жағың не үшін керек?</p> <p>- Жақсы, орындарыңа отыра қойыңдар.</p> <p>- Балалар, «Сиқырлы дорба» атты ойын ойнаймыз.</p>	<p>- Жақсыларды көру үшін.</p> <p>- Елге көмек беру үшін.</p> <p>- Ақыл –кеңес тыңдау үшін.</p> <p>- Ештеңеден қаймықпау үшін.</p> <p>- Ақиқатты айту үшін.</p> <p>- Балалар «әке мен бала» әңгімесінен көрініс көрсетеді.</p>
	Тақырыбымызға байланысты кім тақпақ айтады?	<p>Әмина:</p> <p>- Әкешім арқа тірегім.</p> <p>Өзің деп слоғар жүрегім.</p> <p>Алысқы кетсең бізді ойлап, Сағыныштан жүдедің.</p>
		<p>Аружан: - Көтеріп мойыныңа мәпелеген, Атыңнан айналайын әке деген.</p> <p>Жаралып дүниеге келгеннен соң, Парызын перзент бар ма өтемеген?!</p>
		<p>Нұрбол:</p> <p>- Кім үлкенді сыйласа,</p> <p>Кім үлкенді тыңдаса,</p> <p>Сыйлы болмақ өзі де Үлкен болған кезінде.</p>
Сөздік жұмыс. Қорыту.	<p>-Жақсы, жарайсындар, балалар.</p> <p>- Балалар, егіндік деп арпа, бидай алқапты даланы айтады.</p> <p>Таға – аттың тұяғы желінбес үшін қадап қоятын темір.</p> <p>Ұста – темірден және бағалы металдардан бұйымдар жасайтын шебер адам.</p>	

## XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ

**Мақсаты:** оқушылардың білім деңгейін, шығармашылық ізденісін байқау. Қазақ тіліне қызығушылығын арттыру. Қазіргі заман талабына сай күнделікті теледидардан көрсетіп жүрген танымдық бағдарламасын негізге ала отырып, оқушыларды қоғамдағы жаңалықтан сырт қалмауға баулу.

Көрнекілік: интеллектуалды шоудың сұрақтары.

Ашылу сәті: - Құрметті мұғалімдер, оқушылар. Біздің интеллектуалды шоуымызға қош келдіңіздер!

- Ана тіліміздің құрметіне арналған «XXI ғасыр көшбасшысы» атты интеллектуалды шоуды бастаймыз.

- Бүгінгі сабақ - білім, өнер, шығармашылық ізденіс болмақ. Сайыс 8 кезеңнен тұрады.

1-кезең. «Қос тіл - қос қанатың» аударма ойыны.

Екі командадан 1 оқушыдан шығып, бірі орыс тілінде сөзді оқып береді, екіншісі аудармасын айтады.

Мысалы: Отан - Родина, отбасы - семья.

2-кезең. Жұмбақ шешу. «Жұмбақ шешу - ермегіміз жалықпас» ойыны. Оқушылар келген жұмбақтарын жасырады, жұмбақтың шешуін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазады.

3-кезең. Сұрақ-жауап: 1. Қазақтың тұңғыш педагог-жазушысы кім? 2. Қазақтың батыр қыздарын ата. 3. Қазақтың ұлттық аспабы. 4. Тәуелсіздік күнін ата. 5. Экологиялық апатқа ұшыраған теңіз. 6. Заттың атын білдіретін қай сөз табы? 7. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін ата. 8. Қазақтың атақты палуаны кім? 9. Қазақ тілінде қанша жалғау бар? 10. Тұңғыш қазақ ғарышкері кім? 11. Сөйлемнің

тұрлаулы мүшелерін ата. 12. Қазақстан Республикасының рәміздерін ата. 13. «Независимость» сөзін қазақ тіліне аудар. 14. «Счастлиное детство» тіркесін қазақшаға аудар. 15. Буынның қандай түрлері бар? 16. Қазақстан қай жылы тәуелсіздік алды? 17. «Воскресенье» сөзін қазақ тіліне аудар. 18. «Телезритель» сөзін қазақ тіліне аудар. 19. «Железная дорога» тіркесін қазақшаға аудар. 20. «Ласточка» сөзін қазақ тіліне аудар.

4-кезең. Берілген сөздермен әңгіме құрастыру.

1. Сынып, парта, такта, сабақ, қыркүйек, мұғалім, үзіліс, оқушы.  
2. Отан, аға-ана, Қазақстан, туған жер, ауыл, отбасы, табиғат, ауа.

5-кезең. Мақал - сөздің көркі. «Шешендік» ойыны. Бұл кезеңде мақал-мәтелдің бірінші жолын жүргізуші өзі айтады, соңын сайыскер толықтырады.

1. Оқусыз – білім жоқ, *Білімсіз – күнің жоқ.*

2. Өнер алды – *қызыл тіл.*

3. Еңбек – *адамның екінші анасы.*

4. Құссыз көл – жетім, *елсіз жер – жетім.*

5. Мектеп – кеме, *білім – теңіз*, т.б.

6-кезең. «Мықты болсаң жаңылдыр» жаңылтпаш сайыс ойыны.

Әр топ ойыншысы қарсыласының жаңылтпашын қателеспей, мүдірмей, тез айтып беруі керек.

1. Бір қыз кесте тікті,

Кестесін түсте тікті,

Кеште тікті.

2. Ұшқыш жақсы ма?

Үш құс жақсы ма?

Ұшқыш та жақсы,

Үш құс та жақсы.

7-кезең. Ұлттық ойындарды атау. 1. Алтыбақан. 2. Ақсүйек.

3. Асық. 4. Тоғызқұмалақ. 5. Арқан тарту. 6. Қыз қуу. 7. Бәйге.

8-кезең: Қазақ халқының ұлттық тағамдарын атау.

1. Бауырсақ. 2. Қазы-қарта. 3. Құрт. 4. Сүзбе. 5. Айран.

6. Қымыз. 7. Шұбат. 8. Наурыз көже. 9. Бесбармақ.

Зәуре АМАНЖОЛҚЫЗЫ,  
Солтүстік Қазақстан облысының  
Айыртау ауданындағы  
«Саумалкөл» №2 мектеп-  
гимназиясының мұғалімі.

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ АУДАРМАЛАРЫ

Көретін күнім – алдымда,  
Алдымда көрер таңым да.  
Алдампаз мынау тағдырға  
Бағынба, жүрек, бағынба!  
    Үміт бар алда, бар арман  
    Талпына берген таңдарға.  
    Болымсыз нұрға ағарған  
    Алданба, жүрек, алданба!  
Әміршім менің, алданба  
Мына бір бейқам күндерге.  
Алдағы таңды арманда  
Түндерге аттап кіргенде.

\*\*\*

*Дни мои еще впереди,  
Рассвет, меня ты тоже жди,  
Но обмануть себя, сердце, не дай,  
От судьбы всего ожидай.  
    Есть надежда и есть мечта,  
    До утра дожить стремись.  
    Главное, сердце, не ошибись,  
    Лучами пустыми не обманись.  
Мой повелитель, не обманись,  
Пустых ты дней берегись,*

*Когда в ночную ты вступишь тьму,  
Мечтай увидеть ты зарю.*

## ЖАСТЫҚ

Ойланшы, не берді жастық маған?  
Үйрет деп асау берді бастықпаған.  
Жастық маған от берді жалындат деп,  
Жастық маған оқ берді жауыңды ат деп.

Жастық мені жалтартпай шыңға айдады,  
Жастық менің жаныма жыр байлады.  
Жастық мені шыңдады, шынықтырды,  
Жастық, шіркін, өмірді шын ұқтырды.

Ризамын жастыққа, текке өтпеді,  
Әзір тұр гүл бағымды көктеткелі.  
Жастық маған ақыл-ой, сана берді,  
Амал не, жастық өзі қалады енді.

\*\*\*

*Что мне молодость дала,  
Обучил я скакуна,  
Мне огонь она дала, чтобы горел он и пылал.  
Пулю мне она дала, чтобы не было врага.*

*Молодость подняла меня  
И достиг я высоты.  
Песней вечной окрыляла,  
Жизнь понять, себя найти.*

*Благодарен ей сполна,  
Даром не прошла она.  
Осознал вот только я,  
В прошлом молодость моя.*

*(Жалғасы келесі санда).*

**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 22.05.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1920. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

**Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru**

**Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№5, 2012 ж., 144 бет, Алматы.